«Нархоз Университеті» КЕАҚ

ӘОЖ 33:314.114 (574) Қолжазба құқығында

**САГИДОЛДА НАГИМА**

# Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін көтерудің мемлекеттік саясаты

6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару

философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
PhD докторы Абенова К.А.
Шетелдік ғылыми кеңесші:
э.ғ.д., профессор Бобков В.Н.
(Ресей Федерациясы)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ


**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР** 3
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР** 4
**КІРІСПЕ** 5
**1 МЕМЛЕКЕТТІК ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ПЕН АЙМАҚТАРДЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ** 11
1.1 Мемлекеттік демографиялық саясатты зеттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері 11
1.2 Аймақтың демографиялық әлеуетінің құрылымы және оны анықтаудың тұжырымдамалық әдістері 21
1.3 Халықтың аумақтық орналасуының ерекшеліктері және Қазақстан аймақтарының демографиялық дамуын зерттеу 30
**2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ ӘЛЕУЕТІНЕ ӘСЕРІН ТАЛДАУ** 41
2.1 Қазақстандағы мемлекеттік демографиялық саясаттың ықпалының мониторингі 41
2.2 Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетінің қарқындылығы және кластерлік талдау 54
2.3 Қазақстанның депрессивті аймақтарының әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштерін талдау 70
2.4 Аймақтардағы демографиялық әлеуетке әсер етуші негізгі факторлардың құрылымдық моделі 85
**3 ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУДІ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ** 102
3.1 Елдің демографиялық депрессивті аймақтарында мемлекеттік реттеу механизмін іске асыруды жетілдіру 102
3.2 Депрессивті аймақтардың демографиялық жағдайын болжау 113
**ҚОРЫТЫНДЫ** 122
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** 128
**ҚОСЫМШАЛАР** 138

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесідей нормативтік құжаттар пайдаланылды:

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ Кодексі.

«Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы №63 Заңы.

«Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» ҚР 1999 жылғы 5 сәуірдегі №364-І Заңы.

«Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» ҚР Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ.

«Бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы төлеудің ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 25 ақпандағы №200 қаулысы.

«Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» ҚР 2003 жылғы 25 сәуірдегі №405 Заңы.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» ҚР 1995 жылғы 12 желтоқсанындағы №2676 Заңы.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР 2103 жылғы 21 маусымдағы №105-V Заңы.

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» ҚР 2001 жылғы 17 шілдедегі №246 Заңы.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
АҚШ – Америка Құрама Штаттары
ОЖХФ – Отбасын жоспарлаудың халықаралық федерациясы
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ТЖК – Туудың жиынтық коэффициенті
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
ДДҰ – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
UNICEF – United Nations International Children's Emergency Fund
ЖҚТБ – Жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісі
ҚР – Қазақстан Республикасы
СҚО – Солтүстік Қазақстан облысы
ОҚО – Оңтүстік Қазақстан облысы
БҚО – Батыс Қазақстан облысы
ШҚО – Шығыс Қазақстан облысы
АЕК – Айлық есептік көрсеткіш
КМ – Күнкөріс минимумы
ЖАО – Жергілікті атқарушы орган
ИКИ – Иинженерлі-коммуникациялық инфрақұрылым
ОАТ – Орташа айлық табыс
ЕДБ – Екінші деңгейлі банк
ТӨ(К) – Табиғи өсім/кему
МӨ(К) – Көші-қон өсімі/кему
ЖІӨ – Жалпы ішкі өнім
ҚТМ – Құрылымдық теңдеулерді модельдеу
ОС – Отбасы саясаты
АХС – Аймақтардағы халық саны
НТС – Некеге тұру сипаты
ББ – Балалы болу/бала туу
AVE – Average Variance Extracted
МӘСҚ – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры
БЖЗҚ – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

# КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** XXI ғасырдың басында көптеген дамыған мемлекеттер үшін демографиялық үдерістер өте өткір мәселелер туындатты. Демографиялық теңгерімсіздік проблемалары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050 "Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрініс тапқан [1]. Соңғы жылдары Қазақстанның кейбір аймақтарында біраз демографиялық проблемалар орын алды, оған, ең алдымен, бала туудың халықтың жай ұдайы өсіп-өну деңгейінен төмен түсіп кетуіне байланысты күрделі мәселелер жатады. Мұндай үрдіс бүкіл ел халқы санының табиғи қысқаруына, оның жастық-жыныстық құрылымындағы қолайсыз өзгерістерге әкеліп соқтырады. Мұндай демографиялық трансформациялар тұрақты қоғамдық-мемлекеттік дамуға кедергі келетін елеулі әлеуметтік-экономикалық және саяси салдарлардың кешеніне алып келеді.

Қазақстанның кейбір аймақтарында демографиялық дағдарыс туудың төмендеуінен ғана емес, сонымен қатар, халықтың аурушаңдығы мен өлім-жітімінің өсуінен, халықтың физикалық және психикалық денсаулығының нашарлауынан, оның дамуының адамгершілік және интеллектуалдық деңгейінің төмендеуінен, әлеуметтік-экономикалық тиімді аймақтарға көшіп кетуінен де көрініс тапты. Мұндай жағдай елдің жан-жақты дамуына қол жеткізуде және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мемлекеттің стратегиялық мүмкіндіктері әлеуетінің әлсіреуіне әкеліп соғады. Ал ұзақ мерзімді тарихи перспективада қазақстандық мемлекеттілікті сақтауға қауіп төндіреді. Мемлекеттің демографиялық дамуы саласында жүргізіп отырған саясаты әлеуметтік, саяси, экономикалық, құқықтық сипаттағы бірқатар мәселелерге тап болды.

Соңғы жылдардағы Қазақстанның демографиялық ахуалында қандай факторлар тиімді дәрежеде ықпал еткендігі және жүргізіліп жатқан мемлекеттік демографиялық саясаттың осы өзгерістеріндегі рөлі қандай деген сұрақтар туындайды. Сонымен қатар, демографиялық мәселелерді мемлекеттік деңгейде шешудің қажеттілігі мен тиімділігі туралы мәселе практикалық және ғылыми маңыздылыққа ие болады. Сондықтан қазіргі Қазақстандағы мемлекеттік демографиялық саясатты жетілдіру тиісті ғылыми-теориялық базаны және оның негізінде нәтижелі практикалық шараларды әзірлеудің қажеттілігі туындайды.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін, сондай-ақ, қазіргі Қазақстандағы мемлекеттік демографиялық саясатты ұғынудың ғылыми және практикалық маңыздылығын көрсетеді.

**Тақырыптың ғылыми зерттелу дәрежесі.** Демографиялық даму саласындағы мемлекеттік саясат мәселесін ертеден-ақ әртүрлі ғалымдар зерттеген болатын. Демографиялық саясаттың теориялық-әдіснамалық

мәселелерін зерттеген ғалымдарға Ф. Ноутстайн, Р. Лестег, Д. Ван де Каа, Т.Р. Мальтус, А. Ландри, Р. Оуэн, А. Безант, Ч. Ноултон, Ж. Бертильон, Э. Фильрозе, Ж. Буржуа-Пиша, Л. Херш, Дж. Стюарт, С. Шульц және т.б. жатады.

Диссертациялық жұмыстың теориясы мен тәжірибелік нәтижелеріне бірқатар ресейлік ғалымдардың еңбектері әсер еткен болатын. Олардың арасында В.А. Борисов, В.И. Якунин, В.Э. Багдасарян, С.С. Сулакшин, М.А. Клупт, А.И. Антонов, В.А. Борисов, В.Н. Архангельский, С.А. Сукнёва, В.М. Качалкин, В.Ф. Галецкий, В.М. Медков, И.И. Елисеева, Э.К. Васильева және т.б.атап өтуге болады.

Қазақстандағы мемлекеттік демографиялық саясат пен аймақтардағы демографиялық әлеует мәселелерінің осы проблематиканың едәуір аз дәрежеде зерттелгенін көрсетеді. Ғалымдардың басты назары ұлттық қауіпсіздіктің аймақтық аспектісіндегі демографиялық саясат мәселесіне, қазіргі Қазақстанда мемлекеттік демографиялық саясатты қалыптастыру мен оны іске асыру ерекшеліктеріне назар аударады, оны жетілдірудің стратегиялық басымдықтары отандық ғылымда әлі тиісті ғылыми зерттеу алған жоқ. Отандық ғылым саласында бұл мәселелерді түбегейлі зерттеу тәуелсіздікті алған уақыттан басталған. Осы саланы зерттеушілерге Р.У. Рахметова, К.А. Абенова, А.Н. Алексеенко, Т.Ж. Жумасултанов, Т.Н. Зозуля, М.Х. Асылбеков, В.В. Козина, М.Б. Татимов, М.Н. Сдыков т.б. жатады.

**Зерттеу мақсаты:** Қазақстан Республикасының демографиялық саясаты мен аймақтарындағы демографиялық әлеуетті зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыра отырып, мемлекеттің жүргізіп отырған саясатының ықпалын талдау арқылы елдің депрессивті аймақтарының демографиялық әлеуетін көтеруге арналған ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

**Қойылған мақсатқа қол жеткізу келесі міндеттерді шешуді білдіреді:**

-демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеудің және аймақтардың демографиялық әлеуетін арттырудың теориялық-әдіснамалық аспектілерін мен демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаты түсінігін нақтылау;

- қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы демографиялық дамудың аймақтық ерекшеліктері мен проблемаларын анықтау;

- әлеуметтік-экономикалық талдауды негізге ала отырып, Қазақстан аймақтарына кластерлік талдау жүргізу;

- аймақтардағы демографиялық әлеуетке әсер ететін негізгі факторлардың құрылымдық моделін қалыптастыру;

- Қазақстан аймақтарындағы мемлекеттік демографиялық саясатты жетілдірудің басым бағыттарын әзірлеу.

**Зерттеу объектісі** – Қазақстан Республикасының демографиялық депрессивті аймақтары болып табылады.

**Зерттеу пәні** – Қазақстан аймақтарындағы демографиялық әлеуетті арттыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру үрдісінде туындайтын әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жиынтығы болып табылады.

**Зерттеу жұмысының теориялық-әдістемелік базасы.** Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері аймақтардың демографиялық саясаты, экономиканы мемлекеттік реттеу, аймақтық экономика, әлеуметтік саясат, менеджмент, эконометрика және экономикалық статистика бойынша отандық және шетелдік мамандардың жарияланымдары Google Scholar және ProQuest іздеу жүйелері арқылы жинақталды. Сонымен қатар, әлеуметтік, саяси, экономикалық құбылыстарды танудың іс-әрекеттік, жүйелік, институционалдық әдістерінен тұрады. Зерттеуде құжаттарды, статистикалық және әлеуметтік-экономикалық мәліметтерді талдау, модельдеу, болжау әдістері қолданылған. Диссертациялық жұмыстың ақпараттық-эмпирикалық негізін ҚР Ұлттық статистика бюросының ресми деректері, мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының ресми деректері, конференция материалдары мен Қазақстан аймақтарының халқына жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері құрайды.

**Зерттеудің негізгі гипотезасы.** Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуеті өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен географиялық түрде орналасуы, этникалық құрамы және жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатқа байланысты.

**Зерттеудің әдіснамалық негізі.** Диссертациялық зерттеуде пәнаралық әдіснамалық құралдарды, ең алдымен, SmartPLS 3, R пакеті және Gretl эконометрикалық модельдеуге арналған қолданбалы бағдарламалық жасақтама көмегімен экономикалық, социологиялық, саяси және математикалық талдаулар қолданылды. Зерттеу жүргізу барысында Қазақстан аймақтарының халқына жүргізілген сауалнама нәтижесі қолданылған.

**Зерттеудің ақпараттық базасы.** Зерттеудің ақпараттық негіздеріне Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы, әлеуметтік сақтандыру қоры, жергілікті атқарушы органдардың ресми мәліметтері, Қазақстанның миграция, тұрғын үймен қамтамасыз ету, әлеуметтік төлемдер төлеу, әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру т.б. туралы есептер мен ресми сайттар мәліметтері және автордың жүргізген сауалнама нәтижелері жатады.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.**

- «демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаты» ұғымына нақтыланған авторлық анықтама ұсынылды;
- демографиялық дамудың аймақтық ерекшеліктері анықталды. Ол ерекшеліктер аймақтың этникалық құрамы, балаларға қажеттіліктің менталитетке байланысты ерекшеліктері, халықтың өмір сүру деңгейі, балалы отбасыларды қолдау бойынша жүргізіліп отырған мемлекеттік саясаттың тиімділігі және аймақтың әлеуметтік-экономикалық тартымдылығымен айқындалды;
- әрбір аймақ үшін тиімді мемлекеттік демографиялық саясатты қолдануға мүмкіндік беретін демографиялық жағдайы бойынша негізгі картаны ұсынатын Қазақстан аймақтарына кластерлі талдау жүргізіліп, оның әдістемесі әзірленді;

- Қазақстанның депрессивті аймақтарындағы демографиялық проблемаларды шешудегі мемлекеттің демографиялық саясаты әсерінің бағыттарын айқындаған қоғамның демографиялық дамуының объективті факторларының классификациясы нақтыланып, аймақтардағы демографиялық әлеуетке әсер ететін негізгі факторлардың құрылымдық моделін қалыптастырылды;

- Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін көтеру бойынша мемлекеттік реттеу тетігі ұсынылды, ол реттеу әдістері, құралдары, субъектілері және объектілерінен тұратын күрделі жүйе болып табылады, сонымен қатар, аймақтарда қазақстандық мемлекеттік демографиялық саясатты жетілдірудің басым бағыттары ұсынылды.

**Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдамалар:**

- «демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаты» ұғымына нақтыланған авторлық анықтама ұсынылып, оның экономикалық, әлеуметтік және саяси мазмұны ашылды;

- аймақтағы демографиялық әлеуетті қалыптастыратын (жеке этностар, олардың жалпы халық санындағы үлесі, туу коэффициенті, тұрғындардың балаға деген қажеттілік мінез-құлқы, отбасыларды қолдауға арналған мемлекеттік саясаты, халықтың өмір сүру деңгейі, әлеуметтік-экономикалық тартымдылық) факторлардың жиынтығы құрылды. Аймақтардағы демографиялық параметрлер (туу, өлім-жітім, халықтың қартаюы, ішкі-көші қон), халық санының жас-жыныстық құрылымы және ұдайы өсіп-өну факторлары негізгі бағалау көрсеткіштері ретінде айқындалды;

- R бағдарламасы арқылы Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетіне кластерлік талдау жасау нәтижесінде демографиялық тұрғыдан «өте жоғары», «салыстырмалы түрде жоғары», «орташа» және «депрессивті» аймақтар анықталды;

- Қазақстанның депрессивті аймақтарының әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштеріне талдау нәтижесінде демографиялық әлеуетке әсер ететін негізгі факторлардың құрылымдық моделі Smart PLS бағдарламасының көмегімен әзірленді;

- елдің депрессивті аймақтарындағы демографиялық мәселені мемлекеттік реттеу тетігі әзірленіп, арнайы мемлекеттік Агенттік құру ұсынылды, GRETL бағдарламасын қолдану арқылы депрессивті аймақтардың демографиялық дамуының 5 жылдық болжамы жасалынды.

Мұндай жұмыстың нәтижесі мәселеге жүйелі түрде жауап беру және мемлекеттің басты ресурсы, жоғары құндылығы ретіндегі халық санының сақталуын қамтамасыз ететін стратегиялық, кешенді мемлекеттік демографиялық саясатты қалыптастыруды көздейді.

**Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы** «демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаты» ұғымының мазмұнын ашу, елдегі демографиялық дамудың объективті факторларын нақтылау және аймақтардағы факторлардың рөлін анықтау, мемлекеттің демографиялық әлеуеттін көтерудің кешенді саясатын тұжырымдаудан тұрады. Диссертациялық жұмыстың

тұжырымдамалары мен қорытындылары демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаттын қалыптастыру және оны іске асыру, аймақтардағы демографиялық проблематиканы талдаудың әдіснамалық құралдарын кеңейту, қазіргі ғылымның категориялық аппаратын жетілдіру мәселелерін келесі теориялық зерттеулерде қолдануға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің негізгі нәтижелерінің тәжірибелік маңыздылығы** зерттеудің алынған нәтижелері, тұжырымдары, ұсыныстары мен эмпирикалық материалдары Қазақстан Республикасында демографиялық және отбасылық саясатты, жастар саясатын және әлеуметтік қорғауды жүзеге асырумен айналысатын мемлекеттік билік және басқару органдарының практикалық қызметінде пайдаланылуы мүмкін екендігінде.

Атап айтқанда, Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін көтеру бойынша ұсынылған мемлекеттік реттеу тетігі барлық аймақтар бойынша халық санын тиімді теңгеруге, ал бұл, өз кезегінде, бүкіл ел бойынша халық санының оң серпініне мүмкіндік береді.

Сондай-ақ диссертациялық зерттеудің нәтижелері «Мәңгілік ел жастары–индустрияға!» - «Серпін-2050» әлеуметтік жобасын тиімді жүзеге асырудағы өзекті мәселелерді шешуге ықпал ете алады.

Демографиялық жағдайлары бойынша ұсынылған негізгі карта және автор анықтаған демографиялық дамудың аймақтық ерекшеліктері, Қазақстан аймақтарын кластерлеу нәтижелері, яғни, бірінші кезекте, аймақтың этникалық құрамы, балаларға қажеттіліктің ментальдық ерекшеліктері, халықтың өмір сүру деңгейі, балалы отбасыларды қолдау бойынша жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың тиімділігі және аймақтың әлеуметтік-экономикалық тартымдылығымен айқындалады. Бұл нәтижелер «Оңтүстіктен солтүстікке көшу» Мемлекеттік бағдарламасын тиімді іске асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанның депрессивті аймақтарындағы демографиялық проблемаларды шешуде мемлекеттің демографиялық саясаты әсерінің бағыттарын айқындаған қоғамның демографиялық дамуының объективті факторларының автор ұсынған жіктемесі Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылуы мүмкін.

Диссертациядағы материалдар жоғары оқу орындарындағы мемлекеттік және жергілікті басқару, экономика және менеджмент мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік құралдарды дайындауда, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлерге қосымша кәсіптік білім беру жүйесінде пайдаланылуы мүмкін.

**Нәтижелердің сенімділігі мен дұрыстығы.** Диссертациялық жұмыста әдебиетке шолу барысында демографиялық даму және демографиялық саясат мәселелері бойынша шетелдік және отандық зерттеушілердің ғылыми теориялары мен тұжырымдамалық әзірлемелері сыни түрде талданды. Бұларға бірінші және екінші демографиялық өткел теориялары (Ф. Ноутстайн, Р. Лестег, Д. Ван де Каа), институционалдық тәсілді әзірлеу (М.А. Клупт), демографиялық вариативтілік теориясы (В.Э. Багдасарян, С.С. Сулакшин), пронатализм саясаты бойынша тұжырымдамалық әзірлемелер (А.И. Антонов,

В.А. Борисов, В.Н. Архангельский) жатады. Сонымен қатар, нәтижелердің сенімділігі мен дұрыстығы қолданылған әдіснама мен эмпирикалық зерттеулердің дұрыс таңдалуы, статистикалық деректерді талдау тәртібінің сақталуы және сауалнама жүргізудегі респонденттерді іріктеу репрезентативтілігімен байланысты болып отыр.

**Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелерінің апробациясы.** Диссертациялық зерттеудің тұжырымдамалары мен нәтижелері автордың халықаралық ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларда, конгрестер мен форумдарда, атап айтқанда, Нархоз университеті «Құқық және мемлекеттік басқару» мектебінің «Егеменді мемлекет дамуының саяси-құқықтық, халықаралық және әлеуметтік-экономикалық аспектілері: проблемалары мен басымдықтары» атты ғылыми-практикалық конференциясында, (Алматы қ. 2017ж.); Нархоз университеті ұйымдастырған «Орталық Азияның тұрақты дамуы: зерттеудің жаңа перспективалары мен бағыттары» тақырыбындағы ғылыми конференцияда (Алматы қ., 11 сәуір 2017ж.); Нархоз университеті «Құқық және мемлекеттік басқару» мектебінің «Қазақстан-2050 Стратегиясын» жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және құқықтық дамуындағы жаңа міндеттері негіздерін кеңейту курсы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда (Алматы қ. 2017ж.); «Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету жағдайында мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық қызметінің және халықаралық қатынастардың тиімділігін арттыру», атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда (Алматы қ., 2019ж.); «Modern European science-2018» атты халықаралық ғылыми - практикалық конференцияда (England маусым-шілде 2018ж.); «Статистика, есеп және аудит» атты ғылыми-практикалық журналында, №2 (69) (Алматы қ. 2018ж.); «Central Asian Economic Review» (Алматы қ.,. қазан 2018ж); атты ғылыми-практикалық журналда; Scopus халықаралық деректер базасында индекстелетін «Journal of Environmental Management and Tourism» атты ғылыми журналдың X бөлімінде (Romania , Fall 2019 y.) жарияланған.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері автордың ғылыми мақалаларында көрініс тапты. Диссертация тақырыбы бойынша 9 ғылыми мақала жарияланды, оның ішінде, 3-уі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комтетінде рецензияланатын ғылыми басылымдарында және 1-уі (Scopus) халықаралық деректер базасында және ғылыми қоғамдастық таныған шетелдік тақырыптық деректер базасында индекстелетін ғылыми журналда жарияланған болатын.

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі** зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес анықталған. Диссертация кіріспе, үш негізгі тарау, тоғыз параграф, қорытынды, библиографиялық тізім және қосымшалардан тұрады.

# 1 МЕМЛЕКЕТТІК ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ПЕН АЙМАҚТАРДЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Мемлекеттік демографиялық саясатты зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері

Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу - бұл мемлекеттік органдардың халықтың ұдайы өсіп-өнуін реттеу саласындағы мақсатты қызметі. Ол халық саны мен құрылымының даму қарқындылығының үдерістерін сақтауға немесе өзгертуге арналған. Мемлекеттік реттеу жүйесінде халық санын реттеу маңызды рөл атқарады. Бұл кеңейтілген халықтың ұдайы өсіп-өнуінің жалпы үдерісінде демографиялық ұдайы өсіп-өнудің маңыздылығынан туындайды.

Демографиялық жағдай мен халықтың өсу қарқынына қарамастан мемлекеттің демографиялық үдерістерді реттеу қажеттілігін әлемнің барлық елдері мойындайды. Оның мақсаты – белгілі бір уақыт кезеңіндегі демографиялық тенденцияларды өзгерту немесе қолдау болып табылады. Демография ғылыми сала ретінде 3 ғасырдан артық уақыт бойы қолданыста болып, дамып келе жатыр. Халық (халық саны) – демографияның негізгі түсінігі, яғни ол нақты тарихи қалыптаса отырып, қоғамның негізгі материалдық құрамдас бөлігі болып табылады [2].

Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеудің маңызды құрамдас бөлігі – бұл, денсаулық жағдайы, өлім-жітім, халықтың көші-қоны үрдісі мен қоныстануы саласындағы іс-шаралар жиынтығы. Бұл іс-шаралар тікелей (денсаулық сақтау саласындағы реформалар, мигранттарға азаматтық беру тәртібін реттеу және т.б.) немесе жанама түрде әсер етеді. Жанама түрде әсер ету тұлға айналасындағы жағдайларды өзгертуі арқылы оның құндылық бағдарлары, көзқарастары және тұтастай мінез-құлқының өзгеруіне алып келеді.

Арнайы әдебиеттерде демографиялық үдерістерді реттеу әдістерінің үш тобы жиі кездеседі [3–6]. Оларға:

1) әкімшілік-құқықтық;
2) экономикалық;
3) ақпараттық-насихаттық жатады.

Халық санының қысқаруы жағдайында – алғашқы екі әдіс отбасы институтын нығайту және 3-4 бала тууға бағдарланған репродуктивті мінез-құлықты қалыптастыру арқылы тууды арттыруға бағытталған ынталандыру түрінде болуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл әдіске денсаулық сақтау жүйесін жақсарту, салауатты өмір салтын насихаттау есебінен өлім-жітімді азайту, экономикалық және геосаяси мүдделерге сәйкес салалар мен аймақтарда халық санының табиғи кемуін алмастыру үшін көшіп-қонушыларды тарту және т. б. жатады. Үшінші әдістің басты мақсаты – елдің ұлттық мүдделерін көрсететін демографиялық үдерістерді реттеу қажеттілігі туралы қоғамдық пікір дайындау. Бұған бұқаралық ақпарат құралдарын - баспасөз, радио, теледидар,

әлеуметтік желілерді қоғамдық пікір, демографиялық мінез-құлық нормалары мен стандарттары, қоғамдағы белгілі бір демографиялық климатқа әсер ету арқылы қол жеткізуге болады. Егер ақпараттық-насихаттау шараларын экономикалық және әкімшілік-құқықтық шаралармен бірге шебер үйлестірген жағдайда мемлекеттік реттеудің тиімділігі арта түседі. Бірақ, әдетте, реттеу әдістері мінез-құлыққа шектеулі уақыт ішінде ғана әсер етеді. Одан кейін халық оларға бейімделе бастайды.

Шетелдік демографиялық саясатты қалыптастыру тәжірибелері олардың әдістерін практикада қолданудың және белгілі бір нәтижелерге қол жеткізудің орындылығын көрсетеді. Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу тәсілдері жалпы әлемдік тенденциялар мен елдің даму ерекшеліктерінің әсеріне байланысты өзгеріп отырады.

Демографиялық дағдарысты бастан кешіретін дамыған елдердегі халықтың ұдайы өсіп-өнуі үдерістерін мемлекеттік реттеу гендерлік теңдік, икемді еңбек нарығына қол жеткізу, жұмыс пен отбасын біріктіру үшін жағдай жасау және әлеуметтік қамсыздандырудың жоғары деңгейі арқылы жүзеге асырылады

Қазіргі демографиялық дағдарыс халық санының табиғи қысқаруының, оның жыныстық-жас құрылымының жағымсыз жаққа өзгеруінің күрделі, теңдесі жоқ проблемасын білдіреді. Бұл проблеманың салдары, жалпы алғанда, қайнар көзі адами әлеует болып табылатын мемлекеттің экономикалық, геосаяси, әскери және басқа да мүмкіндіктерін төмендетуде көрінеді.

Аймақтарды табысты игерудің және қоғамның тұрақты әлеуметтік-саяси және экономикалық дамуының негізгі шарттарының бірі болып табылатыны халық санын тұрақты түрде сақтау кез келген мемлекеттің мақсаты болып табылады [7].

Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу елдің ұстанатын демографиялық саясатына байланысты. Демография саласындағы саясат мәселелері бойынша ғылыми әдебиетті талдау «мемлекеттік демографиялық саясат» ұғымының мазмұнына әр түрлі көзқарастың болуын көрсетеді [8]. Қазіргі уақытта ғылымда «мемлекеттік демографиялық саясат» ұғымының жалпыға танылған, қалыптасқан анықтамасы жоқ. Ұғымды нақты анықтамай демографиялық саясаттың бағыттарын, іс-қимыл саласын және басқа да аспектілерін нақтылау кезінде қиындықтар туындауы мүмкін. Сондықтан ғылыми зерттеуде қазіргі әлемдегі осы саясаттың тәжірибесін және зерттеушілердің тұжырымдамалық тәсілдеріне сүйене отырып, «мемлекеттік демографиялық саясат» ұғымының мазмұнын нақты анықтау маңызды.

Демография саласындағы ғылыми зерттеулерде қазіргі әлемдегі демографиялық өзгерістердің себептерін түсіндіретін бірнеше базалық теориялар мен тұжырымдамалар бар. Демографиялық теориялар шеңберінде демографиялық саясат проблемаларын түсінудің белгілі бір тәсілдері де қалыптасады.

Демография және демографиялық саясат саласындағы кейбір тұжырымдамалық тәсілдер мен теорияларды қарау тарихи ретпен жүзеге

асырылады. Бұл бізге ғылыми тәсілдердің эволюциясын, демографиялық өзгерістер кезеңдерін қадағалауға, сол арқылы зерттеу проблемасының мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді.

XIX ғасырдың басында қалыптасқан алғашқы дербес демографиялық теория британдық экономист Т.Р.Мальтустың [9] (1766-1834) атымен байланысты «мальтузиандық теория» ретінде белгілі. Осы теорияны құру кезінде Мальтус ағылшындық М.Хейл және итальяндық Дж.Ортестің геометриялық прогрессиядағы халық санының өсуі туралы қағидатты негізге алған болатын. Мальтус осыған сәйкес халық саны геометриялық прогрессияда өскенде, өмір сүру құралдары арифметикалық тұрғыдан ұлғаяды деген «заңдылықты» (тарихи тұрғыда расталмаған) шығарады. Одан әргі пікірлер мен қорытындыларды қалыптастырған оның теориясының негізгі идеясы халық санының шектен тыс көбеюі, адамзаттың одан әрі өмір сүруі үшін проблемалар туғызады. Т.Мальтус адамдардың өмір сүру ресурстары мен құралдарының шектелуі екені туралы фактілерге сілтеме жасай отырып, халық санының тұрақты өсуі адамзат үшін қауіп төндіреді деген пікір айтқан. Оның пікірінше, халық санының шектен тыс көбеюі, сайып келгенде, адамзат өмірін қолдау үшін қажетті құралдардың сарқылуына алып келеді. Сондықтан, теорияның болжамдық компоненті бойынша мұндай жағдай орын алса, өмір сүру құралдары үшін күрес барысында адамдар арасында жойқын қақтығыстар орын алады.

Мұндай көзқарас XVIII-XIX ғ. халықтың кедей топтарына қатысты Англияның әлеуметтік саясаты мәселелері бойынша пікірталастарда автор мен оның жақтастары үшін қуатты дәлел болды. Бірақ Мальтус демография мәселелерін экономика мен саясатпен өзара байланыста қарастыра отырып, демографиялық үдерістерді пәнаралық деңгейде зерттеу негізін қалап отыр.

Сол заманда да, қазіргі уақытта да Мальтус теориясының жақтастары аз емес. Бұл теорияның дамуының екі негізгі кезеңі байқалады: классикалық мальтузиандық және неомальтузиандық.

Классикалық мальтузиандықтың негізгі ережесі ретінде адамдардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету құралдарын арттыру бойынша «күш-жігер босқа жұмсалады» деген тұжырым болып табылады. Өйткені бұл тек тұтынушылар санын арттырады. Бұл пайымдауда халық санының өсуі өмір сүру құралдарының ұлғаюымен тікелей байланысты. Демографиялық саясат тежеу құралы ретінде қарастырылады. Сондықтан, Мальтустың пайымдауынша, ол халық санының шамадан тыс көбейіп кетуінің алдын алу үшін, халықтың некеге тұруы мен бала тууын шектеуге бағытталуы тиіс.

Неомальтузиандық теориясының жақтастары (Р. Оуэн, А. Безант, Ч. Ноултон және т.б.) Мальтус теориясын саясиландырды. Олардың тұжырымдарына сәйкес, дамушы елдердің халық санының бақылаусыз өсуі көптеген қауіпті саяси қақтығыстарды туындатады және жердің азық-түлік, табиғи ресурстарын сарқытады [10].

Әлемде туу деңгейін төмендету жөніндегі шараларды іске асырудың басталуы 1921 жылы АҚШ-тағы «Бала тууды бақылау лигасының»

құрылуымен байланысты. Ал ол 1952 жылы «Отбасын жоспарлаудың халықаралық федерациясы» (ОЖХФ) болып өзгертілген. ОЖХФ жанында өзінің қызметін үш негізгі бағанаға (контрацепция, аборт, стерилизацияға) негізіндеген неомальтузиандық демографиялық түзету доктринасы қалыптасқан. Қазақстанда олардың қызметі КСРО ыдырағаннан кейін 1992 жылдан бастап белсенді дами бастады.

Осылайша, қазіргі мальтузиандықтың тууды төмендетуге бағытталған кең ауқымды бағдарламаларды жүргізуде көрініс тапқан тәжірибелік негізі бар.

Мальтузиандық К.Маркс тарапынан қатаң сынға ұшыраған болатын. Мысалы, К.Маркс (1818-1883) тарихи даму заңдылықтарын ескерместен, халық санының өсуі таза биологиялық себептермен түсіндірілетін теориялар ғылыми тұрғыдан қате болып келеді деген тұжырымда болған. Осылайша, К.Маркс халық саны проблемасын зерттеудегі Мальтустың қателігі тарихи ерекшеліктерді ескермеу, сондай-ақ, нақты тарихи үдерісті идеалистік, тар мағынада түсіндіргенін көрсетті.

К.Маркс халықтың ұдайы өсіп-өнуі тәртібіндегі өзгерістерді қоғамдық құрылымдағы іргелі қозғалыстармен байланыстырды: «...өндірістің кез келген тарихи ерекше тәсіліне өзінің ерекше, тарихи сипаты бар халық саны заңдары тән» [11].

Алайда, Маркстің пайымдауымша, өндіріс тәсілі халық санының өсуінің жалғыз себебі емес. Халық санының өсуі мен құрылымына, оның кәсіби, жас ерекшеліктеріне көптеген ұлттық дәстүрлер, нақты халықтар мәдениетінің ерекшеліктері, әртүрлі тарихи оқиғалар, революциялар, соғыстар және т.б. әсер етеді. Маркстің бұл пікірінде демографиялық даму мәселелеріне жүйелі көзқарас байқалады.

Демографиялық үдерістерді зерттеуші француз ғалымы Ж.Бертильон (1851-1922) Мальтустың теориясын «масқара» деп санады. Ол өз тарапынан Франциядағы туудың ұлғаюына заңнамалық шаралармен ықпал етуді ұсынды [12]. Оның көптеген жобаларының мәні бала тууға ынталандыру, некеге тұру және т.б. іс-шараларын іске асыруды қолдау болды.

Тұтастай алғанда, XX ғасырдың соңында депопуляция үрдісі көптеген Еуропа елдері мен ТМД-ны қамтып, демографиялық даму тарихындағы жаңа белеске айналды. Бұл құбылыстың себептерін түсіндіруге демографиялық өткел теориясы белгілі бір үлес қосады. «Демографиялық өткел» терминін ғылыми айналымға 1945 жылы американдық демограф Ф.Ноутстайн (1902-1983) енгізген болатын. Бірақ демографиялық өткелдің тұжырымдамалық негіздерін 1909-1934 жылдары француз демографы А.Ландри (1874-1951) «Демографиялық революция» терминін қолдана отырып әзірлеген болатын. А.Ландри халық санын зерттеу барысында некеге тұру және балалы болуға қатысты шешім қабылдау аясында индивидтің мінез-құлқын оңтайландыру факторларына ерекше мән бергендердің алғашқысы болды [13].

*Демографиялық өткел теориясына сәйкес туу мен өлім-жітім көрсеткіштерін төмендетуші факторларға халықтың білімділік деңгейінің өсуі, қоғамда неғұрлым жоғары кәсіби стандарттарды белгілеу, еңбек*

*саласының кеңеюі және әйелдерді кәсіби еңбек қызметі үдерісіне жаппай тарту (эмансипация) жатады.* Демографиялық өткел теориясына сәйкес, бұл жағдайда, отбасында бала санының көп болуы экономикалық тұрғыда тиімсіз болып келеді. Дәстүрлі аграрлық қоғамда балалар үй шаруашылығындағы қосымша жұмыс күші ретінде қаралған. Олардың туылуы экономикалық мағынаға ие болған болатын. Ал урбанизация мен индустриялық түрдегі еңбек экономикалық ынтаны әлсіретіп, мінез-құлықтың осы түріне өзгеріс алып келеді. Білім және мансап индустриялық қоғамның өмір сүру ерекшеліктерін анықтайтын жағдайлардың бірі ретінде күш-жігерді тұрақты түрде жұмсауды талап етеді. Бұл балалардың дүниеге келуі мен тәрбиелеуге кедергі жасайды. Индустриялық жағдайларда балаларды тәрбиелеу олардың ары қарай өз бетімен өмір сүруі, жеке өмірін бастауы үшін әлдеқайда көп уақыт пен қаражатты талап етеді. Демографиялық өткел теориясына сәйкес, туу көрсеткішінің төмендеуінің тағы бір факторы ретінде әлеуметтік мемлекет жүйесінің дамуы жатады. Яғни, ата-анасына келесі ұрпақ тарапынан қамқорлық жасау қажеттілігін төмендетіп, барлық жағынан қамтамасыз етілген карттыққа кепілдік беретін зейнетақылық сақтандыру жүйесі болып табылады.

Демографиялық өткел теориясы аясында халықтың ұдайы өсіп-өну тәртібіндегі өзгерістер дағдарыстық құбылыстар ретінде қарастырылмайды. Керісінше, табиғи өркениеттік үдеріс ретінде ұсынылады. Оның қозғаушы күші өмір сүру сапасының артуы мен урбанизацияға алып келетін әлеуметтік-экономикалық жаңғыру болады. Осы құбылыстардан туындағаны халықтың білім деңгейінің артуы мен еңбек саласының кеңейтуі болып табылады. Осының барлығы халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуіне және бала туудың төмендеуіне себепші болады.

Алайда, туу көрсеткішінің төмендеу үдерісін кері қайтару қажеттілігі депопуляцияның теріс салдары мен дамыған елдердің тұрғылықты халқының кемуі салдарынан туындайтын қауіп-қатерлерге алып келеді.

Демографиялық өткел бірнеше кезеңнен өтетінін ескеріп отырған жөн. Оның нәтижесінде қарапайым халықтың ұдайы өсіп-өнуі тәртібіне көшу нәтижесінде халық саны азаяды немесе тұрақтанды. Айта кету керек, «халықтың қарапайым өсімін қамтамасыз ету үшін (ұрпақтарды алмастыру) туудың жиынтық коэффициенті (ТЖК бір әйелдің гипотетикалық буындағы бүкіл өмір сүру барысында туудың орташа санын сипаттайды) бала туу жасындағы бір әйелге шаққанда кемінде 2,15 баланы құрауы тиіс» [14]. Сондықтан қажетті коэффициентке қол жеткізе алмаған жағдайда, өлім-жітім көрсеткіші төмен болғанымен де, ел халқы қысқартылып отыратын болады (бұл жағдайда көші-қон өсімі ескерілмейді).

Алайда, постиндустриялық Еуропа елдерінде қарапайым ұдайы өндіру нәтижесінде халық санының өсуін тұрақтандыру (АҚШ-тан басқа) орын алған жоқ. БҰҰ және басқа да кәсіби ұйымдардың сарапшыларының көптеген демографиялық болжамдарына сәйкес, Еуропа елдерінде депопуляция үдерісі жалғаса беретін болады. Ал Азия мен Африканың көптеген елдерінде халық

санын табиғы өсіммен қамтамасыз ететін туу көрсеткіші жеткілікті жоғары деңгейде сақталады [15].

Демографиялық өткел теориясында мәдени факторлар (дін, дәстүрлі құндылықтар) демографиялық өзгерістердің негізгі себептері ретінде қарастырылмайды. Осы аспектіде демографиялық өткел теориясын толықтыру мақсатында екінші демографиялық өткел тұжырымдамасы әзірленген. Оның авторлары Еуропалық демографтар Р. Лестег және Д. Ван де Каа [16] болды.

Екінші демографиялық өткел теориясында отбасылық қарым-қатынастардың өзгеруіне баса назар аударылады. Екінші демографиялық өткел теориясына сәйкес, дамыған елдерде туу көрсеткішінің төмендеуі отбасылық өмір салтының бейресми нысандарының кең таралуымен байланысты. Одан әрі дәстүрлі неке институтының әлеуметтік рөлінің төмендеуі және отбасының плюралистік үлгілерінің таралуынан туындады деген тұжырым айтылады. Осының барлығы қазіргі заманғы дамыған қоғамның өмір салтына айналған отбасын жоспарлау және бала тууды бақылауда ұстау мүмкіндіктерін жетілдіру жағдайында болады.

Мысалы, Р.Лестег урбанизация, индустриализация және секуляризация бірінші өткелдің жанама анықтаушылары болғанын дәлелдейді. Секуляризация неке және отбасына қатысты халықтың мінез-құлқына шіркеудің әсерін төмендетіп, отбаслардағы бала санының саналы түрде азаюына ықпал етті. Ата-аналар тарапынан балалардың тәрбиесі мен білім алуына көбірек уақыт жұмсалып, осыған ерекше көңіл бөліне бастады. Ерлі-зайыптылардың өздері отбасыдағы балалар санын саналы түрде шектеп отырады [17].

Осылайша, демографиялық өткелдің бірінші теориясы жаңғыртудың жаһандық үдерістерінің әлеуметтік-экономикалық қайта құрулары нәтижесінде демографиялық үрдістердің өзгеруін түсіндіреді. Екінші демографиялық өткел тұжырымдамасы демографиялық өзгерістердің себептерін неке, отбасы, бала тууға қатысты мінез-құлық құндылықтары, нормаларындағы Батыс қоғамында үстемдік еткен жүйелердің ауқымды өзгерістерімен байланыстырады.

Демографиялық өткел теорияларын талдау әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени факторлардың демографиялық үдерістерге деген әсерін ашуға мүмкіндік берді. Алайда, бұл теорияда саяси факторлар қарастырылмаған. Бұл басқа теориялық тұжырымдамаларға, неоинституционализм теориясының ережелеріне негізделген демографиядағы институционалдық тәсілге (М.А. Клупт) жүгінуге тура келеді дегенді білдіреді. Осы теориялық тұжырымдамаға сәйкес, институттар кең мағынада келесідей деп түсіндіріледі:

- әлеуметтік қатынастар субъектілері өзара ресми және бейресми ережелердің тұрақты кешендерінің негізінде әрекеттеседі;
- қажетті құқықтары мен ресурстарымен қамтамасыз етілген және осы нормалар мен ережелерді сақтау үшін құрылған әлеуметтік қатынастар субъектілері (соның ішінде, мекемелер мен ұйымдар);
- әлеуметтік мінез-құлықтың және дүниетанымның қалыптасқан үйреншікті тәсілдерінің жиынтығы [18].

Институционалдық тәсілді дәйекті түрде жүргізу қоғамның түрлі институттарымен қатар, демографиялық үдерістерге мемлекет те елеулі әсер етеді деген қорытындыға әкеледі. Мемлекет пен қоғам арасындағы «әлеуметтік келісімшарттың» ерекшелігі айрықша қызығушылықты тудырады. Бұл ерекшелік көбінесе, халықтың мемлекеттік демографиялық саясат шараларына реакциясының ерекшеліктерін анықтайды [19].

Институционалдық тәсіл демографиялық мәселелердің себептерін әлеуметтік-экономикалық дамудың өркениеттік өзгерістерінің салдарынан туындайды. Сонымен қатар, оны жеке алынған елде мәдени-тарихи, экономикалық және саяси даму факторларымен негізделген жүйелі ерекше құбылыс ретінде анықтауға мүмкіндік береді [20]. Бұл демографиялық саясатты қалыптастыру кезінде жеке алынған аймақтың даму ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығын растайды. Осы зерттеу жұмысы үшін нақ осындай ерекшеліктер қызығушылық тудырады. Өйткені қазақстандық демографиялық жағдайдың өзінің ерекше себептері мен салдарлары бар екені анықталды. Осының барлығы Қазақстандағы демографиялық саясат проблеманың кешенді жаһандық және аймақтық сипатын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс екенін растайды.

Алайда, институционалдық тәсіл қалыптасқан институционалдық құрылымға бейімделу шеңберінде демографиялық мінез-құлықтың сипатын анықтайды. Сонымен қатар, демографиялық дамуды зерттеудің пәндік саласын біршама кеңейтеді. Негізінде, демографиялық жағдайдың өзгеруі әрдайым ықпал ете бермейтін экономикалық мүдделермен ынталандырылады.

Институционалдық тәсілдің теориялық құндылығы – оны нақты аймақтардың демографиялық үдерістеріне ғылыми негізде қолдануға болады.

Кейбір зерттеушілер демографиялық дағдарыс үрдістерін негіздеу мәселесіндегі демографиялық өткел теориясының ақиқаттығына күмән келтіреді. Және олардың пайымдауынша, демография саласындағы саяси факторға елеулі көңіл бөлу керек. Сонымен қатар, мемлекеттің тиісті саясатының көмегімен демографиялық үдерістерге жағымды әсер ету мүмкіндіктерін негіздеу үшін жаңа тәсіл ретінде «демографиялық вариативтілік» теориясын ұсынады [21]. Бұл теорияның ережесі келесідей болады: «демографиялық вариативтілік» термині белгілі бір елдегі, әр түрлі уақыт кезеңдерінде демографиялық жағдайдың өзгергіштігін талдауға сүйене отырып тұжырымдалады. Демографиялық өткел теориясымен болжанатын немесе ұйғарылатын осы өзгерістер әлеуметтік-саяси, «қолдан жасалған» құбылыстармен айтарлықтай корреляцияланады. Әртүрлі тарихи кезеңдерде бірнеше елдер жиынтығында демографиялық үдерістерге қатысты осы өзгерістердің шамасы тым үлкен болады. Осы тарапта, оң да, теріс те ауытқулар орын алады. Мұндай талдау қолдан жасалынып отырғандықтың әсерін, яғни мемлекеттік саясаттың демографиялық жағдайға әсерін анықтауға мүмкіндік береді [22]. Осыдан демографиялық үдерістерді қажетті бағытта басқару мүмкіндігі туралы қағидатты болжам жасауға болады.

Демографиялық вариативтілік теориясында: демографиялық үдерістер тарихи дәйекпен қарастырылады. Демографиялық жағдайдың мемлекет

саясатымен өзара байланысы анықталады. Бұл дегеніміз, демографиялық дамуды мақсатты мемлекеттік басқару мүмкіндігін растайды.

Демография саласындағы негізгі мәселелердің бірі – депопуляция болып табылады. Депопуляцияның кесірінен мемлекеттің экономикалық ғана емес, сонымен қатар, әскери-мобилизация әлеуеті де қысқарады. Бұл ұлттық қауіпсіздік проблемасын шиеленістіреді, мемлекеттің геосаяси мәртебесін әлсіретеді.

Осының барлығы мемлекеттік билік пен басқа да институттардың демографиялық дағдарыс проблемаларына бағытталған мемлекеттік демографиялық және отбасылық саясатты жүргізу нысанындағы реакциясын негіздейді. Осы саясатты іске асырудың ең кең тараған тәсілі репродуктивті мінез-құлықты материалдық ынталандыру шаралары болып табылады. Депопуляциямен күресте кейбір елдер белгілі бір кезеңдерде оң нәтижелерге қол жеткізді. Мысалы, Солтүстік Еуропаның бірқатар мемлекеттері 1980 жылдардың екінші жартысында-1990 жылдардың басында туу көрсеткіштерінің айтарлықтай артуына қол жеткізді. Осы елдердегі демографиялық және отбасылық саясатқа арналған шығындар үлесі Еуропадағы ең жоғары болып, ЖІӨ 4%-нан асып түсті [23].

Дегенмен, қазіргі әлемде көптеген елдердің демографиялық саясаты туу көрсеткішінің жоғарылауына емес, оның төмендеуіне бағытталған. Яғни, еуропалық және солтүстікамерикалық үрдістерден айтарлықтай ерекшеленеді. Мұндай саясаттың нәтижелері репродуктивтік динамиканың төмендеуімен өлшенеді. Халықаралық деңгейде бұл саясатты БҰҰ-ның халық қоныстандыру қоры (UNFPA), UNICEF, UNESCO, ДДҰ, Рим клубы, халықаралық отбасын жоспарлау Федерациясы (IPPF) және т.б. сияқты ұйымдар қаржыландырады [24]. Олардың қызметі контрацепцияның әр түрлі құралдарының таралуына, түсік тастау мен стерилдеуді кеңінен қолданатын әйелдерге кеңес беру клиникаларын құруға бағытталады. Сонымен қатар, жасөспірімдерді жыныстық тәрбиелеуге, дәстүрлі емес сексуалды топтардың құқықтарын қолдауға және т.б. іс-қимылға алып келеді. Туу көрсеткішінің төмендеу мәселесін қарастырудың жалпы әлемдік ауқымында, демографиялық өткел теориясымен түсіндірілетін өркениеттік үдерістердің табиғи салдарымен байланысты. Сонымен қатар, жекелеген елдердің мүддесінде жүзеге асырылатын мақсатты жасанды саяси реттеудің нәтижесі болып табылады [25].

Туу көрсеткіштерін көтеру саясатының теориясын әзірлеуде «пронатализм» теоретиктерінің (В.Н. Архангельский, А.И. Антонов, В.А. Борисов және т.б.) елеулі үлесі бар. Олар демографиялық вариативтілік теориясының авторлары сияқты мемлекеттің қажетті бағыттағы тәсілдері арқылы туу көрсеткіштерінің төмен деңгейі мәселесін шешуге болады деп санайды. Отандық зерттеушілердің пікірінше, Қазақстандағы демографиялық дағдарыстың негізгі себептері, отбасы институтының дағдарысы мен көп балалы отбасыларды билік тарапынан жеткіліксіз қолдау болып табылады.

Демограф В.Н. Архангельский «репродуктивті бағдарлар, балаларға деген қажеттілік құндылық бағдарлары мен қажеттіліктер жүйесінің ажырамас

құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл нормаларды өзгерту үшін, ең бастысы, жалпы өмір салтына өзгеріс енгізу қажет. Біздің қоғамымызда өміріміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, мәдениеті, дінге деген қарым-қатынас және т.б. өзгеруімен байланысты орташа бала саны азайып кетті» [26] деген пікір білдіреді.

В.Н. Архангельский «бала тууға ынталандыру саясаты тиімді болу үшін отбасыларға репродуктивті әлеуеттін жүзеге асыруға жағдай жасаумен ғана шектелмеуі тиіс. Сонымен қатар, ол балаларға деген қажеттілікті арттыруға бағытталуы тиіс» деп есептейді [25, с. 49–50].

Осыған ұқсас позицияны тағы бір ресейлік демограф А.И.Антонов ұстанады. Оның репродуктивті бағдарлармен байланысты зерттеулеріне сәйкес, отбасында бала санының саналы түрде шектелуі балаларға әлеуметтік-мәдени қажеттіліктің төмендеуінен туындайды деген қорытындыға келеді [27].

Талдау нәтижелері мәселені зерттеуде жүйелік тәсілді қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл мәселеде осы тәсіл жан-жақты талдау жүргізуге, демографиялық дамуға тұтастай мінездеме беруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, мәселенің пәнаралық сипатын ескере отырып, демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси үдерістерін сипаттау кезінде себеп-салдарлық байланысты анықтауға мүмкіндік беретіні неғұрлым нәтижелісі болады.

Жүргізілген талдау демографиялық саясатты қалыптастыру және оны іске асыру тетіктеріне шығу, оның салдарын мәселенің жүйелі сипатына сәйкес талдау мүмкіндігін жасады. Ал диссертацияның осы бөлімінде ашылған демографиялық проблемалар факторларының кешенін демографиялық саясат мүмкіндіктері аспектісінде одан әрі ұғынуды талап ете отырып, зерттеудің аналитикалық деңгейіне шығарады. Сондықтан теориялық талдау нәтижелерін біріктіру және оларды одан әрі пайдалану жүйелік пен институционалдық тәсілдің теориясы мен әдіснамасы негізінде жүзеге асырылатын болады.

Бөлімді қорытындылай келе, мемлекеттік демографиялық саясаттың теориялық-қолданбалы сипатын назарға ала отырып, оған келесі анықтама беруге болады. *«Демографиялық үдерісті мемлекеттік реттеу – бұл мемлекеттік билік жоспарлаған бағыттағы демографиялық үдерістер серпінін өзгерту мақсатында халықтың демографиялық мінез-құлқына тікелей және жанама әсер етудің арнайы шараларын қалыптастыру. Онымен қатар, мемлекеттің осы саясатты іске асыру жөніндегі ерекше қызметі болып табылады».*

Депопуляция жағдайы қауіп төндірген кезде мемлекеттік демографиялық саясат мемлекеттің кең, ауқымды мағынадағы мүддесін көтеретін үлкен мәселеге деген жауабы болуы қажет. Мұндай жағдайда демографиялық саясат халықтың демографиялық мінез-құлқына байланысты қоғамдық өмірдің түрлі жақтарын қамтитын мемлекеттің стратегиялық қызметі болып табылады. Халықтың шамадан тыс көбеюі немесе депопуляция жағдайында көші-қон, отбасы саясатының мақсатты бағдарлары, негізгі бағыттары мен

басымдықтарын белгілейтін мемлекеттік демографиялық саясатқа тең бағынышты болады.

Халықтың табиғи кемуі мемлекеттік биліктен халықтың ұдайы өсіп-өну үдерісіне ерекше назар аударуды және оған әсер ету үшін өзінің бар әлеуетін жұмсауды талап етеді. Осыған байланысты мемлекеттік демографиялық саясат үшін демографиялық дағдарыстың басты себептерін, демографиялық даму факторларын анықтау бірінші кезектегі міндет болып табылады. Нақты демографиялық саясат шешілетін проблеманың талаптарына сәйкес болуы үшін, ол теріс демографиялық өзгерістердің себебі болған негізгі факторларды ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Бұл ғылыми зерттеулерде мемлекеттік демографиялық саясаттың және оның шешетін мәселелері мен оларды оңтайландырудың нақты бағыттарын іздеуді кеңейту сипатына, сәйкестік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі жағдайдағы демографиялық саясат мемлекеттің көпжоспарлы іс-әрекетіне, билік ресурсын іске асырудағы маңызды бағытқа айналатынын атап өтуге болады. Қазіргі кезеңде демографиялық проблемаларға қарсы тұратын, әлемдік ауқымдағы адам өркениеті дамуының мәніне ие болатын демографиялық саясатты іске асыруға ғылыми-саяси көзқарасты қалыптастырудың маңыздылығы артады.

Еуропаның дамыған елдерін қамтыған қазіргі демографиялық дағдарыс халықтың демографиялық мінез-құлқының өзгеруі нәтижесінде бала туудың азаюынан туындаған болатын. Бұл өзгерістер бүкіл қоғамның негізгі өмір сүру салаларымен байланысты кешенді себептерден шығып отыр. Осыған байланысты жүргізілген талдау негізінде демографиялық дамудың келесідей объективті факторлары бөлінеді:

1) әлеуметтік-экономикалық фактор – қоғамның экономикалық жүйесінің түрі мен қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай (халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы);

2) рухани-мәдени фактор – рухани өндіріс институттары мен мәдени-ақпараттық ортаның жағдайы, қоғамдағы тарихи қалыптасқан басым құндылықтар, нормалар мен дәстүрлер;

3) саяси фактор – қолданыстағы билік жүйесінің идеологиялық бағдары және демографиялық дамуға қатысты жүргізіліп отырған мемлекеттік саясаттың мазмұны, саяси режим үлгісі.

Бұл факторлар бүкіл қоғамның тыныс-тіршілігіндегі өркениеттік және аймақішілік өзгерістер әсерінен қалыптасады, оларды мемлекеттік демографиялық саясатта ескеру өте маңызды. Жүргізілген талдау демографиялық даму факторларын қалыптастырудағы негізгі бағыттаушысы мемлекет екенін көрсетті. Мемлекет демографиялық даму міндетіне ерекше мән бере отырып, қоғамның даму бағытын өзгерте алады. Осыдан, қоғамның тарихи дамуының қазіргі кезеңінде қазіргі заманғы демографиялық проблемаларды шешуде нақты демографиялық дамудың саяси факторы басым болуы тиіс. Демографиялық даму факторлары демографиялық саясат нәтижелілігінің оны қалыптастыру мен іске асырудың жүйелі және кешенді тәсіліне тәуелділігін

алдын ала айқындайды. Сондықтан қазіргі Қазақстанда туу көрсеткішін арттырудың мемлекеттік демографиялық саясаты демографиялық дамудың барлық факторларын ескеру қазжет. Және стратегиялық бағыттардың кең ауқымын анықтау, неке, отбасы, бала туу саласындағы табиғи құндылықтарды қайта өркендетудің негізі болуға тиіс. Бұл үшін демографиялық даму саласында қолданыстағы билік режимінің тиісті, әлеуметтік тұрғыдан қажет етілетін саяси бағдарында мемлекеттік мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану қажет.

### 1.2 Аймақтың демографиялық әлеуетінің құрылымы және оны анықтаудың тұжырымдамалық әдістері

«Әлеует» ғылыми категория ретінде міндеттерді шешу үшін қолданылатын дереккөздер, мүмкіндіктер, құралдар, қорлар және дербес тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің белгілі бір саладағы мүмкіндіктері. Қоғамтанушылық әдебиетте өткен ғасырдың 70-80 жылдары «әлеует» қызметтің осы немесе басқа саласында ресурстық мүмкіндіктерінің жалпыланған сипаттамасы ретінде қолданыла бастады [27]. Оның басты ерекшелігі, уақыттың ағымдағы сәтінде немесе болашақта жүзеге асуы мүмкін не басқа жүйенің даму мүмкіндіктерін бағалаудың интегралдық өлшемі қызметін атқарады. Демек, әлеует – белгілі бір шарттар мен жағдайларда жүзеге асуы мүмкін ресурс.

Демографияда әлеует ұғымына жүгіну әртүрлі демографиялық белгілер бойынша халықтың құрылымында берілген жасырын мүмкіндіктерді анықтау қажеттілігімен байланысты. Бұл ұдайы өсу режимін өзгертуде, сондай-ақ, халық санының қызмет етуінің сыртқы жағдайлары мен нысандарын өзгертуде әрқашан өзекті болып отырады.

Демографиялық жүйенің күрделілігіне байланысты демографиялық және онымен байланысты экономикалық көрсеткіштерді зерттеуде оған тиесілі ішкі динамиканы ескеру қажет. Бұл динамика халықтың ұдайы өсіп-өну үдерісіне тән салдармен себептелген. Бұл факторды түсіну талдау барысында зерттелінетін демографиялық нысанның қазіргі таңда қаланған алғышартында ағымдағы және болашақ құбылысты бейнелейтін көрсеткіштерін құру, оны пайдалану қажеттілігіне әкеледі [28]. Әлеует оның ұдайы өсіп-өну болашағы тұрғысынан халықтың демографиялық құндылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Демографиялық әлеует ұғымын едәуір кеңейткен батыстың ғылыми мектептері болды. Мәселен, поляк демографы С.Шульц А.Ландридің демографиялық революция тұжырымдамасына сүйене отырып, анықтама берді. Ол келесідей: «Демографиялық әлеует деп жанама факторды алып тастау барысында туу мен өлім-жітімнің қажетті деңгейінде көрініс таба алатын қоғамның көбею қабілеттілігін айтамыз». Кейіннен Дж.Стюарт физика саласындағы әлеует анықтамасының түсінігі мен әдістемесін пайдалана отырып, аймақтың демографиялық әлеуеті мен демографиялық күштің көрсеткішін ғылыми айналымға енгізді [29].

Дж.Стюарт идеясының дамуы швейцариялық статист және демограф Л.Хершуға халықтың демографиялық әлеуетін неғұрлым тереңірек талдауға мүмкіндік берді. Ол «өмір әлеуеті» ұғымын енгізді және демографиялық талдаудың жеке саласы – потенциалды демография құрылды. 1940 жылдары жарық көрген жұмыстардың топтамасында ол демографияның осы жаңа

саласының негізгі қағидаларын, әдістерін қалыптастырды. Потенциалды демография дәстүрлі демография ұшыраған қиындықтар негізінде қаланды. Ол демографияны талдаудың қолданыстағы әдістерін толықтыра отырып, демографиялық үдерістерді зерттеудің жаңа тәсілдерін ұсынды [30].

Потенциалды демография көрсеткіштері негізінде зерттелінетін халық тобының нақты кезеңдегі өлім-жітім деңгейіне сәйкес әрбір жастың жиынтық өкілінің орташа алғандағы өмір сүретін жасы жатыр. Мұнда халық адам-жыл өлшеуіші ретінде белгілі бір өмір әлеуеті тасымалдаушысының жиынтығы түрінде қарастырылады. Ж.Буржуа-Пиша Л.Херштың кейбір қорытындыларын жеңілдетті. Ол халықтың орташа әлеуеті шамамен халықтың болашақтағы орташа өмір сүру ұзақтығының орташа жасына тең екендігін айқындады. Сонымен қатар, халық әлеуетінің өлім мен қартаюдан туындаған жыл сайынғы азайып отыруы шамамен осы халықтың санына тең екендігін дәлелдеді [31].

Бұл ғалымдардың жұмыстарын талдау барысында поляк демографы Э.Фильрозе әйелдер мен ерлердің өмір сүру әлеуеті мен әртүрлі жастағы топтарға арналған ішінара әлеуетті есептеген. Сондай-ақ, өмір сүру әлеуетінің құрылымын, уақыт факторының ерекше рөлін, өлім-жітімнің әсері мен өлімнің жекелеген себептерін анықтады. Э.Фильрозенің анықтамасы бойынша: «Өмір сүру әлеуеті – нақты жастағы адам орташа алғанда болашақта уақыттағы және халықтың нақты тобындағы өлім-жітім деңгейіне сәйкес өмір сүретін уақыты. Осы топтағы адамдардың өмір сүретін кезеңі, жасы, жынысы, қоныстану сипаты, неке, әлеуметтік жағдайы, кәсіби құрамы, өмір сүретін мекені сияқты көптеген факторлармен байланысты болады» [31, с. 20]

Қазіргі заманда «аумақтың әлеуеті» ұғымының бір мағыналы түсіндірмесі жоқ екенін атап өткен жөн [32]. Сонымен, физикада дене әлеуеті деп оның белгілі бір күштердің әсері арқылы кейбір жұмыс істеу мүмкіндігінің сандық өлшемі түсініледі [33].

Қазақстандық ғалым Н.К.Сапарбектің пікірінше, демографиялық әлеует – бұл туу көрсеткіштерінің жоғарылауы нәтижесінде аймақтар халқының санының тиімді жаққа өзгеру мүмкіндігі. Аймақтың демографиялық әлеуетінің өзгеру нәтижесі немесе «жылдамдығы» халықтың бастапқы (базалық) сандық және сапалық сипаттамаларына байланысты. Демографиялық әлеуеттің мөлшерін демографиялық саясат арқылы басқаруға болатындығын атап өткен жөн [35].

«Әлеует» ұғымының бастапқы мазмұнды мәнін назарға алып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық әлеуеттінің шамасы өңір халқының өмір сүру сапасын жоғарылату мүддесіндегі барлық ресурстар кешенін іске қосады. Сонымен қатар, шаруашылықтың қазіргі және болашақ құрылымының ерекшеліктері, экономикалық-географиялық жағдайы, әлеуметтік-институтционалдық факторларын пайдалану кезіндегі даму мүмкіндіктері мен резевтерімен сипатталуы мүмкін. Кез-келген аймақтардың экономикалық-әлеуметтік әлеуетінің құрылымын 1 суреттен көруге болады. Әлеуеттің екі шекаралық уақыттық жағдайын көрсетуге болады. Олар: бастапқы және болжамды болып табылады. Бастапқы әлеует уақыттың алғашқы сәтіндегі аумақтың жиынтық мүмкіндіктері мен резервтерін сипаттайды. Ал, болжамдысы – болжамды кезеңде қолданыстағы факторлар кешенін ескере отырып, әлеуеттің болашақ жағдайын сипаттайды.

«Демографиялық әлеует» ұғымының қазіргі уақытқа дейін ғылыми санат ретінде бір мағыналы түсінігі мен нақты анықнамасы жоқ. Әдетте, демографиялық әлеует деп болашақтағы өмір сүру жасының орташа ұзақтығының жоғары деңгейлігімен және ұдайы өсудің ықтималды қабілеттілігімен сипатталатын халық бөлігінің (балалар) санымен түсіндіріледі. Географиялық зерттеулерде ол халық саны, демографиялық үдерістер мен құрылымдардың жағдайы, халықтың шоғырлануының көрсеткіштерімен сипатталады. Немесе елді-мекендерде тұратын адамдардың аймақтың қалған тұрғындарымен өзара әркеттесуінің салыстырмалы қол жетімділігін (мүмкіндігін) сипаттайтын қоныстандыру аясының әлеуеті ретінде қарастырылады.

Қазіргі жағдайда адами фактордың маңыздылығын арттыру халықтың табиғаты мен мәнін, оның құрылымы мен сапалық сипаттамаларын, олардың өзгеру заңдылықтарын тереңірек зерттеу қажеттігін айғақтайды. Сондықтан осы категорияның мәнін анықтау кезінде, ең алдымен, бұл жағдайда негізгі мәні бар «халықтың сапасы» ұғымын теориялық тұрғыда әзірлеу қажет. Осы ұғымды нақтылау демографиялық әлеуеттің мәнін анықтауға мүмкіндік береді.




Сурет 1– Аймақтың кешенді әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің құрылымы

Ескерту – [36] негізінде автормен құрастырылған

Осылайша, сапалық-сандық санат ретінде аймақтың демографиялық әлеуеті халықтың экстенсивті өсу резервін, демографиялық (жастық-жыныстық, көші-қон) құрылымның мүмкіндіктері есебінен оның жалпы

санының ұлғаюының мүмкіндігі. Сондай-ақ, әлеуетті іске асырудың аймақтық жағдайларына негізделген халықтың сапалық қасиеттерінің (білім, зияткерлік, денсаулық, біліктілік, т.б.) барлық кешенін іске қосу кезіндегі даму мүмкіндігін сипаттайды. Демографиялық әлеует «адам ресурстарының» көлеміне (санына) де, сапасына да байланысты. Кең мағынада ол бейімделу резервтерімен және халықтың мүмкіндіктерімен, яғни демографиялық (медициналық-биологиялық, әлеуметтік-биологиялық), әлеуметтік мағыналарда оның өмір сүруге бейімділігімен айқындалады.

Тар мағынада, осы анықтамаға сүйене отырып, аймақтың демографиялық әлеуетін халық санының өсуімен қатар, сапалық тұрғыда жақсару мүмкіндігін сипаттайтын сапалық-сандық әлеует деп түсіну қажет. Кең мағынада жиынтық демографиялық әлеуетке әлеуетті іске асыру шарттарының кешені де қосылады.

Аймақтың демографиялық әлеуеттінің құрылымы. Демографиялық әлеуеттің құрылымы жүйелі талдау тұрғысынан зерттеу объектісін қарастыру шартымен мүмкін болады. Осыған байланысты демографиялық әлеуеттің кез келген жүйе сияқты өзіне тән белгілері бар. Олар: тұтастық, күрделілік, серпінділік, циклдік, басқарылу. Ашық жүйе ретінде аймақтың демографиялық әлеуеттінің мәні ішкі жүйелердің сыртқы ортамен өзара әрекеттесу сипатынан туындайды.

Демографиялық әлеуетті неғұрлым жоғары дәрежелі аумақтық әлеуметтік-экономикалық жүйенің бөлігі ретінде анықтаған кезде оның айрықша маңызды белгілерін ескеру қажет. Олар: құрамдас элементтері мен қолданыстағы ішкі байланыстар тарапынан тұтастығы; жүйе элементтерінің белгілі құрылымдық деңгейде бөлінбеу қағидатына негізделуі, элементтерінің салыстырмалы дербестігі; элементтер жүйесінің біртектілігі.

Аймақтың демографиялық әлеуетін жүйелік зерттеу келесідей кезеңдерден тұрады:

- жүйе элементтерін бөлу және зерделеу (олардың біртектілігі мен қасиеттерінің ортақтығы негізінде);
- жүйе элементтері арасындағы байланыс пен олардың бағыныштылығын анықтау;
- жүйенің шекарасын анықтау (элементтердің ортақтығы, жүйені құрайтын элементтердің байланыстарының мәнін негіздеу);
- жүйе элементтері мен байланыстарының иерархиясын орнату (бір иерархиялық деңгейдегі элементтер арасындағы көлденең байланыстар және әр түрлі деңгейдегі объектілер арасындағы тік байланыстар);
- басқа жүйелермен екіжақты қарым-қатынасты анықтау (жоғары дәрежелі жүйе ішінде).

Жүйелік тәсілді іске асыру әлеуеттің жүйенің басқа элементтерімен (жеке әлеуеттермен), сыртқы ортамен (әлеуетті іске асыру шарттары) өзара іс-әрекетін анықтау үшін қағидатты мәнге ие.

Демографиялық әлеуеттің құрылымын анықтау біршама күрделілік тудырады. Өйткені оның «тасымалдаушысы» - халық, «адам ресурстары»

болып табылады. Әлеуеттің құрылымдық құрамдас бөліктерін бөліп көрсету оның көп деңгейлі тәсілге негізделгенімен байланысты. Әлеуетті құрылымдаудың *бірінші деңгейін* әлеуметтік жүйелер функцияларының жалпы ерекшелігіне сүйене отырып, әлеуметтану саласында жеткілікті түрде әзірленген функционалдық тәсіл шеңберінде анықтауға болады. Осыған байланысты адамның кез-келген қасиеті мен әлеуметтік топтардың типтік қасиеті функционалды екеніне назар аудару жеткілікті. Демографиялық әлеуетті құрылымдауға ұсынылған тәсілді іске асыру халықты белгілі бір функционалдық рөлдердің тасымалдаушысы ретінде қарастыруды көздейді.

Халық негізгі үш әлеуметтік қызметтің тасымалдаушысы болып табылады. Оларға:

- ұдайы өсіп-өну – ұдайы өсіп-өну субъектісі ретінде (халықтың табиғи қозғалысы үдерістеріне қатысу және демографиялық құрылымдарды жаңғырту арқылы іске асырылады);
- еңбектік – еңбек қатынастарының субъектісі ретінде (халықты жұмыспен қамту және қоғамдық өндіріске қатысу арқылы іске асырылады);
- тұтынушылық – тұтыну субъектісі ретінде (қызметтерді тұтыну, тауарларды сатып алу, әлеуметтік қамсыздандыру құралдарын пайдалану және т.б. арқылы іске асырылады).

Осылайша, ұсынылған демографиялық әлеуеттің анықтамасын нақтылаудың маңызды кезеңі ретінде оны өзара келісілген және өзара байланысты үш тараптың жүйелі бірлігі ретінде қарастыру қажет. Оларға: ұдайы өсіп-өну әлеуеті, еңбекпен қамтамасыз ету әлеуеті және тұтыну әлеуеті жатады (сурет 2).

Ұдайы өсіп-өну әлеуеті халықтың өзін-өзі жаңғыртуға, яғни ұрпақтардың тұрақты ұлғайтылған «табиғи» қайта жаңғыру қабілеттілігін сипаттайды. Тұтынушылық әлеует халықтың тауарлар мен қызметтерді, оның ішінде әлеуметтік мақсаттағы тұтынушы ретінде әрекет етуінің жиынтық қабілеті ретінде айқындалады.

Демографиялық әлеует пен аймақтың кешенді әлеуетінің құрылымын салыстырған кезде «еңбек әлеуеті» және «еңбекпен қамтамасыз ету әлеуеті» санаттарының арақатынасына назар аудару қажет. Еңбек әлеуетін еңбек етуге қажетті қабілеті бар еңбек ресурстарының жиынтығы ретінде түсіну басым түрде орын алады (кәсіби дайындық, білім беру және т.б.). Бұл категорияны дамыту барысында еңбек субъектілерін ғана емес, технологиялық, техникалық жарақтандырудың белгілі бір деңгейіндегі халық шаруашылығында оны қолдану орындарын есепке алу қажеттілігі туындайды. Осылайша:

- еңбек әлеуеті кадрлар мен жұмыс орындары жүйесін дайындау және оны ұтымды пайдалану арқылы аумақтың экономикалық даму мүмкіндіктерін сипаттайды;
- кадрлардың білімділігі, біліктілігі, кәсібилігі, әлеуметтік-экономикалық құрамымен анықталады;

- олардың әртүрлі салалар, меншік нысандары, мамандықтар саласында жұмыспен қамтылуымен, сондай-ақ, жұмыс орындары жүйесінің техникалық-технологиялық және әлеуметтік-экономикалық параметрлерімен айқындалады.




Сурет 2 – Аймақтың демографиялық әлеуетінің құрылымы

Ескерту – [36] негізінде автормен құрастырылған

Еңбек әлеуетін анықтау кезінде, әдетте, жұмыспен қамтылған халық пен жұмыс орындары жүйесінің сандық сипаттамаларымен шектелінеді. Ал еңбекпен қамтамасыз ету әлеуеті халықты жұмыс күші ретінде экономикалық қызметке тартудың экстенсивті резервтерін, халықтың осы бөлігінің сапалық әлеуетін де сипаттайды. Тұтастай алғанда, аймақтың шаруашылық қызметін еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету мүмкіндігін көрсетеді. Аталған жағдайлар аймақтық әлеует болып табылатын осындай күрделі жүйені құрылымдаудың белгілі бір шарттылығын көрсетеді. Экономикалық санат болып табылатын аймақтың еңбек әлеуетіне қарағанда демографиялық әлеует бір мезгілде әлеуметтік-биологиялық және экономикалық-демографиялық

санат болып табылатынын атап өту қажет. «Әлеуметтіктің» ерекше белгісіне, әдетте, адам өмірінің ұдайы өсуі, халықтың әл-ауқаты, адамдар қауымдастығының қалыптастырумен тікелей байланысты санаттар иеленеді.

Тар мағынаға сәйкес *екінші деңгейде* демографиялық әлеуает сапалық-сандық әлеуает ретінде шартты-экстенсивті (сандық) және шартты-қарқынды (сапалық) құрамдас бөліктерді қамтиды. Сонымен қатар, халықтың жалпы санымен және оның сапалық құрылымдарының кешенімен айқындалады. Кең мағынада демографиялық әлеуетке оны іске асыруға ықпал ететін жағдайлар да қосылуы мүмкін.

Демографиялық әлеуеттің формальды бөлігі әр түрлі белгілер негізінде бөлінетін сапалы құрылымдар кешенінен тұрады. Оларға:

- халықтың ұдайы өсіп-өнуі мен еңбекпен қамтамасыз ету әлеуетін қалыптастырудың негізін құрайтын халықтың жастық-жыныстық құрамы;
- әлеуметтік құрам (оның ішінде әлеуметтік топтар мен кіші топтардың табыс көзі және деңгейі бойынша);
- ұлттық-этникалық, кәсіби, біліктілік, білім деңгейі бойынша, отбасылық (отбасы жағдайы мен оның түрлері бойынша);
- экономикалық құрам (жұмыспен қамту салалары мен оның сипаты және т.б. бойынша), халықтың денсаулық әлеуеті жатады.

Әлемдік тәжірибеде халық денсаулығының деңгейі мен динамикасы адамның базалық қажеттілігі және оның өмір сүруінің басты шарты ретінде қарастырылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) денсаулыққа келесідей анықтама береді: «Денсаулық дегеніміз – ол физикалық, рухани және әлеуметтік әл-ауқаттың толық саулығы» [37]. Бұл дегеніміз, барлық органдар мен жүйелердің функциялары табиғатпен және әлеуметтік ортамен толық үйлесімге келтірілген және аурушаңдық пен физикалық ақаулар жоқ дегенді білдіреді.

Демографиялық әлеуеттің келесі бөлігіне зияткерлік-рухани әлеует жатады. Бұл компонент сандық түрде бағаланбай, сапалық сипаттамалармен анықталады. Демографиялық әлеуеттің қиын рәсімделетін құрамдас бөлігіне практикалық қызметке даярлықты (алынған тәжірибенің сапасы, сапалық сипаттамаларды іске асыруға, оны жетілдіруге дайындығы) айқындайтын «дайындық» әлеуеті жатады.

Бір мезгілде бірқатар белгілер бойынша халықты құрылымдау халықтың салыстырмалы түрде біртектес топтарын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Олардың әрқайсысы (жалпы халық сияқты) сапалық-сандық сипаттамалардың жиынтығымен көрсетілуі мүмкін.

Демографиялық әлеуетті зерттеудегі жүйелік әдіс ішкі, сыртқы жүйе құраушы байланыстардың құрылымы мен ортақтығының дәрежесін сипаттайтын әлеуетті іске асыру факторларының жүйесін негіздеуге мүмкіндік береді.

Демографиялық әлеуетті іске асыруға ықпал ететін жағдайлар кешені өте кең және аумақтық жүйелермен сипатталады (сурет 3). Өз кезегінде, жүйенің

әрқайсысы демографиялық әлеуетті іске асырудың бірқатар шарттарын қамтиды.

«Демографиялық әлеует – аумақтың әлеуметтік-экономикалық жүйесі ретінде» өзара байланыстың түрі мен сипатына қатысты демографиялық әлеуетті іске асыру факторларының келесідей түрлерін ажыратады. Олар: жалпы, жеке, арнайы:

- демографиялық – аймақтық демографиялық жағдайдың, оның ішінде табиғи-биологиялық және құрылымдық-демографиялық әсерін ашып көрсету;
- этникалық – аумақтық этностық жүйелер (халықтың этникалық құрылымы, этностарды орналастыру ықшамдылығы);
- экономикалық – аумақтық өндірістік жүйе (аумақтық-өндірістік жүйенің типі, экономиканың салалық және аумақтық құрылымы, аумақтың шаруашылық игерілу дәрежесі, индустрияландыру деңгейі);
- әлеуметтік – аумақтық әлеуметтік жүйе (әлеуметтік инфрақұрылымның түрі мен даму деңгейі, халықтың өмір сүру сапасы);
- қоныстандыру – аумақтық қоныстандыру жүйесі (қоныстандыру жүйесінің түрі, халықтың көп қоныстанатын жері, қоныстандыру динамикасы, урбанизация деңгейі);
- экологиялық – аумақтық әлеуметтік экожүйе (әлеуметтік-экологиялық жүйе үлгісі; экономикалық, әлеуметтік, табиғи, экологиялық жағдайлар).

«Демографиялық әлеует – аумақтық әлеуметтік-экономикалық жүйесі» ара-қатынастарына сәйкес құрылымдық-демографиялық, экологиялық-демографиялық, этно-демографиялық, экономикалық-демографиялық, қоныстандыру-демографиялық, әлеуметтік-демографиялық байланыстар мен қатынастар жиынтықтарын бөліп көрсетуге болады.

Демографиялық әлеуетті іске асырудың демографиялық факторларына халықтың саны көбейген кезде орналастыру бойынша аумақтың қорын сипаттайтын демографиялық сыйымдылығын, яғни демографиялық әлеуеттің сандық аспектісін жатқызамыз. Халық үшін аумақтың сыйымдылығы (кеңдігі) тұрақты емес шама екенін ескеру қажет. Оның бірқатар факторларға, экономикалық қатынастардың, техникалық даму деңгейіне, табиғи, мәдени жағдайларға байланысты, осы санаттар демографиялық әлеуетті іске асырудың сапалық-сандық аспектісін сипаттайтынын ұмытпау керек.

Этникалық факторлар халықтың ұлттық құрамына тәуелді халықтың табиғи қозғалысы мен көші-қон жылжымалылығындағы аймақаралық айырмашылықтарды анықтайды.

Демографиялық әлеуетті іске асыру факторы ретіндегі аумақтық - өндірістік кешеннің басты белгілері:

- шаруашылықтың мамандануы;
- аумақтық еңбек бөлінісіндегі аумақтың орны;
- кешен ішіндегі тұрақты өндірістік байланыстар;
- мамандану салаларына қызмет көрсететін салалардың дамуы;
- өндірістік инфрақұрылым.

Халықтың сапалық сипаттамаларын қалыптастырушыларға еңбектің мазмұны, сипаты, ұйымдастырылуы жатады. Жұмыспен қамтылған халықтың кәсіби - біліктілік құрылымы жұмыс орындары жүйесінің, өндірістік қызметтің жағдайлары мен сипатының бейнесі ретінде көрінеді. Сонымен қатар, еңбекпен қамтамасыз ету әлеуетінің сипаттамалары экономикалық-өндірістік жүйенің параметрлерін (еңбек өнімділігі, өндіріс көлемі) анықтайды.




Сурет 3 – Аймақтың демографиялық әлеуетінің факторларын классификациялау

Ескерту – [36] негізінде автормен құрастырылған

Жеке тұлғаның саяси еркіндігінде, әлеуметтік-психологиялық ахуалда, әлеуметтік-нормативтік реттеу факторларында көрініс табатын аумақтың қоғамдық-саяси ахуалын жеке атап өткен жөн. Соңғылары халықтың сапасын, әлеуметтік-демографиялық мінез-құлқын салыстырмалы түрде нақты белгілейді. Жәнеде халықтың іс-қимыл әркетіндегі, өмір салтындағы ұстанатын дәстүрі, құндылық бағдарлары, әлеуметтік нормалары мінез-құлық үлгісінің жалпыға бірдей мәні ретінде қызмет атқарады.

Әкімшілік-құқықтық факторлар халықтың ұдайы өсіп-өнуіне, әлеуметтік және аумақтық жылжуына байланысты қандай да бір демографиялық үдерістерді ынталандыруға/әлсіретуге бағытталған қатынастарды тікелей/жанама реттейді.

Демографиялық үдерістердің аймақтық айырмашылықтары демографиялық мінез-құлықтың қалыптасқан сипатына байланысты болуы мүмкін. Осыған байланысты мінез-құлық факторларын неке, репродуктивті, өзін-өзі қорғау, көші-қон тәртібін айқындайтын әлеуметтік нормалар мен нұсқаулардың жиынтығы ретінде бөліп көрсетеміз.

Әрине, аймақтың демографиялық әлеуеті аумақтық әлеуметтік-экономикалық жүйелердің құрамына кіретін факторлардың барлық жиынтығының ықпалымен қалыптасады. Оларға - экономикалық, әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық, адамгершілік, идеологиялық, конфессиялық, этнопсихологиялық, саяси, құқықтық, экологиялық және басқа да өмір сүру жағдайлары жатады.

Сонымен, демографиялық саясат пен оның әлеуеті теорияларын қарастыра отырып, аймақтардың демографиялық әлеуетін көтерудің мемлекеттік саясатына келесідей анықтама беруге болады. Яғни, «Аймақтардың демографиялық әлеуетін көтерудің мемлекеттік саясаты» мемлекеттік билік жоспарлаған бағыттағы демографиялық үдерістер серпінін тиімді жаққа өзгерту мақсатында халықтың демографиялық мінез-құлқына тікелей және жанама әсер етудің арнайы шараларын қалыптастыру және оны белгілі бір аймақта іске асыру жөніндегі ерекше қызметі.

Бөлімді қорытындылай келе, демографиялық әлеует, сыртқы қосалқы жүйелерінің функционалдық байланыстар жүйесі демографиялық әлеуетті іске асыру шарттарын қамтитын аймақтық әлеуметтік-экономикалық әлеуеттің құрамдас бөліктерімен анықталады. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін, демографиялық әлеуетті іске асыруға мүмкіндік беруге бағытталған әлеуеттер арасында өндірістік, әлеуметтік-инфрақұрылымдық, экологиялық, қаржы-бюджеттік әлеуетті атап өту қажет. Аймақ әлеуеттінің құрамдас бөлігі ретіндегі демографиялық әлеуеттің айрықша белгісі – басқа әлеуеттерді іске асыруға (пайдалануға) қажетті шарттарды қамтамасыз етеді. Оның «белсенді» компонентін құрайтын әлеуеттердің барлық қалған түрлерін «қозғалысқа келтіру» қабілеттілігіне негізделеді.

## 1.3 Халықтың аумақтық орналасуының ерекшеліктері және Қазақстан аймақтарының демографиялық дамуын зерттеу

Мемлекеттік демографиялық саясат – демографиялық дамуға қатысты қолданыстағы билік жүйесінің саяси мүдделерін іс жүзінде іске асырушы болып табылады [38]. Сондықтан демографиялық дағдарыс жағдайында мемлекеттік демографиялық саясат мемлекеттік биліктің көпжоспарлы, стратегиялық қызметіне ие болады.

Қазіргі Қазақстан үшін кейбір аймақтарда халық санының төмендеуі аймақтық тұтастықтың жоғалуына, саяси және экономикалық тұрақтылықтың бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Қазіргі уақытта ел аумағының едәуір бөлігі адамдар тұратын және қызмет ететін аймақтан тыс қалып отыр.

Бүгін Қазақстан үшін бұл проблема мәселеге айналып, ғылыми қауымдастықтың жан-жақты қызығушылығын тудыруда.

Сондықтан, қазіргі кезеңде геосаяси және әлеуметтік-экономикалық даму қажеттіліктеріне сәйкес келетін Қазақстан халқының саны мен құрылымының белгілі бір жай-күйін қолдау өмірлік қажеттілік.

Айта кету керек, «депопуляция» терминімен елдің тұрғылықты халқы жүйелі түрде табиғи кему нәтижесінде қысқарады, яғни өлім туу көрсеткішінен асып түсетін жағдай белгіленеді.

Соңғы жылдары Қазақстанның демографиялық дағдарыс үрдістеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік билік пен басқару органдарының қызметі айтарлықтай оң бағытта өзгере бастады. Бұл негізінен, ана мен баланы қорғау мен көп балалы отбасыларды мемлекеттік қолдау саясатынан көрініс тауып отыр.

Қазақстандағы демографиялық дамуды қарастырған ғалымдардың арасында профессор Р.У. Рахметованының зерттеулерінің маңызы жоғары. Ғалым демографиялық үдерістер мен жаһандану үрдісі арасындағы байланысты анықтай отырып, аймақтардағы демографиялық дамудың ерекшелігін, оларға әсер ететін факторларға эконометрикалық әдістерді қолдану арқылы тұжырымдар жасаған. Сонымен қатар, зерттеушінің аймақтардың әлеуметтік-демографиялық үрдістеріне әлеуметтік-экономикалық талдау жасап, этнодемографиялық дам у жолдары, қалалық және ауылдық тұрғындардың ішкі көші-қоны, осы үдерістердің жалпы тууға, өлім-жітімге әсері нақты әдістермен дәлелденген. Р.У. Рахметованың демографиялық зерттеулер нәтижесі Елдің индустриалды инновация бағдарламасына сәйкес өңірлердің адами даму стратегиясын дайындауға негіз болды [39].

«Қазақстанның демографиялық дамуының экономикалық механизмдері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысында К.А. Абенова елдің демографиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуының өзара байланысының теориялық және әдіснамалық негізін көрсете отырып, халық санын көтерудің экономикалық тетіктерін қарастырады. ҚР ұлттық, этностық ерекшеліктеріне әлеуметтік-экономикалық талдау жасау арқылы демографиялық дамудың негізі ауыл халқы екендігін дәлелдеген. Демографиялық үрдістердің негізгі көрсеткіші жалпы туу коэффициентінің статистикалық тәуелділік деңгейін құрып, оған әсер етуші экономикалық факторларды, оның ішінде жан басына келетін атаулы табыс көзінің орнын ерекшелейді. Ауылды тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтамасыз етудегі еңбек ресуртарының базалық нормативтерін жасады [40].

Демографиялық үдерістерді зерттеушілердің арасында белгілі қазақстандық демограф, профессор А.Н.Алексеенконы жатқызуға болады. Оның пікірінше, «Қазақстандағы қолданыстағы «демографиялық саясат» (тек Қазақстанда ғана емес) ғылым ретінде жан-жақты, көпсалалы іс-шараларды қамтиды. Бұл саясат патриоттық, этникалық, тарихи және басқа да вариациялардың көптеген мағыналарын біріктіреді.

Қазақстандағы «Демография» терминінің ассоциативті әлеуеті өте үлкен. Мысалы, аға буын тарапынан дәстүрлі үлкен отбасына оралу керек деген пікірлер жан-жақтан айтылып жатады. Бұл негізінен қазақ ұлтының жастарына қатысты. Егер олай болмаса, олар дәстүрді бұзды деп айыпталады. Бірақ, екінші жағынан, президент модернизация туралы айтады. Оның бірінші кезеңі - урбанизация. Урбанизация жағдайы әйел адамның ер адаммен тең әлеуметтік серіктестікте әрекет етуіне алып келеді. Бұл, өз кезегінде, әрқашан туудың төмендеуімен байланысты болады. Бұл жағдайда әйел адам баланы жоспарлау барысында әрқашан сандық көрсеткішке емес, сапалыққа көбірек мән береді. Осы жағдайда белгілі бір алгоритм автоматты түрде құрылып отырады. Мұны кейбіреулер вестернизация, салт-дәстүрден қол үзу және т.б. деп санайды. Яғни, демографиялық саясат отбасы призмасы арқылы туудың жоғары немесе төмен деңгейіне әсер етуі тиіс [41].

Демографиялық үдерістердің қазіргі заманғы қазақстандық ерекшеліктеріне зерттеуші ғалым Т.Н.Зозуляның еңбектерін жатқызуға болады. Оның пікірінше, қазіргі кездегі демографиялық үдерістер ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету немесе оған қауіп ретінде қарастырылады. Демографиялық проблемаларды ұлттық ішкі деңгейде әрбір мемлекет жеке-жеке шешу мүмкін. Демографиялық проблемалары бар көптеген елдерде мәселені шешуі үшін қаржылық және саяси әлеует қажет.

Қазіргі уақытта жаһандық демографиялық үдерістер айтарлықтай саяси ерекшеліктерге ие болды. Пайда болған демографиялық проблемалар, әрине, саяси жағдайға әсер етеді. Яғни, демографиялық проблемалар жаңа саяси үдерістерді, факторларды, оқиғаларды тездетуі, баяулатуы, өзгертуі, тоқтатуы немесе жасауы мүмкін.

Бір жағынан демографиялық үдерістер және онымен байланысты құбылыстар, тікелей немесе жанама түрде мемлекет аумағында саяси, экономикалық, рухани кеңеюге алып келуі мүмкін. Екінші жағынан, оның саяси жағдайды дамытуға бағытталған белсенді саяси қызметін ынталандыруы мүмкін.

Қазақстан Республикасындағы өтпелі кезеңдегі демографиялық проблемалардың объективті себептері болды. Оларға табыстардың төмендеуі, ертеңгі күнге деген сенімсіздік, халықтың өлім-жітім көрсеткішінің жоғарылауы, өмір сүру ұзақтығының қысқаруы, нәрестелер өлімі көрсеткішінің жоғарылауы, елден көшіп кетушілер қатарының көбеюі жатады. Сонымен қатар, некеге тұру жасының ұлғаюына байланысты туу көрсеткішінің төмендеуі факторын естен шығармау керек. Әрбір тұрмысқа шықпаған әйел некеден тыс бала туу туралы шешімді қабылдай бермейді [42].

Қазақстан Республикасының демографиялық даму мәселелеріне арналған алғашқы жұмыстардың бірі–М.Х.Асылбеков пен А.Б.Галиевтің «Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық үдерістер (1917-1980 жж.)» еңбегі. Авторлар КСРО-дағы жаһандық әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер аясындағы республиканың әлеуметтік-демографиялық дамуын тұтас және көп қырлы үдеріс ретінде қарастырады. Еңбекте 1897, 1920, 1923 (қалалық), 1926, 1959,

1970, 1979 жылдардағы халық санағы мәліметтері, мұрағаттық статистикалық материалдар және басқа да ақпараттық көздер негізінде Қазақстан халқы санының өсуінің негізгі үрдістері мен оның серпіні айқындалған. Ұлттық, әлеуметтік, жастық-жыныстық құрамындағы өзгерістер, сондай-ақ объективті және сыни талдау тұрғысынан елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында өткен тарихи өзгерістермен ұштастыра отырып, халықтың табиғи және механикалық қозғалыс үдерістері зерттелінген. Авторлар стереотиптер әсерінен шыға отырып, осы саланы зерттеушілердің назарын демографиялық үдерістердің негізгі мәселелерді шешуге аударады. Туындаған мәселелерді шешу үшін экономикалық және саяси үдерістердің қоғам мен жеке тұлғаға теріс әсерлерін толық зерттеп, олардың алдын алу жолдарын қарастырады. Олар республиканың қазіргі заманға сай дамуындағы көптеген демографиялық проблемаларын ашық айтады. Авторлар Қазақстандағы негізгі демографиялық проблемаларға балалар мен ересектердің өлім-жітім көрсеткішінің өсуі, отбасы мен отбасылық қатынастардың бұзылуы, жұмыссыздықтың және т.б. проблемаларды жатқызады. Сонымен қатар, осы еңбекте ұжымдастыру мен индустрияландыру кезеңіндегі Қазақстан халқының қоныстануын толығымен зерттеген [43].

М.Х.Асылбеков пен В.В.Козинаның «Қазіргі заманғы Қазақстанның демографиялық үдерістері» және «Егемендік жағдайындағы Қазақстан Республикасының демографиялық дамуы» атты монографиялары соңғы 20 жылдағы Қазақстанның демографиялық даму ерекшеліктеріне арналған. Зерттеу жұмыстары 1979,1989 жылдардағы Бүкілодақтық халық санағы және 1999 жылғы ҚР халық санағының нәтижесі материалдары негізінде жазылған. Бұл жұмыстар облыстар бөлінісінде республиканың демографиялық дамуын (халық санының серпі, табиғи қозғалыс факторлары, сапалық құрамның өзгеру үрдістері, көші-қон үдерістерінің себептері және олардың демографиялық ахуалдың өзгеруіне әсерін) зерттейді [44].

М.Б. Тәтімовтің еңбектерінде халықтың көші-қоны және оның ұдайы өсіп-өну үдерістеріне әсері, ұлттық демографиялық саясатты қалыптастыру мәселелері, сондай-ақ Қазақстанның демографиялық дамуын болжау аспектілері көрініс тапты [45].

90-жылдардың аяғы әлеуметтік-демографиялық үдерістерді аймақтық деңгейде зерттеудің пайда болуымен ерекшеленді. Демографиялық үдерістердің аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып талдаудың әдіснамалық тәсілдері мен әдістерін, сондай-ақ зерттеушілер тарапынан демографиялық үдерістерге әсер ететін бұрынғыда белгісіз факторларды анықтау Қазақстан Республикасының демографиялық дамуының өңірлік ерекшеліктері мен проблемаларын одан әрі, неғұрлым терең зерттеуге үлкен демеу болды [46–48].

Профессор Т.Ж. Жумасултанов Қазақстанннның демографиялық жағдайына ресми статистикалық мәліметтердің негізінде әлеуметтік-экономикалық талдаулар жүргізген. Қазақстан халқының демографиялық жағдайының даму ерекшеліктерінің бұрынғы заманнан қазіргі уақытқа дейінгі кезеңдері туралы «Көне заманнан біздің уақытқа дейінгі Қазақстан халқы», «Қазақстан халқы: ҚР

халқының қазіргі жағдайы» және «Қазақстан халқы: демографиялық және әлеуметтік дамуының қазіргі жағдайы» атты еңбектерін атап өткен. Ғалым өз зерттеулерінде ҚР-ның демографиялық аспектілерімен қатар, халықтың әлеуметтік дамуы, оның аумақтарда орналасуы, қала және ауыл халқының жағдайы, әлеуметтік-этникалық құрылымдағы өзгерістер, әлеуметтік-мәдени дамуы, жұмыспен қамтылуы және халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін қарастырған [49].

Қазақстандағы туу көрсеткіштеріне келсек, депопуляция құбылысы, яғни демографиялық дағдарыс 90-жылдарға тән. Сол кезеңде дүниеге келгендер саны, сәйкесінше аз болғандықтан, олар репродуктивті жасқа толған кезде (қазіргі кездің өзінде), туу көрсеткіштерінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Алдыңғы буынның туу көрсеткіштері төмен деңгейде болып, әрбір жаңа ұрпақ саны азайып отырса, халықтың табиғи кему үдерісі күшейіп, қарапайым ұдайы өсіп-өнуді қамтамасыз етпейді. Бұл, халықтың баяу, бірақ тұрақты жойылу үдерісіне алып келеді. Яғни, Қазақстандағы демографиялық дағдарыс домино әсеріне тап болуы мүмкін.

Экономикалық факторлар халықтың ұдайы өсіп-өну тәртібіне белгілі бір түрде әсер ете отырып, қазіргі қоғамның тыныс-тіршілігінде шешуші рөл атқарады. Адамдардың әлеуметтік мінез-құлқының және дүниетанымының стандарттары өзгереді. Әлеуметтік мінез-құлықтың жаппай жаңа стандарттары жеке еркіндік, білім алу, беделді мансап, әлеуметтік және экономикалық тәуелсіздік, материалдық тұтыну және т.б. сияқты өмірлік бағдарлардың ықпалымен қалыптасады. Баланың өмірге келуі әйелдер үшін, бұл қажеттіліктерді жүзеге асыруды қиындатуы мүмкін. Сондықтан, мінез-құлықтың мұндай түрі, көбінесе, материалдық ұдайы өндіріс қызметтерімен толықтырылып отыра, индивидтің репродуктивті уәждемелерін бұғаттайды. Қазіргі уақытта, неғұрлым дамыған елдерде материалдық табыстары жоғары отбасылар, әдетте, бір немесе екі балалы болады. Ал салыстырмалы түрде, индустрияға дейінгі дәуірде бай отбасылар, оның ішінде, қалалық отбасылар, көбінесе, көп балалы болған. Индустриялық және постиндустриялық экономикаға көшу, тұтыну саласын кеңейту туудың төмендеуіне ықпал етті. Қоғамда отбасылық құндылықтар, репродуктивтік ұстанымдар, мәдени-ақпараттық саланы қалыптастыруға сәйкес келетін орта болады. Белгілі бір қоғамда, мемлекетте осы үдерістердің барлығы демографиялық мінез-құлыққа жартылай, ішінара ғана ықпал ете алады. Сондықтан, неке, отбасы және бала туу саласындағы қоғамдық құндылықтардың өзгеруі, әлеуметтік мінез-құлықтың тұрақты нормаларының болмауы, репродуктивті уәждеменің төмендеуінің менталитеттік себептерін қалыптастырады. Сонымен қатар, ол демографиялық мінез-құлыққа ерекше әсер етеді.

Алдыңғы қарастырылған мәліметтер бойынша, демографиялық өткел теориясына сәйкес, жаңғырту үдерістері жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің өсуіне, денсаулық сақтау жүйесі, тамақтану сапасының жақсаруына алып келеді. Ал ол, өз-кезегінде, өмір сүру ұзақтығының өсуіне және халықтың өлім-жітімінің біртіндеп қысқаруына себепші болады. Осыған қарамастан, халық

санының табиғи өсуін қамтамасыз ететін туу деңгейі жоғары болып қала береді. Бірақ бірте-бірте, қоғамның тыныс-тіршілігінің жаңғыртулық өзгерістерінің нәтижесінде бала туу көрсеткіштері төмендей бастайды. Содан кейін туу көрсеткіштері өлім-жітім көрсеткіштеріне қарағанда тезірек төмендей бастайды. Ал ол халық санының өсуін тежеуге алып келеді. Келесі кезеңде өлім-жітім деңгейі демографиялық қартаюдың салдарынан өсе бастайды. Ал бала туудың төмендеуі баяулайды, осы себептен халықтың ұдайы өсіп-өну деңгейінде туу мен өлім-жітімнің тұрақтануы орын алады [50].

Демографиялық өткел теориясының Қазақстандық демографиялық үдерістеріне қатысын қарастыратын болсақ, Қазақстанда 90-шы жылдарда орын алған демографиялық дағдарыстың шарықтау кезеңдерін талдай отырып, олардың кейбіреулері демографиялық өткел теориясының ережелеріне сай келмейтінін байқауға болады. Қазақстанда демографиялық дағдарыс барлық әлеуметтік жүйенің дағдарысына алып келген әлеуметтік-саяси құрылымның бұзылуынан кейін кешенді сипатқа ие болды.

Біріншіден, Қазақстанда туу көрсеткіші біртіндеп емес, керісінше, күрт төмендеді, яғни, халықтың ұдайы өсіп-өну деңгейінен де төмен болды. 1989 жылы ТЖК мәні 2,82 болса, 1992 жылы 2,5-ке, 1995 жылы 2,26-ке дейін төмендеді. Алайда, Қазақстандағы ең төменгі көрсеткіш 1999 жылы – 1,7-ге дейін төмендеген [51].

Екіншіден, демографиялық өткел теориясына сәйкес, өлім-жітімнің төмендеуі мен өмір сүру ұзақтығының өсуінің орнына, Қазақстанда өлім-жітім көрсеткішінің күрт жоғарылауы мен халықтың жалпы өмір сүру ұзақтығының қысқаруы орын алды. Демек, Қазақстандағы демографиялық дағдарыс өзге себептерге байланысты [51].

Қазақстандық демографиялық дағдарыстың ерекшелігі туу көрсеткішінің төмендеуі мен өлім-жітім көрсеткіштерінің күрт өсуінен тұрады. 1990 жылдан бастап, 9 жыл бойы халықтың өлім-жітім көрсеткіші азаймай, ТЖК 2,0 деңгейден жоғары көтерілмеді [52]. Бұл феномен ТМД кейбір елдерінде де орын алды. Батыс Еуропа елдеріндегі демографиялық дағдарыстың себептеріне қарағанда, әлеуметтік өзгерістерінің серпіні мен сипаты бойынша біршама ерекшеленеді.

Қазақстанда халық санының азаюының орын алуы халықтың басым көпшілігінің өмір сүру деңгейі мен сапасының төмендеуіне алып келген 1990 жылдардағы түбегейлі өзгерістерге байланысты. Осы жылдардағы дағдарыстың кесірінен ел өз дамысы бірнеше жыл артқа жылжып қалған болатын. Мемлекеттің реттеуші рөлінен бас тартуы, жекешелендіру саясатындағы қателіктер отандық экономиканың өткір дағдарысты бастан кешуіне алып келді. Мысалы, 1994 жылы жылдық тұтынушылық бағалар инфляциясы 1877,3% құрады [51]. Кең мағынада мемлекет әлеуметтік тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қабілетсіз болып шықты. Осының барлығы елдегі кедейшілік пен жоқшылықтың, жұмыссыздық пен қылмыстың өсуіне ықпал етті. Демек, халықтың табиғи ұдайы өсіп-өнуіне экономикалық себеп-салдарлардың бастапқыдан қарама-қарсы (батыс елдеріне қарағанда) әсер ету

серпінін байқауға болады. Бұл Қазақстанның демографиялық дамуындағы экономикалық факторлардың әрқашан маңызды екенін көрсетеді.

Демографиялық өткел теориясының екінші нұсқасына келер болсақ, Қазақстанда әлеуметтік мінез-құлық құндылықтары мен нормалары жүйесіндегі өзгерістер, өзіне тән басқаша ерекшеліктерге ие. Батыс Еуропа елдері экономика мен мәдениет салаларымен өзара тығыз байланысты. Ал Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка елдері арасындағы мәдени-ақпараттық және саяси ықпал ету шекаралары неғұрлым ашық болды. Сондықтан, менталитеттік және өзге де әлеуметтік өзгерістер ықпал етудің жалпы шекаралары аясында бірте-бірте іске асырылып отырды.

Елімізде 1990 жылдардың басына дейін әлеуметтік құрылым, ұлттық мәдениет, қоғамдық құндылықтар мен әлеуметтік мінез-құлық нормалары Батыс құндылықтарынан жабық мәдени-ақпараттық, саяси кеңістіктің шеңберінде қалыптастырылған. КСРО-ның ыдырауымен елімізге батыстан дүниетанымның жаңа түрі күрт, бақылаусыз мәдени ерекшеліктері енгізіле бастады. Ол тарихи қалыптасқан әлеуметтік ұйымдастыру түрі, мәдени ерекшеліктері және қоғамда қалыптасқан үстемдік құндылықтары біздің елдегі жағдайға қарағанда, айтарлықтай өзгеше болды. Бұл Қазақстан тарихында болмаған және күрт өзгерістерге алып келген әлеуметтік-мәдени трансформацияның көзі бола отырып, үлкен әлеуметтік толғаныстар мен күйзелістерге алып келді.

2000-шы жылдары бұл өзгерістер бірте-бірте тұрақтылыққа ие бола бастады. Осы кезеңде біраз өзгерістерге ұшыраған экономика мен мәдениеттің батыс үлгілері қазіргі қазақстандық қоғамның әлеуметтік жағдайының негізін қалады. Сондықтан, Қазақстандағы демографиялық үдерістерді талдау барысында қазіргі зерттеушілердің кейбіреулері демографиялық өткел теориясының кейбір ережелерін пайдаланады. Алайда, ол өткел өзге тарихи жағдайларда болғанын естен шығармау керек.

Әрбір елде нақты демографиялық саясат белгілі бір институционалдық құрылымға, ұйымдық және функционалдық ерекшеліктерге ие болады. Қалыптасқан әлеуметтік жағдайлардың нәтижелілігі мен қолайлылығына әсер етеді. Демографиялық саясат проблемасына нақты институционалдық тәсілді қолдану функционалдық қызметті ұйымдастыруды көздейді. Осы саясатты жүзеге асыруға қатысатын мемлекеттік және басқа да институттардың өзара іс-әрекеттерін талдайды. Сонымен қатар, осының негізінде оның қоғамның тарихи қалыптасқан институционалдық құрылымына сәйкестігін анықтауды білдіреді.

Институционалдық тәсіл тұрғысынан Қазақстандағы демографиялық проблемалардың себебін анықтауға келетін болсақ, қазақстандық қоғамның мәдени мұрасының, негізгі формальды, формальды емес институттарының өзгеруінің нәтижесі болып табылады [53].

Демек, 1990 жылдардағы туу көрсеткішінің төмендеуі халықтың негізгі әлеуметтік институттардың, нормалар мен құндылықтардың күрт өзгеруіне бейімделуге бағытталған бастапқы реакциясы болды [53, p. 139–149].

Туу көрсеткіштерін жоғарылату саясатында объектіні субъект үшін қажетті іс-әрекеттерге, демографиялық мінез-құлық түрлеріне ынталандыру мақсатында материалдық және моральдық түрде қолдау негізінде ынталандыру әдісі жиі пайдаланылады. Тарихта туу көрсеткішін көтеру саясатында әртүрлі әдістерді қолданудың біраз тәжірибесі белгілі. Оларға, мысалы, бойдақтарға арналған салық енгізу, балалары жоқ адамдар үшін беделді жұмысқа тұрудың қол жетімділігін шектеу жатады. Қазіргі кезеңде мұндай әдістер демократиялық қоғам бағытына сәйкес келмейтін болғандықтан дамыған елдерде қолданылмайды. Туу көрсеткіштерін арттырудың саясатында ынталандыру әдісін қолдану, әлеуметтік мінез-құлық және неке, отбасы, бала туу саласында шешімдер қабылдауға жанама әсер ету арқылы жүзеге асырылады. Негізінен, ол материалдық ынталандыру, жеңілдіктер, жәрдемақы беру, балалы отбасыларға төленетін демалыс беру және т.б. сияқты түрде көрініс табады. Экономикалық ынталадырудан басқа моралды-идеологиялық ынталандыру түрілері де белгілі. Мәселен, КСРО кезінде көп балалы аналар үшін мемлекеттік марапаттар тағайындалған.

Қазіргі Қазақстанда мемлекеттік демографиялық саясат отбасы мен бала тууды материалдық қолдау шараларынан басқа, отбасылық құндылықтарды, салауатты өмір салтын насихаттауды және т.б. көздейді. Демографиялық даму мақсаттарын қолдауға бағытталған ақпараттық-насихаттық сипаттағы шаралар туу көрсеткіштерін көтеру саясатын жүргізетін бірқатар басқа елдерде де (Франция, Ирландия) жүзеге асырылады. Алайда, көбінесе, олар фрагменттік сипатқа ие, ал туу көрсеткіштері төмен елдердің көпшілігінде мүлдем іске аспауы мүмкін [54].

Демографиялық мінез-құлықты айқындайтын қоғамның құндылық бағдарына ықпал етуші арнайы іс-шараларды мемлекеттік басқару тәжірибесін қолданысқа енгізу маңызды мәселе. Мұндай шаралар балаларға деген қажеттіліктің қалыптасуына ықпал етуі мүмкін. Оларға отбасылық құндылықтарын насихаттау, отбасы идеалдарын қолдаудағы мәдени-бұқаралық іс-шаралар, әлеуметтік жарнамалар, азаматтық тәрбие және т.б. жатқызуға болады. Мұндай шаралар туу көрсеткішін арттырудың демографиялық саясатының идеологиялық мазмұнын құрайды.

Осылайша, туу көрсеткіштерін көтерудегі демографиялық саясаттағы ынталандыру әдісі келесідей екі шара тобы негізінде қолданылуы мүмкін:

1) демографиялық мінез-құлықты материалдық ынталандыру шаралары;
2) демографиялық мінез-құлықты моральдық-құндылықты ынталандыру шаралары.

Соңғылары туу көрсеткішін көтеру саясатын жүзеге асыратын елдерде кеңінен таралмаған. Дамыған батыс елдерінің отбасылық және демографиялық саясатының барлық түрлерінде үш баласы бар отбасылар санын ұлғайтуға бағытталған саясат жоқ. Өйткені бұл жеке өмірге араласу болып табылады [52].

Қазіргі Қазақстандағы демографиялық саясаттың тұрақты тәжірибесі отандық модельдің қалыптасу кезеңінде тұр. Бұл саясаттың басым бағыттарының бірі қоғам өмірінің рухани-адамгершілік ахуалына әсер ету

болып табылады. Бұл міндетті халықтың басым бөлігінің алдында ескі тәрбие жүйесі бұзылып, өз беделін түсірген, ал жаңалары жаңадан қалыптасып жатқан жағдайларда шешуге тура келеді.

Демографиялық саясат мәселелерінің кең немесе тар спектріне қарамастан, оның әрекет ету саласы айтарлықтай ауқымды. Өйткені, тұтастай алғанда демографиялық үдерістер және атап айтқанда, халықтың ұдайы өсіп-өнуі қоғам өмірінің көптеген түрлі факторларына байланысты. Осыған байланысты демографиялық саясат қоғамдық өмірдің түрлі салаларымен байланысып, өзінің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес мемлекеттік саясаттың басқа да түрлерімен әрекеттесіп отыруы мүмкін. Мысалы, демографиялық саясатқа жас ата-аналарды жұмыспен қамту үшін қолайлы жағдайлар жасау, мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамыту жатады. Келесіде ұрпақты жалғастыру үшін денсаулығын сақтау мен жақсартуға жәрдемдесу жөніндегі міндеттер кіруі мүмкін. Бірақ мұның бәрі бала туу саласындағы демографиялық үдерістердің барысына әсер ететін проблемалар бөлігіне, яғни, жұмыспен қамту, білім беру, денсаулық сақтау салаларына қатысты.

Демографиялық үдерістер демографиялық саясаттың пәні ретінде белгілі бір демографиялық топтар мен әлеуметтік институттарға ықпал етіп отырады. Мысалы, халықтың табиғи өсімі сияқты демографиялық үдерісті мемлекеттік басқару болып табылады. Бұл, ең алдымен, қоғамның неке-отбасы, репродуктивтік мінез-құлқына әсері арқылы жүзеге асырады, ал оның сипаты, көбінесе, отбасы институтының тыныс-тіршілігімен анықталады. Бұл жағдайда отбасы институты демографиялық саясаттың басты мақсатты объектісі ретінде әрекет етеді. Отбасы институты мемлекеттік отбасы саясатының басты объектісі бола алады.

Теориялық және тәжірибиелік тұрғыдан неғұрлым кең қарастырылатын анықтамалардың біріне сәйкес отбасы саясатын келесідей түсінуге болады: «Қоғамның мүддесіне сай отбасылардың әл-ауқатын жақсарту мен дұрыс қызмет жасауын қамтамасыз етуді мақсат ете отырып, балалы отбасыларға белгілі бір әлеуметтік кепілдіктер беретін тәжірибелік шаралар кешені» [56].

Осындай мүдделердің бірі отбасының репродуктивті қызметін ынталандыруды көздейтін бала тууды арттыру болуы мүмкін. Бұл, халық санының өсуіне бағытталған демографиялық саясатты жүргізуге де қатысты болады. Мұндай жағдайда бала тууды қолдауға бағытталған шаралар демографиялық және отбасылық саясаттың екеуіне де енгізілуі мүмкін. Сонымен қатар, профессор М.А.Клупт атап өткендей, «Отбасы саясаты әлеуметтік институт ретінде отбасын қолдауға және оның белгілі бір топтарына (жас отбасыларға, балалы отбасыларға, жалғыз басты аналарға және т. б.) көмек көрсетуге бағытталған. Бірақ демографиялық саясатқа қарағанда, демографиялық көрсеткіштерді өзгертуге тікелей бағытталмаған» [18, с. 36].

Демек, отбасы саясатының шаралары, ең алдымен, мемлекеттің әлеуметтік міндеттерімен байланысты болса, ал демографиялық саясат халықтың құрылымы мен санындағы стратегиялық мүдделерімен байланысты.

Халық санын көбейтуды қажет ететін қазіргі Қазақстан жағдайында мемлекеттік демографиялық саясат пен отбасы саясаты, туу саласында бір-бірін айтарлықтай дәрежеде толықтырып отыруы тиіс. Ол балалы отбасылардың өмірін жақсарту арқылы іске асуы қажет. Осыған байланысты диссертациялық жұмыста Қазақстанның демографиялық бағыттағы мемлекеттік отбасы саясатының шаралары да қарастырылатын болады.

Демографиялық үрдістерді мемлекеттік басқару, халық санын өзгерту азаматтардың отбасын құру, балалы болу және т.б. жөнінде шешім қабылдаумен байланысты сана-сезіміне және мінез-құлқына әртүрлі жолмен әсер етуді қарастырады. Сондықтан демографиялық үдерістерді (неке, ажырасу, туу, өлім) тікелей қалыптастыратын адамдардың мінез-құлқы демографиялық саясаттың нақты әсер ету саласы болып табылады. Әдетте ол халықтың демографиялық мінез-құлқы ретінде айқындалады. Бұл жағдайда демографиялық саясатқа тікелей әсер етуші – қоғамның демографиялық мінез-құлқы анықтамасын нақтылау орынды болады.

Демографиялық саясаттың басқару деңгейі демография саласындағы саяси мақсаттарды іс жүзінде іске асыру ретінде қарастырылады. Бұл демографиялық даму мүддесінде билік ресурсын нақты түрде пайдалануды білдіреді. Осыған байланысты ғылыми талдаудың маңызды саласы мемлекеттік заң шығарушы және атқарушы билік институттарының саяси-басқарушылық қызметі болып табылады. [57]. Демократиялық қоғамда билік пен демографиялық саясат субъектілерінің өзара іс-қимылын дамыту кезінде саяси партиялар, азаматтық қоғам институттары, ғылыми бірлестіктер, кәсіподақтар, бизнестің әлеуметтік жауапкерлігі сияқтылар ықпал тигізеді.

Демократиялық мемлекетте мемлекеттік басқару органдары мен басқа да әлеуметтік институттар халықтың демографиялық мінез-құлқын әртүрлі жолдармен ынталандыру арқылы демографиялық дамуды басқаруға бағдарланады. Бұл ретте, адамның мінез-құлықына ғана емес, азаматтық санаға, демографиялық саладағы дүниетанымға әсер етудің ынталандырушы құралдары да пайдаланылуы мүмкін [58]. Демек, мемлекеттің демографиялық саясаты белгілі бір құндылықты, идеологиялық негізге ие болуы мүмкін.

Бөлімді қорытындылай келе, мемлекеттік демографиялық саясат өзара толықтырылып отыратын және өзара байланыста болатын саяси және басқарушылық жүйе қызметінің саласы болып табылады. Олар мемлекеттік демографиялық саясатты биліктің, мемлекеттіліктің қолданыстағы режимін сақтау, нығайту үшін қажетті халықтың саны мен құрылымының оңтайлы жағдайына қол жеткізуге бағытталған саяси-басқарушылық қызмет болып табылады.

Мемлекеттік демографиялық саясат саяси-басқару санаты ретінде демографиялық даму саласындағы саяси басымдықтар, мақсаттар нақты нысанға әсер ету үшін мемлекеттік басқару әдістері, тетіктері және саяси ресурстарды пайдаланады. Сонымен қатар, ол нақты шараларды іске асыру формасында саяси реттеу және басқару тетіктерін қолдану туралы тиісті шешімдер негізінде көрініс табады. Демографиялық саясат өз субъектісі, нақты

мақсаттары, міндеттері, мәні және нәтижелерге қол жеткізудегі ерекше мемлекеттік саясаттың дербес, жеке түрі.

*Демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаты* – бұл мемлекеттің халық санының оң бағытта өзгеру қарқынын сақтау, яғни туу көрсеткіштерінің өсуі, өлім-жітімнің азаюы, көші-қон үрдісін тиімді реттеу, елдегі тиімді жастық-жыныстық құрылымды сақтау, қалаулы және болжамды балалар санына әсер ететін факторларға әсер ету, өмірлік құндылықтар жүйесіндегі отбасы маңыздылығын арттыру, өзін-өзі сақтауды насихаттау сияқты іс-шараларды жүзеге асыруы болып табылады.

Мемлекеттік демографиялық саясат негіздері саяси режимнің сипатына, саяси жүйенің құрылымына, мемлекет институтына, демографиялық жағдайға, мемлекеттің демографиялық даму мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдаланылатын тәсілдерге байланысты қалыптасады. Демографиялық саясаттың көрсетілген негіздері олардың әрқайсысына тән, тұтастай алғанда, оның жай-күйін айқындайтын бірқатар элементтерді қамтиды. Осылайша, мемлекеттік демографиялық саясатты қалыптастыру және іске асыру негіздері оның ғылыми-саяси талдауының пәндік саласы болып табылады.

## 2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ ӘЛЕУЕТІНЕ ӘСЕРІН ТАЛДАУ

### 2.1 Қазақстандағы мемлекеттік демографиялық саясаттың ықпалының мониторингі

Мемлекеттік демографиялық саясатты теориялық-әдіснамалық талдау мемлекеттің өзінің билік ресурстарын, реттеу құралдары мен тетіктерін кеңінен пайдалана отырып, демографиялық үдерістерге елеулі әсер етуі және оларды берілген бағытта өзгерте алатынын анықтауға мүмкіндік берді.

Қазақстанның Батысеуропалық елдерден айырмашылығы халықтың азаю үдерісі күрт төмендеу динамикасына ие болды және көбінесе, 1990 жылдары әлеуметтік қатынастардың барлық жүйесін қайта құру салдарынан елдегі кешенді дағдарыстың басталуымен байланысты. Бұл Қазақстандағы халық санының төмендеуі табиғи және ішкі себептермен байланысты екендігін білдіреді. Бұны Қазақстан халықының санын статистикалық зерттеу барысында көруге болады. Мысалы, 1991 жыл мен 2001 жылдар аралығындағы халықтың табиғи өсімі 218,8 адамнан 73,6 мың адамға дейін төмендеген, яғни 145,2 (3 есе) мың адамға кемігенін көруге болады [52].




Сурет 4 – 1991-2020 жылдар аралығындағы кезең соңындағы ҚР халық саны (млн адам)

Ескерту – [52] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Мемлекеттің саяси өміршеңдігінің қоғамның ұдайы өндіріс әлеуетін іске асыруына тәуелділігі демографиялық саясаттың депопуляция қаупіне биліктің практикалық реакциясы ретінде қалыптасуын негіздейді.

Алайда, Қазақстандағы демографиялық проблемалар белгілі бір уақытта мемлекеттік биліктің назарынан тыс қалған, бұл демографиялық жағдайдың

ушығуына ықпал етті. Мемлекеттік биліктің Қазақстандағы демографиялық мәселелердің сын-қатерлеріне уақытылы жауап бермеуі – мемлекеттің қоғамдық дамуды басқару функцияларын әлсіретуінің салдарына алып келді. Бұл демографиялық проблемалардың кеңейінуе, жағымсыз демографиялық үрдістердің тұрақты сипат алуына ықпал етті. 1999 жылы Қазақстан бойынша 1000 адамға шаққандағы туудың жалпы коэффициентінің шамасы ең төменгі (14,57 адам) көрсеткішке жетіп, ал еңбекке қабілетті жастағылар арасындағы өлім-жітім көрсеткіші жылдан жылға өсе берді [52].

1990 жылдардың өтпелі кезеңі некеге тұрудың динамикасына да теріс әсер етті. Мысалы, 1991 жылмен салыстырғанда 1999 жылы некелесудің жалпы коэффициенті 10,09-дан 5,75-ке дейін төмендеп, Қазақстандағы отбасы институтының дағдарысқа ұшырағанын көрсетеді.

Қазақстандағы халық санының қысқаруына жаппай эмиграция айтарлықтай ықпал етті, ол әсіресе 1990-шы жылдары өскен болатын. Барлық ағындар бойынша көші-қон айырымы оң нәтижеге тек 2004 жылы ғана жеткен, ал елімізден көшіп кетушілердің ең жоғары көрсеткіші 1994 жылы -406,6 мың адамды құраған. Негізінен, бұл жоғары білікті мамандар, сондай-ақ, зияткерлік және репродуктивті әлеует, еңбекке жарамды жастағылар болды [52].

Қазақстандағы демографиялық үдерістердің терең айқындалған дағдарыстық сипаты ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, экономика мен әлеуметтік саланы дамытуда проблемалық жағдайлар кешенін тудырады [59], бұл сөзсіз биліктің тиісті саяси реакциясын талап етеді.

Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қатерлерінің бірі демографиялық жағдайдың және халықтың денсаулығының нашарлауы, оның ішінде бала туудың күрт төмендеуі, өлім-жітімнің артуы болып табылады. Бұған байланысты тұрақты демографиялық үдерістер ел дамуының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады [60]. Мәселен, 1997 жылдың желтоқсанында ҚР Көші–қон және демография жөніндегі агенттігі құрылған болатын. Ол Үкімет құрамына кірмейтін және 2004 жылдың қазанына дейін өз қызметін жүзеге асырған орталық атқарушы орган болды. Оның негізгі миссиясы халық санының өсуін қамтамасыз ететін мемлекеттік демографиялық және көші-қон саясатын әзірлеу мен оны іске асыру болып табылды. 1998 жылы ҚР Президенті жанындағы кеңес беру орган ретінде отбасы және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссия (қазіргі әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия) құрылды. Оның негізгі міндеттерінің бірі – елдегі демографиялық жағдайды жақсартуға жәрдемдесу болды.

«Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясында Елбасы Н.Ә.Назарбаев тұрақты даму үшін ескеру қажет XXI ғасырдың 10 жаһандық сын-қатерлер туралы айтқан болатын. Мұндай сын-қатерлердің бірі – жаһандық демографиялық дисбаланс. Қазақстан адам әлеуетін сақтап қалу үшін үлкен мүмкіндіктерге ие [1]. Қазақстан халқы салыстырмалы түрде жас болып табылады. Бұл ретте, еліміздегі ерлердің

орташа жасы – 30,2 жас, әйелдердің орташа жасы – 33,5 жасты құрайды . Демек, қазіргі жағдайда Қазақстанның демографиялық даму мәселелерін зерттеу жоғары мәнге ие.

Негізгі Стратегияға сәйкес еліміздің халық саны тұрақты өсіп отыруы үшін жыл сайын 1 пайыздан асып отыру керек. Негізі, статистикалық мәліметтерге сай, халық саны 2003 жылдан бастап тұрақты түрде өсе бастады. Соңғы 20 жылда халық саны көбейген аймақтарға Нұр-Сұлтан (63,9%) қаласы, Маңыстау (54,6%) облысы және Алматы (41,1%) қаласы жатады. Бұл аймақтардағы көрсеткіштердің жоғары болуы ішкі миграция және әлеуметтік-экономикалық тартымдылықпен байланысты. Кері көрсеткіштер Солтүстік Қазақстан (-29%), Қостанай (-12,1%), Шығыс Қазақстан (-10,1%) және Ақмола (-6,9%) облыстарына тиесілі. Бұл аймақтардан көшіп кетушілер саны жоғары деңгейде, сонымен қатар, туу көрсеткіші салыстырмалы түрде төмен болып келеді.

Кесте 1 – 2000-2020 жылдар аралығындағы кезең басындағы халық саны, мың адам

| № | Аймақтар | 2000 жыл | 2005 жыл | 2010 жыл | 2015 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2020 жыл | 2000 / 2020, (%) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ҚР | 14883,6 | 15147 | 16321,9 | 17542,8 | 17918,2 | 18157,3 | 18631,8 | 20,1 |
| 2 | Ақмола | 787,8 | 746,9 | 734,2 | 740,5 | 734,4 | 738,9 | 736,7 | -6,9 |
| 3 | Ақтөбе | 674 | 682,7 | 770,5 | 828,7 | 845,7 | 857,7 | 881,7 | 23,6 |
| 4 | Алматы | 1555,7 | 1596,8 | 1854,5 | 1934,7 | 1983,5 | 2017,3 | 2055,7 | 24,3 |
| 5 | Атырау | 442,7 | 467,9 | 526,5 | 588 | 607,5 | 620,7 | 645,3 | 31,4 |
| 6 | БҚО | 605,4 | 607,9 | 606,1 | 633,5 | 641,5 | 646,9 | 656,8 | 7,8 |
| 7 | Жамбыл | 984 | 996,6 | 1040,4 | 1104,6 | 1115,3 | 1117,2 | 1130,1 | 12,9 |
| 8 | Қарағанды | 1377,6 | 1333,1 | 1349,5 | 1381,5 | 1382,7 | 1380,5 | 1376,9 | -0,1 |
| 9 | Қостанай | 974 | 905,3 | 882,5 | 882,7 | 879,1 | 875,6 | 868,5 | -12,1 |
| 10 | Қызылорда | 599,1 | 615,1 | 694,8 | 759 | 773,1 | 783,2 | 803,5 | 25,4 |
| 11 | Маңғыстау | 317,2 | 368,1 | 513,7 | 616,8 | 642,8 | 660,3 | 698,8 | 54,6 |
| 12 | ОҚО | 2028,2 | 2213,6 | 2539,6 | 2814,4 | 2878,6 | - | | 29,5* |
| 13 | Павлодар | 781,6 | 743,4 | 745,3 | 757,2 | 757,0 | 754,9 | 752,2 | -3,9 |
| 14 | СҚО | 708,1 | 664,5 | 591,1 | 570,7 | 563,3 | 558,6 | 548,8 | -29,0 |
| 15 | Түркістан | | | | | - | 1977,0 | 2016,0 | 1,9** |
| 16 | ШҚО | 1507,9 | 1436,6 | 1398,1 | 1395,7 | 1389,6 | 1383,7 | 1369,6 | -10,1 |
| 17 | Нұр-Сұлтан қ. | 410,6 | 539,9 | 673,2 | 862,7 | 972,7 | 1030,6 | 1136,2 | 63,9 |
| 18 | Алматы қ. | 1129,6 | 1228,7 | 1401,9 | 1672,1 | 1751,3 | 1802,0 | 1916,8 | 41,1 |
| 19 | Шымкент қ. | | | | | - | 952,2 | 1038,2 | 8,3** |

Ескерту – [52] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған
* 2000/2017 жылдар аралығындағы мәліметтер негізінде есептелінген
** 2018/2019 жылдар аралығындағы мәліметтер негізінде есептелінген

Қазақстанда демографиялық өсуді ынталандыруға бағытталған бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылды. Сонымен қатар, демография және көші-қон саласында, белгілі бір уақытта уәкілетті мемлекеттік органдар құрылды, бұл 1990 жылдары орын алған теріс үрдістерді еңсеруге ықпал етті. ҚР Көші–қон және демография жөніндегі агенттігін құруды және осы салада арнайы бағдарламалар қабылдауды қоса алғанда, қабылданған шаралардың

уақытында іске асып отыруы елдің демографиялық даму траекториясын жағымсыз жағдайдан оңтайлыға өзгертуге мүмкіндік бергенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, оң өзгерістер демографиялық толқынның салдары болды.

Жүргізілген демографиялық саясаттың арқасында Қазақстан белгілі бір табыстарға қол жеткізілді. Мемлекет халықтың депопуляциясы мен демографиялық дағдарыстың алдын алды. 2002 жылдан бастап елде туу, табиғи өсім және халықтың өмір сүру ұзақтығы көрсеткіштерінің тұрақты өсуі байқалады [52].

Қазақстанның демографиялық саясатының түйінді ерекшеліктеріне БҰҰ-ның халық санағын жүргізу мерзімдері бойынша (10 жылда бір рет) ұсынымдарын және пилоттық санақ түріндегі қажетті дайындық рәсімдерін ұстануы; әлемдік рейтингтердің деректері бойынша Қазақстан халықтың тығыздығы бойынша төмен позицияны иеленуі және аз қоныстанған аумақтар қатарына жатуы; 1990–жылдардың аяғында-2000 жылдардың басында ҚР Мемлекеттік басқару жүйесінде көші-қон және демография жөніндегі агенттік жұмыс жасауы, қазіргі кездегі демографиялық саясатты іске асыруға жауапты бірыңғай мемлекеттік органның болмауы; ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қатерлері болып табылатын демографиялық жағдайдың және халық денсаулығының нашарлауы жатады.

Қазақстандағы жүргізіліп отырған мемлекеттік саясат белгілі бір аймақтарға бөлінбейді. Бағдарлама жалпы рсепубликалық деңгейде қабылданса, оның аймақтарда іске асуы жергілікті атқарушы органдардың құзіреттілігінде, ал мемлекет, өз тарапынан, тек бақылаушы, реттеуші орган қызметін атқарады. Қазақстан аймақтарының демография саласындағы мемлекеттік саясаты репродуктивті денсаулық жағдайын жақсарту мен бала тууға ынталандыру, өлім-жітімді азайту және ішкі және сыртқы көші-қонды реттеу жөніндегі шараларды іске асыру арқылы ел халқының табиғи және механикалық қозғалысындағы негізгі үдерістерді, яғни туу, өлім-жітім және көші-қонды реттеуге бағытталған [61].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасы елдің ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес халықтың сандық және сапалық өсуін қамтамасыз ету, депопуляцияның алдын алу және демографиялық үдерістердегі негативті тенденцияларды еңсеру болып табылады. Тұжырымдаманың негізгі міндеттеріне сай, халықтың денсаулығын жақсарту (соның ішінде, репродуктивті денсаулық) өлім-жітімді азайту, соның арқасында өмір сүру ұзақтығын көтеру, тууды реттеу және оны болашақта көтеру, отбасының өмір сүру жағдайын жақсарту, неке-отбасы қарым-қатынастарын нығайту, миграциялық үдерістерді реттеу, халықтың денсаулықты жақсарту жағдайына жауапкершілікті арттыру, экологоиялық апаттардың негативті салдарларын еңсеру қарастырылған [62]. 2001-2005 жылдарға арналған демографиялық даму бағдарламасын ҚР Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі әзірлеген болатын. Бағдарламаның негізгі мақсаты – демографиялық үдерістердегі жағымсыз мәселелерді еңсеру және халық санының өсуіне қол жеткізу үшін кешенді шешімдерді әзірлеу және оны

іске асыру болып табылады. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде репродуктивті денсаулықты қорғау, отбасы институтын нығайту, өлім-жітімді төмендету бойынша бірқатар проблемаларды шешу көзделген болатын. Бұл бағдарламаны іске асыру барысындағы жетістіктерінің бірі – тууды ынталандыру жөніндегі Бағдарламаны әзірлеу және қабылдау болды. Сонымен қатар, халықтың өндірістегі жазатайым оқиғалар мен жарақаттанушылықтан, алкоголизм мен нашақорлықтан өлім-жітім салдарларын төмендету бойынша жұмыстар жүргізілген болатын [63].

Ана мен бала денсаулығын қорғау бағдарламасы дер кезінде қабылданған және өзекті болды. Аталған бағдарлама аясында жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу үшін бюджеттен 2001 жылы 4,3 млрд.теңге, 2002 жылы 5,9 млрд. теңге және 2003 жылы 5,8 млрд. теңге бөлінді. 2004 және 2005 жылдары жыл сайын республикалық және жергілікті бюджет, халықаралық ұйымдар мен донор елдердің қаражатынан 5,8 млрд.теңге бөлінді.

Халықтың денсаулығын сақтау іс-шараларына 2003-2005 жылдарға арналған «Халық денсаулығы» мемлекеттік бағдарламасы [64], «ҚР халқының денсаулығы» мемлекеттік бағдарламасы [65], Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [66], «Саламатты Қазақстан 2011-2015» мемлекеттік бағдарламасы [67], 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы [68] жатады. Бұл бағдарламаларды іске асыру арқылы Қазақстан әлемнің барлық елдерімен қатар халықтың өмір сүру ұзақтығының, созылмалы инфекциялық емес аурулардың өсуіне байланысты жаһандық сын-қатерлер бойынша міндеттерді шешу алда тұр, бұл медициналық қызметтерді тұтыну мен құрылымының одан әрі өсуіне алып келеді.

Демографиялық жағдайға денсаулық сақтау жүйесінің әсері жоғары болып келеді. Осыған байланысты мемлекеттің халық денсаулығын сақтау үшін жасап жатқан шараларын қарастыра келе, 2000 жылдардан бастап осы күнге дейін үзбей орта мерзімді бағдардамалар қабылданып келе жатқанын байқаймыз. Мемлекет денсаулық сақтау саласын жүйелі түрде реттеп отырады.

Бала тууға байланысты төленетін әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылар бала тууды арттырудың маңызды факторы болып табылады. Бұл үдерісті реттеуші негізгі заңнама «Қазақстан Республикасының «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заңы [69] болып табылады. Қосымша құжат ретінде «Қазақстан Республикасындағы арнайы мемлекеттік жәрдемақылар туралы» [70] Заңнамасы қарастырылады. Қазақстанда осындай төлемдер мен жәрдемақылар жұмыс істейтін әйелдер мен жұмыс істемейтін әйелдер үшін де қарастырылған. Туылған кезде төленетін әлеуметтік жәрдемақыларды ТМД-ның кейбір елдерімен салыстыратын болсақ, Ресей Федерациясы, Беларусь және Өзбекстанда жүктілік және босану бойынша төлемдер жұмыс істейтін аналар үшін төленеді екен. Қазіргі уақытта қарастырылып отырған елдер арасында босанатын әйелдерді қолдаудың ең қолайлы жүйесі Ресейге тиесілі болып отыр. Бұл елде 2020 жылы ана капиталы бағдарламасы бойынша бірінші балаға 2,7 млн теңгеге жуық және екінші балаға

3,5 млн теңгеге жуық материалдық қолдау көзделген. Бала туу және оның күтімі бойынша жәрдемақы тағайындалатын елдердің ішіндегі ең қолайлысы осы болып табылады. Беларусьте бала күтімі бойынша тағайындалған жәрдемақы 3 жасқа толғанға дейін, ал Өзбекстанда бала 2 жасқа толғанға кейін төленеді [71]. Қазақстанда мұндай жәрдемақы түрлері қарастырылған, алайда, олар бала бір жасқа толғанға дейін ғана төленеді. Табиғи өсім Қазақстан үшін стратегиялық маңызды, оны жүйелі қолдау және ынталандыру әлеуметтік төлемдер арқылы мүмкін болады.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік қолдау отбасылардың бес санатын, оның ішінде бір жасқа дейінгі балалары бар адамдарды қамтиды, оларға келесілер жатады:

1. 1 жасқа толмаған балалары бар отбасылар;
2. көпбалалы аналар;
3. мүгедек балалары бар отбасылар;
4. аз қамтылған отбасылар;
5. асыраушысынан айырылғандар және жетім балаларды қамқоршылыққа алған отбасылар [72].

Сонымен, балаға бастапқыда қажетті заттарды сатып алуға көмектесу үшін бала туғанда бір жолғы жәрдемақы беріледі.

Қазақстанда жұмыс істейтін әйел адамдардың құқығы еңбек заңнамасымен қорғалады. Жұмыс берушілер:

- 3 жасқа толмаған баласы бар әйелдер;
- жүктілігі туралы құжаттарын тапсырған әйелдер;
- 14 жасқа толмаған баласы бар (18 жасқа толмаған мүгедек баласы бар) жалғызбасты аналарды штаттың немесе экономикалық жағдайларға байланысты жұмыс көлемінің қысқаруына байланысты еңбек шартын тоқтатуға болмайды [73].

Баланың тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы төлеу туралы Үкіметтің қаулысына сәйкес бала босану барысында аналарға жәрдемақы төлеу жүргізіле бастады. 2003 жылы төлем мөлшері туған балаларға республикалық бюджет қаражатынан 15 айлық есептік көрсеткішті құрады. Бұл қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген болатын. 2003 жылғы республикалық бюджеттен балаларға арналған біржолғы жәрдемақыларын төлеуге шамамен 3 млрд теңге жұмсалған болатын [74].

Демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясатын, бағдарламаларды талдау барысында, адам капиталы мемлекеттің ең негізі байлығы ретінде қарастырылып, оның репродуктивті денсаулығына аса маңызды көңіл бөлінетіні анықталды [75]. Келесі кезекте, бала тууға ынталандыру үшін әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізілген болатын.

Қолданыстағы жүйе 2003 жылдың 25 сәуірінде қабылданып, 2019 жылдың 26 желтоқсанында өзгеріс енгізілген Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңы негізінде іске асып отырады. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар құрамына қызметкерлер, жеке кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын тұлғалар, ҚР «Салық және басқа

да бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы» (салық кодексі) Кодексінің 774 тармағына сәйкес жалпы бірыңғай төлем төлеушілер және ҚР-да табысы бар тұрақты тұрып жатқан шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқтар жатады [76]. Бұл арада ерекше жағдайға тек заң бойынша зейнеткерлік жасқа толғандар ғана кірмейді. Қорға жұмысшы атынан жұмыс беруші, кәсіпкерлер өз атынан заң қолданысқа енген кезден бастап ай сайын жалақының 1,5-5% жіберіп отырады (2005 жылдың 1-ші қантарынан-1,5%, 2006-2%, 2007-3%, 2009-4%, 2010-5%, 2018-3,5%, 2025-5%) [77].




Сурет 5 – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін төлемдер

Ескерту –[78] негізінде автормен құрастырылған

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру жүйесі елімізде 2003 жылдан бастап қолданысқа ене бастады. Бастапқы уақытта үш бағыт бойынша әлеуметтік төлемдер жүргізіле бастады. Оларға еңбек ету қабылетінен айырылуына, асыраушысынан айырылуына және жұмыссыздыққа байланысты жағдайлар кіретін. 2008 жылдан бастап бұл жүйеге жүкітілігі және босануы, жаңа туған баланы асырап алу, баланы бір жасқа дейін асырау бойынша төлемдер жүргізіле бастады.




Сурет 6 – Жүктілігіне, босануына, бала асырап алуына байланысты әлеуметтік көмек

Ескерту –[79] негізінде автормен құрастырылған

Қазақстан Республикасында бірінші, екінші және үшінші бала туған кезде мемлекет 38 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі соманы төлейді. Егер отбасында төртінші және одан да көп бала туса, жәрдемақы сомасы 63 АЕК дейін ұлғаяды [80]. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін төлемдер көлемі әйел адамның орташа айлық табысына байланысты есептелінеді. Әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының кем дегенде 12 айлық тұрақты табысы болуы қажет [77].




Сурет 7 – Балалы отбасыларға арналған жәрдемақылардың көлемі

Ескерту – [80] негізінде автормен құрастырылған

Бала дүниеге келгеннен кейін оны бір жылға дейін асырау үшін жұмыс істемейтін әйел адамдар үшін мемлекет тарапынан жәрдемақы қарастырылған.

Әйел адам ресми түрде жұмыс істеген жағдайда, оның соңғы 24 айдағы орташа айлық табысын 0,4 алмастыру коэффициентіне көбейтілген соманы бір жылға дейінгі ай сайынғы жәрдемақы ала алады, бірақ бұл соманың максималды көлемі минималды жалақының 7 еселік мөлшерінің 40%-нан аспауы қажет. Жұмыс істейтін аналар үшін мемлекет бір жыл ішінде әлеуметтік төлемді есептеу кезінде ескерілген орташа айлық табыстың 10% мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялайды, бұл осы жүйенің артықшылығы болып табылады [77].

Алтын алқа (7 және одан көп балалары бар) және Күміс алқа (6 баласы бар) [81], Батыр ана (10 бала), Ана даңқы (6 бала) [82] наградалары тағайындалған көпбалалы аналарға марапатталғандар айына 6,4 АЕК түрінде қосымша көмек алады. Сонымен қатар, осы категориядағы көпбалалы аналар:

- көлік құралдары мен жер салығы;
- тұрғылықты жерге тіркелу, паспорт, жеке куәлік алу кезіндегі заңнамалық және нортариалдық қызметтердің мемлекеттік төлемдерінен босатылған [80].

Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінде көпбалалы аналардың орны бір бөлек, себебі 5 және одан да көп балаларды 8 жасына дейін тәрбиелеп өсірген аналар зейнеткерлікке 53 жасында шыға алады, ал заңнама бойынша басқалары 63 жаста шығады [83].

Келесіде 4 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасыларға заңнамаға сәйкес, арнайы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Арнайы мемлекеттік жәрдемақы – көпбалалы отбасыларға берілетін қосымша төлем. Бұл төлемдерді тағайындау барысында отбасының кірісін растайтын құжаттар талап етілмейді. Заң бойынша көпбалалы отбасыларға кем дегенде төрт баласы барлар жатады. Сонымен қатар, тек кәмелетке толмаған балалар мен күндізгі бөлімде оқитын 23 жастан төмен жастағы студенттер ғана есепке алынады. Арнайы мемлекеттік жәрдемақының белгіленген мөлшері бар, оған тек балалар саны ғана әсер етеді.  Мысалы, 4 баласы барларға ай сайын 16,03 АЕК, 5 балаға – 20,04 АЕК, 6 балаға – 24,05 АЕК, 7 балаға – 28,06 АЕК, 8 және одан да көп кәмелет жасқа толмаған балалардың әрқайсысына 4 АЕК-тен төленіп отырады.

Сонымен қатар, мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектің келесі түрі адрестік әлеуметтік көмек. Адрестік әлеуметтік көмек дегеніміз – табысы төмен отбасы және жеке тұлғаларға тағайындалатын мемлекеттік төлемдер. Оны тағайындаудың негізгі шарты жалпы табыс әр отбасы мүшесіне шаққанда күнкөріс минимумының (КМ) 70%-нан аспауы керек [84].

Мемлекет тарапынан қиын жағдайға ұшыраған отбасыларға әртүрлі жәрдемақы түрлері қарастырылған. Мысалы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырғаны  және бала кезінен 1 топтағы мүгедектігі бар адамдарды бағып-қағу үшін отбасына төленетін жәрдемақы көлемі күнкөріс минимумының 1,4 коэффициентін құрайды. Сонымен қатар, жеке ерекшеліктеріне байланысты балалар жәрдемші техникалық (компенсаторлық, протезді-ортопедиялық, сурдо-, тифлоқұралдар) құралдармен, жүріп-тұруға арналған арнайы (кресло-

арбалар) құралдармен, санаторлы-курорттық емдеу және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етіліп отырады.




Сурет 8 – Жүктілігіне, босануына және жаңа туған баланы асырап алуына байланысты әлеуметтік төлемдердің мөлшерін анықтау

Ескерту – [77] негізінде автормен құрастырылған

Біржолғы жәрдемақыдан басқа, егер әйел адам декретке шыққанға дейін соңғы 12 ай жұмыс істеген болса, ол Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жүктілік және босану бойынша төлемдер алады. Оның сомасы жалақы көлеміне тәуелді болады. Ол бала дүниеге келгенге дейін төленетін төлем түрі. ҚР Еңбек кодексінің 99 бабына сәйкес жүктілігіне, босануына, бала асырап алуына байланысты еңбекке жарамсыздық күні 30 аптадан басталып, оның мөлшерінің коэффициенті 4,2 бола тұра 126 күнге созылады. Осыған байланысты максималды коэффициент 126/30=4,2 тең болады. Бірақ, ядерлік сынақ жүргізілген аумақта тұрып жатқан әйел адамдар үшін жүктіліктің 27 аптасынан бастап 170 күнге беріледі. Бұл жерде коэффициент 5,7 болады, яғни ол 170/30=5,7 формуласымен есептелінеді. Егер босану жағдайы қиын немесе екі одан да көп бала босанған кезде еңбекке жарамсыздық уақыты 14 күнге созылады [77].

Бала тууды арттырудың келесі факторы халықтың, әсіресе жастардың жеке тұрғын үйінің болуы. Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламалары 2005 жылдан бастап іске аса бастады. Оларға тұрғын үй құрылысын дамыту бойынша 2005-2007 жылдар [85], 2008-2010 жылдар [86] және 2011-2014 жылдарға арналған бағдарламалар [87] мен «Қолжетімді тұрғын үй-2020» мемлекеттік бағдарламалары [88] жатады.

Бұл бағдарламалар негізінде тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы несиеге берілетін тұрғын үй құрылысы үлгісі дайындалып, іске асып отыр. Сонымен қатар, коммуналдық тұрғын үй салу қайта жаңғырып, жергілікті атқару органдар (ЖАО) мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірлесуі арқылы тұрғын үйді жалға беру жүйесін дамыту шаралары жүзеге асырылды. ЖАО-дар жаппай тұрғый үйлер салынып жатқан аудандарда инженерлі-коммуникациялық инфрақұрылым (ИКИ) жүргізуімен қамтамасыз етіп отырады. Бағдарламалар іске асып жатқан кезден бастап мемлекеттік инвестициялар арқылы 7293,7 мың шаршы метр тұрғый үй салынып, қолдануға берілген болатын. Бұл 105 мың азаматты тұрғын үймен қамтамасыз ету мүмкіндігін тудырды.

Кесте 2 – 2005-2020 жылдарға арналған тұрғын үймен қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламаларының нәтижелері

| № | Бағдарлама атауы | Көлемі, аумағы (мың шаршы метр) | Пәтер саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы | 3735,3 | 46570 |
| 2 | 2012-2014 жылдарға арналған «Қолжетімді тұрғый үй – 2020» бағдарламасы | 1955,4 | 32683 |
| 3 | 2020 жылға дейін аймақтарды дамыту бағдарламасы мен «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы | 1603 | 26644 |
| Ескерту - [89] негізінде автормен құрастырылған | | | |

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2008-2009 жылдар аралығында мемлекеттік бюджет пен ҚР Ұлттық қорынан 62889 үлескердің құқығын қорғау үшін 450 тұрғын үй кешенінің құрылысын аяқтау үшін 464,3 млрд теңге бөлген болатын. Бұл жағдайлар және тұрғын үйге деген сұраныстың өсуі тұрғын үй құрылысына халықтың қаражатын тартудың жаңа механизмдерін енгізу мен заңнамалық базаны жетілдіру қажеттілігін туындатты. Осыған байланысты 2016 жылдың 10 қазанында «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР-ның Заңы өз күшіне енген болатын. Ол тұрғын үй құрылысын үлесін ұйымдастырудың 3 түрінен тұрады:

1. кепілдендіру Қорынан кепілдеме алу;
2. екінші деңгейлік банктерден (ЕДБ) қаржыландыру жобасы;
3. үлескердің өз қаражаты есебінен тұрғын үйдің «қаңқасын» тұрғызу.

Бұл шаралар халықтың барлық категориялары үшін жаңа салынған тұрғын үйлерге қолжетімділігін арттырады. Сонымен қатар, салынып жатқан тұрғын үйдің аяқталып, оның үлескердің қолына табысталуы мен тұрғын үй құрылысы секторындағы қауіп-қатерлерді төмендету және ЕДБ арқылы несиелендіру көбейеді [90].

Қазақстан Республикасы бойынша тұрғын үймен қамтамасыз ету бағдарламалары қазіргі кезде халықтың сұранысына қарай, тиімді түрде іске асырылып жатыр. Себебі, отбасын құрған азаматтардың үш және одан артық

баланы өмірге алып келуі үшін, әрине өзінің баспанасы болуы қажет, сондықтан мемлекет тарапынан бұл мәселе мақсатты түрде ескеріліп, проблемалардың алдын алу шаралары іске асыруы тиіс.

Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін көтерудің тағы бір маңызды шарты ретінде олар арасындағы халық санының теңгерімсіздігін төменденту болып табылады. Бұл бағытта көші-қон үрдісін мемлекеттік реттеу маңыздылығы туындайды. Көші-қон – бұл қазіргі әлемдегі табиғи үрдіс, бірақ ол көбінесе, этникалық және еңбек көші-қоны болып бөлінеді. Біздің елімізде миграциялық проблемаларды шешуге бағытталған бірқатар мемлекеттік, салалық бағдарламалар әзірленіп, жұмыс істеуде. Тәуелсіздік жылдарында көші-қон ағындарын басқару қоғамдық өзгерістердің стратегиялық бағыттарына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы №399 Жарлығымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі №1346 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының арнайы әзірленген тұжырымдамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстанда этникалық қазақтарды тарихи отанына қайтару үшін қолайлы жағдай жасалған, осы мәселеге байланысты 2017 жылы құрылған «Отандастар қоры» жұмыс істейді. 2005 жылдан бастап ІІІ дүниежүзілік құрылтайда Елбасы бастамашылығымен құрылған «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасы іске асып жатыр. Қазіргі уақытта басқа елдерде тұратын қазақтардың саны туралы нақты деректер жоқ. Бұл басқа елдерде мұндай есеп жүргізілмейтіндігіне байланысты. Әртүрлі зерттеулер бойынша әлемнің 40 елінде 5 млн-ға жуық қазақ тұрады. Оның 1,5 млн. - Қытайда, 1,3 млн. - Өзбекстанда, 1 млн. – Ресейде орналасқан. Түркия мемлекетінің зерттеу нәтижелері бойынша Өзбекстанда 2,5 млн. Қытайда 2,25 млн., Ресейде 1,3 млн., Моңғолияда 120 мың, Түрікменстанда 125 мың, Ауғанстанда 45 мың, Түркияда 30 мың, Германияда 17 мың, Тәжікстанда 16 мың, Иранда 53,7 мың қазақтар тұрады.

Бұл үлкен диаспоралардан тәуелсіздік жылдары тарихи отанына шамамен 1 млн адам қайтып келген. Этникалық репатрианттар нәтижесінің негізгі елдері Өзбекстан Республикасы (61,6%), Қытай Халық Республикасы (12,1%), Моңғолия (11,7%), Түрікменстан (7,1%) болды. Бұл ретте оралмандардың ең көп саны халық тығыз қоныстанған аймақтарға көшіп келген, олар Оңтүстік Қазақстан (21,6%), Алматы (16,8%), Маңғыстау (13%) және Жамбыл (9,3%) облыстарында қоныстанды. Білім деңгейі бойынша этникалық репатрианттардың көпшілігінде жалпы орта білім (61,1%) және орта арнаулы білім (20,5%) болған [91].

Қазіргі уақытта елге қайтып келуші қазақтар ағыны азайып бара жатыр. Бұл көрсеткіштер елден көшіп кетушілер мөлшерінен 2,3 есе төмен. 2017 жылы елге 16081 адам көшіп келген [46]. Мысалы, ТМД елдерінен 11596 адам және басқа елдерден төрт мың адам Қазақстанға қоныс аударған. Қазақстанға көшіп келушілер бойынша көшбасшыларға Өзбекстан (5196 адам), Ресей (4383 адам), сондай-ақ Қытай (3204 адам) жатады [91]. 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында бұл көріністе айтарлықтай өзгеріс бола қойған жоқ, яғни

6,368 адам көшіп келсе, 17,171 адам көшіп кеткен болатын. Сыртқы көші-қон сальдосы -2,7 есені құрады. Қазақстанға қоныс аударушылар ағыны азайып, біржолата көшіп кетушілер саны өсуде [52]. Шетелден көшіп келуші отандастар ағынын ынталандыратын қосымша тетік әзірленбесе, сыртқы көші-қонның теріс үрдісі сақталады.

Ішкі көші-қонның маңызды арналарының бірі 2009 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Дипломмен ауылға!» жобасы болып табылады. Бұл жобаның мақсаты – білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт, агроөнеркәсіптік кешен мамандарын әлеуметтік қолдау шаралары арқылы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұрақты тұруға тарту. Алайда, мамандардың бағыты өзгеше векторды көрсетті. Жоба іске асырыла бастағаннан бері 46 мың маман ауылдық жерге көшіп, жұмыс жасай бастады. Мамандардың басым бөлігі Алматы облысы-5002, Оңтүстік Қазақстан облысы-4723 және Батыс Қазақстан облысында-4080 қоныстанған болатын [92].

«Мәңгілік Ел жастары – индустрияға» әлеуметтік жобасы аясында «Серпін-2050» білім беру бағдарламасы қолға алынды. Ол солтүстік, шығыс, батыс аймақтардағы кадрлар тапшылығын жоюға байланысты оңтүстіктің бес өңірінен келген жастарды оқыту және жұмысқа орналастыру мақсатында құрылған болатын. 2014-2016 жылдар аралығында аталған бағдарлама бойынша республиканың 8 облысында 22 жоғары оқу орны мен 54 колледжде еліміздің 5 аймағынан 11 мыңнан астам студент білім алды. 2017 жылы «Серпін» бағдарламасы бойынша солтүстіктің 9 облысының 25 колледжі мен 7 университеті оңтүстіктің 5 облысынан 2050 студент қабылдады. 2018 жылы 6200 грант бөлініп, бағдарламаға 19 ЖОО мен 47 колледж қатысты. Олар 120 мамандық бойынша оқытуды ұсынып, техникалық мамандықтарға ерекше назар аударылады.

2011 жылдан бастап аймақ ішінде экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден, сондай-ақ 2015 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған аймақтарға ерікті түрде қоныс аудару жүзеге асырылды. Осы кезеңде көшу үшін субсидия түріндегі мемлекеттік қолдау шараларын 19 мыңнан астам адам алып, мақсаттарға арналған шығыстар көлемі 464 млн.теңгені құрады.

Жасалынып отырған шараларға қарамастан әшкі көші-қон үдерісі жеткіліксіз болып қалуда. Жалпы алғанда, солтүстік аймақтарға еліміздің оңтүстік облыстарынан бар болғаны 19 мың адам немесе шамамен 3,8%-ы ғана көшіп барған. Жұмысқа орналасу үшін оңтүстік аймақтардан студенттерді тартатын «Серпін» бағдарламасы төмен тиімділікті көрсетті, өзінің ауқымы бойынша ол жеткіліксіз болып шықты. Осы бағдарлама бойынша бөлінген гранттардың игерілмеуі, түлектердің біраз бөлігінің өз аймақтарына оралуы алаңдатарлық жағдай болды. Оларды аграрлық сектор кәсіпорындары жұмысқа алып отырды, бірақ олар маусымдық жұмыстар болды. Бағдарламаны әзірлеушілер бұл мәселелерді ескермеді. Оқуды аяқтағаннан кейін «Серпін» бағдарламасы бойынша оңтүстіктен келген жастар жұмысқа орналасқанға дейін

жалдамалы пәтерлермен қамтамасыз етілуі немесе уақытша тұрғын үймен қамтамасыз етілуі керек [93].

«Дипломмен ауылға», «Серпін», «Нұрлы жер» бағдарламаларын және нәтижеге бағытталған басқа да жобаларды біріктіру, кеңейту мүмкіндігін қарастыру қажет. Оралмандарды солтүстік аймақтарға орналастыру көптеген жасанды кедергілерге байланысты үмітін ақтамады.

Осылайша, бір жағынан, солтүстік аймақтардың халқының азаю қаупі туындауымен қатар, статистикалық мәліметтерден көрініп тұрғандай ол күшейе түседі. Сонымен қатар, алмастырушы бағдарламалардың тиімділігі күмән тудырады. Осы жоспарлардың орындалуын талдау неғұрлым нақты шаралар қажет екенін көрсетеді және оның көптеген пункттері жалпылай болып келеді. Қалыптасқан ағымдағы жағдай елдің солтүстік аймақтарында еңбек тапшылығының шиеленісуін, әсіресе, білікті кадрлардың көшіп кетуін және ішкі көші-қон есебінен адекватты алмастырылмағанын көрсетеді. Осыған байланысты жалпыұлттық кешенді көші-қон бағдарламасына түзетулер енгізу қажет, онда проблеманы шешудің сенімді, нақты тәсілдері пысықталуы тиіс. Ол нақты нәтижеге бағытталуы тиіс, яғни ішкі көші-қонның адекватты ауқымына басты назар аудара отырып, көшіп кету аймақтарындағы демографиялық жағдайды терең және мұқият талдауды қажет етеді. Сонымен қатар, ол арнайы тұрғын үй беру бағдарламасымен қамтамасыз етілген және кәсіби даярлықты ескеретін қоныстанудың арнайы картасын әзірлеу сияқты шаралардан тұруы тиіс.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасында демографиялық әлеуетті іске асырудағы қабылданған заңнамалық құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларды талдай отырып, осы салада біршама жетістіктерге қол жеткізілгені байқалады. Бірақ, қазіргі таңда, нақты демографиялық саясат қарастырылмаған. Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу жанама түрде іске асады, яғни халықтың денсаулығын жақсарту, балалы отбасыларды қодау, тұрғын үймен қамтамасыз ету және миграциялық үдерістерді реттеу сияқты шараларды іске асыру арқылы болып табылады. Бірақ, бұл шаралар Қазақстанның депрессивті аймақтарындағы жағдайларды түзетуге қауқарсыз болып отыр. Себебі, бағдарлама мемлекеттік деңгейде қабылданып, оның орындалуы жергілікті атқарушы органдарға табысталады. Сондықтан, Қазақстанның әр аймағының ерекшеліктерін ескеретін жүйелі мемлекеттік бағдарламаны әзіреу қажеттілігі өзекті болып отыр. Мемлекеттік саясатты талдау жасалынғаннан кейін, келесі кезекте, Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетіне әсер етуші негізгі факторлардың статистикалық көрсеткіштерін қарастыру мәселесі туындайды.

## 2.2 Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетінің қарқындылығы және кластерлік талдау

Қазіргі Қазақстанның саяси және экономикалық жағдайлары оның демографиялық әлеуетіне әсер етуі сөзсіз. Сөздіктегі анықтамаға сәйкес, «әлеует» бір нәрсеге тән мүмкіндіктер мен өнімді қабілеттерге жатады [94].

Аймақтардың демографиялық әлеуетін бағалау саласында жүргізілетін зерттеулер Қазақстанның барлық аймақтары мен оның функционалдық ортасын қамтитын адекватты ақпараттың болуын талап етеді, бұл ішкі талдаулар жүргізу үшін де өте маңызды.

Ұлттық демографиялық саясат контекстінде адами әлеуетті дамытуда оның елдегі дамуын анықтайтын көрсеткіштердегі аймақтық айырмашылықтар және әлеуметтік-экономикалық үдерістер қарқынымен салыстырғанда демографиялық үдерістер қарқынының артта қалуы байқалады [95].

Халықтың ұдайы өсуінің сапалы түрде өзгеру көрінісі ретінде тұрақты некеде болу, үйлесімді ерлі-зайыптық қарым-қатынас, ұрпақтар арасындағы қарым-қатынастағы демократизм, дені сау ұрпақ, белсенді өмірлік ұстаным, соның ішінде, үлкен қоғамдық өзгерістерді дұрыс сезіне білу және т.б. сияқты көрсеткіштер жатады. Халық санының болашақта дамуы демографиялық әлеуетті сақтау мен оны нығайтуға қатысты қоғамның сәйкесінше шараларды қолдануына байланысты болады [96].

Қазақстан аймақтарындағы демографиялық әлеуетті зерттеу үшін нақты оған кіретін факторларды анықтап алып, оларды жеке-жеке талдап өту өте маңызды үрдіс болып табылады. Соныдықтан, аймақтардың демографиялық әлеуетінің негізгі көрсеткіштері әсер етуші факторларға байланысты топтастырылады. Халық санының көрсеткіштері оның қалыптасу барысындағы өзгеру қарқыны (динамикасы) мен табиғи және көші-қон өсімінің (кемуі) үлесінен тұрады. Сонымен, демографиялық әлеуетке жататын факторларды келесідей деп анықтадық (кесте).

Кесте 4 – Аймақтардың демографиялық әлеуетін бағалау көрсеткіштері

| Факторлар | Көрсеткіштер |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Халық саны мен демографиялық көрсеткіштер | |
| Халық саны | Халық санының өзгеру қарқыны<br>Халық санының қалыптасуындағы табиғи және миграциялық өсім (кему) үлесі |
| Туу | Туу кезектілігі бойынша туудың жиынтық коэффициенті<br>Туудың жас бойынша коэффициенттері<br>Некеден тыс туылған балалардың үлесі |
| Өлім-жітім | Өмір сүру ұзақтығының орташа болжамдылығы мен өлім-жітімнің негізгі себептерінің үлесі және халықтың жас шамасына қарай бөлінуі мен оның өзгеру ерекшелігі<br>Өлім-жітім себептері құрылымындағы оның алдын алу үлесі<br>Ерлер арасындағы өлім-жітім көрсеткіші<br>Еңбекке жарамды жастағылар арасындағы өлім-жітім коэффициенті<br>Нәрестелер өлімінің коэффицтенті және құрылымы |

4 кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Көші-қон | Халықтың көші-қон өсімі (кемуі)<br>Көші-қон айналымының қарқыны<br>Аймақішілік көші-қон үлесі |
| Демографиялық құрылым | |
| Жастық-жыныстық құрылым | Экономико-демографиялық жүктеме<br>1000 әйелге шаққандағы ерлер саны<br>Халықтың картаю коэффициенті<br>Халықтың жастық-жыныстық пирамидасы |
| | |
| Демографиялық сипат | |
| Репродуктивті сипат | Өмірлік құндылықтар жүйесіндегі балалардың алатын орны |
| Некелесуге байланысты сипат | Некеге тұру мен некені бұзу жасы<br>Некеге тұру мен ажырасу кезектілігі<br>Некеге тұру мен ажырасуға деген көзқарас<br>Өмірлік құндылықтар жүйесіндегі отбасының орны |
| Өзін-өзі сақтау сипаты | Өмір сүрудің қалаулы және болжамды ұзақтығы<br>Денсаулыққа зиянды әдеттердің таралуы<br>Салауатты өмір салтын ұстану |
| Ескерту – [97] әдебиет негізінде автормен құрастырылған | |

Демографиялық әлеуетті қалыптастыру барысында халықтың демографиялық сипаты маңызды рөл ойнайды. Халықтың репродуктивті, матримониалдық, өзін-өзі сақтау және миграциялық сипаттарының ерекшеліктерін зерттеу барысында халықтың әлеуметтік-демографиялық жағдайын қарастыру қажет [98]. Репродуктивті мінез-құлықты сипаттаушы көрсеткіштерге қалаулы және болжамды балалар саны, балалардың тууына себепкер және кедергі болатын факторлар және өмірлік құндылықтар жүйесіндегі балалардың алатын орны жатады. Халықтың матримониалдық мінез-құлықтары некеге тұру мен некені бұзу жасы, некеге тұру мен ажырасу кезектілігі, некеге тұруға дейінгі некесіздік кезеңі, баласы бар жағдайдағы некеге тұру мен ажырасуға деген көзқарас, өмірлік құндылықтар жүйесіндегі отбасының орны туралы сұрақтарға жауап алу арқылы анықталады [99]. Көші-қон сипаты тұрып жатқан аймақтың қолайлылығы мен қолайсыз жағдайларын бағалау мен потенциалды мигранттардың үлесін зерттеу нәтижелері [100] арқылы анықталады.

Көрсеткіштерді зерттеуді Қазақстан аймақтарындағы халық саны, оның этникалық құрамы мен туу коэффициенттерін талдаудан бастаған жөн. 2020 жылдың статистикалық мәліметтерін қарастыратын болсақ, Қазақстанның оңтүстік және батыс аймақтарында қазақтар мен түркі тілдес этностар көп шоғарыланғанын байқаймыз. Олардың басым бөлігі дәстүрлі отбасылық құндылықтарды ұстанатыны белгілі. Көп жағдайда бұл этнос өкілдеріне көп

балалы отбасы болу сипаты тән, ал Қазақстанның солтүстік және шығыс аймақтарында көп кездесетін орыс және басқа да еуропалық этностарда керісінше, 1 немесе 2 балалы болу қалыпты жағдай болып келеді. Мәселен, қазақтар мен басқа да түркі тілдес этностар басым болып табылатын Маңғыстау, Түркістан және Атырау облыстарында Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарына қарағанда туу коэффициенті 2 есе артық болып келеді.




Сурет 9 – 2020 жылдағы Қазақстан Республикасы аймақтары бойынша жеке этностардың жалпы халқының үлесі мен жалпы туу коэффициенті

Ескерту – [52] мәліметтері бойынша автормен құрастырылған

Қазақстанның этникалық құрамының жалпы үлесі соңғы 20 жыл ішінде айтарлықтай өзгеріске ұшыраған. 1999 жылы жалпы қазақтардың үлесі 53,4% болса, 2020 жылы 68,5%-ға жеткен, яғни 15,1%-ға өсіп отыр. Аймақтар бойынша қазақ ұлты үлесінің ең көп өсімі  Нұр-Сұлтан қаласына (41,3%) тиесілі. Бұл қаланың еліміздің астанасына айналуы және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан тартымдылығы халықтың осы қалаға қоныстануына алып келді. Жалпы барлық аймақтар бойынша қазақ ұлтының үлесі көрсеткіші оң нәтижені көрсетіп отыр. Ал орыс этносы үлесіне келетін болсақ, барлық өңірлерде олардың үлесі азайған. Соның ішінде, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 1999 жылмен салыстырғанда 2020 жылы орыс этносы үлесі шамамен 32,9%-ға қысқарған. Орыс этностарының үлесі көп өзгере қоймаған аймақтарға Солтүстік Қазақстан (-0,5%) және Қостанай (-1,6%), Қызылорда (-1,1%) облыстары жатады. Соңғы 20 жыл ішінде еуропалық этностардың үлесі шамамен 2,7%-ға азайған, соның ішінде, Алматы қаласы (-6,8%) және Қостанай

(-6,4%) облыстарынан көшіп кетушілер үлесі жоғары болып отыр, ал Нұр-Сұлтан қаласы бойынша еуропалық этностар үлесі 1,4%-ға өскен. 1999 жылмен салыстырғандағы мәліметтер бойынша 20 жыл ішінде түркітілдес этностар үлесі 1,5%-ға көбейген. Түркітілдес этностар үлесінің анағұрлым көбейген аймақтарына Алматы қаласы (6,4%) мен Жамбыл облыстары (6,4%) жатады. Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру себептеріне, көбінесе, орыс және басқа да еуропалық этностардың басқа елдерге қоныс аудару қарқындылығының жоғары болуы және олардың арасындағы туу көрсеткішінің төмен болуымен байланысты. Ал, керісінше, шет елдерде тұрып жатқан этникалық қазақтарды елімізге қайтару шараларын іске асыру және тарихи қалыптасқан ұлттық ерекшелік, яғни қазақтардың балаға қажеттілігінің жоғары болуына байланысты қазақ ұлтының үлесі өсіп келе жатыр. Түркітілдес этностарға келетін болсақ, көршілес мемлекеттен қоныс аударушылар қарқыны мен бұл этникалық топтың көпбалалы болу ерекшеліктеріне байланысты қазақстандықтар арасында олардың үлесі де көбейіп келе жатыр.

Кесте 5 – 1999-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан аймақтарының этностық құрамы, %

| Аймақтар | 1999 жыл | | | | 2020 жыл | | | | 1999 / 2020, % | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақтар | Орыстар | Еуропалық этностар | Түркі тілдес этностар | Қазақтар | Орыстар | Еуропалық этностар | Түркі тілдес этностар | Қазақтар | Орыстар | Еуропалық этностар | Түркі тілдес этностар |
| ҚР | 53,4 | 30 | 7,1 | 6,7 | 68,5 | 18,9 | 4,4 | 8,2 | 15,1 | -11,1 | -2,7 | 1,5 |
| Ақмола | 37,5 | 39,4 | 17,4 | 2,4 | 51,8 | 32,6 | 12,4 | 3,2 | 14,3 | -6,8 | -5,0 | 0,8 |
| Ақтөбе | 70,7 | 16,8 | 8,9 | 2 | 83,3 | 11,0 | 4 | 1,6 | 12,6 | -5,8 | -4,9 | -0,4 |
| Алматы | 59,4 | 21,8 | 2,3 | 13,1 | 72,3 | 13,1 | 2,1 | 12,4 | 12,9 | -8,7 | -0,2 | -0,7 |
| Атырау | 89 | 15,4 | 0,6 | 1,3 | 92,7 | 5,1 | 1,3 | 0,8 | 3,7 | -10,3 | 0,7 | -0,5 |
| БҚО | 64,7 | 28,2 | 4,2 | 1,8 | 76,8 | 18,9 | 2,5 | 1,8 | 12,1 | -9,3 | -1,7 | 0,0 |
| Жамбыл | 64,8 | 18,1 | 2,4 | 8,3 | 72,8 | 9,6 | 2,8 | 14,7 | 8,0 | -8,5 | 0,4 | 6,4 |
| Қарағанды | 37,5 | 43,6 | 11,6 | 4 | 52,4 | 35,1 | 8,7 | 3,9 | 14,9 | -8,5 | -2,9 | -0,1 |
| Қостанай | 30,9 | 42,3 | 21,1 | 2,5 | 41,2 | 40,7 | 14,9 | 3,2 | 10,3 | -1,6 | -6,2 | 0,7 |
| Қызылорда | 94,2 | 2,9 | 0,2 | 2,1 | 96,3 | 1,8 | 1,1 | 0,8 | 2,1 | -1,1 | 0,9 | -1,3 |
| Маңғыстау | 78,7 | 14,8 | 1,7 | 2,1 | 91,2 | 5,2 | 0,3 | 1,7 | 12,5 | -9,6 | -1,4 | -0,4 |
| ОҚО | 67,8 | 8,2 | 1 | 19,9 | | | | | 7,5* | -46,3* | -77* | 12,9* |
| Павлодар | 38,6 | 41,9 | 14,5 | 2,4 | 53,1 | 34,9 | 9,2 | 2,9 | 14,5 | -7,0 | -5,3 | 0,5 |
| СҚО | 29,6 | 49,8 | 16,3 | 2,4 | 35,3 | 49,3 | 12,1 | 3,3 | 5,7 | -0,5 | -4,2 | 0,9 |
| Түркістан | | | | | 76,0 | 1,7 | 0,7 | 21,6 | 0,0 | 0,1 | -0,6 | 0,5 |
| ШҚО | 48,5 | 45,4 | 3,5 | 1,9 | 61,1 | 35,6 | 1,7 | 1,7 | 12,6 | -9,8 | -1,8 | -0,2 |
| Нұр-Сұлтан қ. | 38,5 | 45,2 | 3,3 | 10,2 | 79,8 | 12,3 | 4,7 | 3,3 | 41,3 | -32,9 | 1,4 | -6,9 |
| Алматы қ. | 41,8 | 40,5 | 11,3 | 3,4 | 61,4 | 24,3 | 4,5 | 9,8 | 19,6 | -16,2 | -6,8 | 6,4 |
| Шымкент қ. | | | | | 67,5 | 8,9 | 1,7 | 21,9 | -0,4 | 0,3 | -1,3 | 1,4 |

Ескерту: [52] негізінде автормен құрастырылған

* 1999 жыл мен 2018 жылдар мәліметінде есептелінген

** 2019 жыл мен 2020 жылдардың мәліметтері негізінде есептелінген

Белгілі бір аймақтың халық санының өзгеруі, яғни нақты өсуі немесе азаюы екі үдерістің бір мезгілде пайда болуының нәтижесі болып табылады, олар: табиғи өсім және көші-қон айырмасы есебінен болады. Соңғы 20 жылдағы бұл үдерістерді талдау барысында Қазақстан халықының 283,8 мың - ға өскенін көрсетеді. Ең жоғарғы өсім Қазақстанның Солтүстік бөлігіне (-87,1%) қарағанда батыс (169,7%) және оңтүстік бөлігінде бірнеше есе жоғары болған. Халық санының ең жоғарысы өсімі ОҚО тіркеліп, оның мәні 46,8 мың адамға артқан. Халықтың салыстырмалы түрде жоғары өсуі Қазақстанның неғұрлым дамыған аймақтарында, яғни Маңғыстау, Түркістан және Атырау облыстарында және Алматы, Шымкент қалаларында тіркелген. Ең нашар демографиялық жағдай ШҚО байқалады. Бұл аймақтағы халықтың 20 жылдағы орташа өсімі -6,3 мың адамды құраған. Сондай-ақ, оң көрсеткіштер Атырау (9,9 мың адам), Қызылорда (8,6 мың адам), Ақтөбе (8,2 мың адам), Жамбыл (7,8 мың адам), БҚО (3,4 мың адам) болса, ал теріс көрсеткіштер Қостанай (-5,8 мың адам), СҚО (-5,7 мың адам), Ақмола (-2,9 мың адам), Павлодар (-1,6 мың адам) және Қарағанды (-0,4 мың адам) облыстарына тән (10-сурет).




Сурет 10 – 2000-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан аймақтарындағы халқының жалпы өсімінің орташа көрсеткіші, адам

Ескерту – [52] мәліметтері бойынша автормен құрастырылған
ОҚО мәні 2000 жыл мен 2017 жылдар аралығындағы мәліметтері негізінде есептелінген
** 2018 жыл мен 2020 жылдар аралығындағы мәліметтер негізінде есептелінген

2000 жылдан бастап 2020 жылдар аралығындағы кезеңде халықтың едәуір өсімі Түркістан облысында (миллионға жуық адам), Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында және Алматы облысында байқалады. Халықтың жалпы санындағы олардың үлесі де артты. Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Ақмола облыстарында халық санының азаюы салыстырмалы түрде жоғары көрсеткішке ие болып, сәйкесінше, олардың халықтың жалпы санындағы үлесі төмендеді.

Аймақтар мен жас топтары бойынша халық санының себептері мен құрылымдық айырмашылықтарын қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Себебі, аймақтық деңгейдегі құрылымдық саясатты жасау үшін оның құрылымдық өзгерістерін анықтап, талдау маңызды. Мысалы, 1999 жылмен салыстырғанда 2009 жылы құрылымдық айырмашылықтардағы өзгерістің жалпыланған абсолютті көрсеткіші 15,1% - ды құрағанын көрсетеді, ал 2009 жылдан 2018 жылға дейінгі кезеңде бұл абсолютті өзгеріс шамамен 8% болса, ал барлық кезеңде 21,3% құраған.

Кесте 6 – Құрылымдық айырмашылықтардың маңыздылығын бағалау көрсеткіштері

| Аймақтар бойынша халық саны | Жылдар | | |
|---|---|---|---|
| | 2009/1999 | 2020/2009 | 2020/1999 |
| Гатев интегралдық коэффициенті | 0,104 | 0,512 | 0,503 |
| Салаи құрылымдық айырмашылықтарының индексі | 0,108 | 0,428 | 0,455 |
| Рябцев индексі | 0,074 | 0,389 | 0,380 |

| Аймақтар бойынша халық саны | Жылдар | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1999/1989 | 2009/1999 | 2020/2009 | 2020/1989 |
| Гатев интегралдық коэффициенті | 0,041 | 0,088 | 0,062 | 0,069 |
| Салаи құрылымдық айырмашылықтарының индексі | 0,060 | 0,075 | 0,053 | 0,098 |
| Рябцев индексі | 0,029 | 0,062 | 0,044 | 0,049 |
| Ескерту – [52] мәліметтері бойынша автормен құрастырылған | | | | |

К.Гатев, А. Салаи және В. Рябцев индексін қолдана отырып есептеу мен құрылымдық айырмашылықтардың сандық критерийлерін талдау кезінде, жалпы, олардың құрылымдық жылжуындағы өзгерістерінің мәні шамамен бірдей және аймақтар бойынша халық санының қоныстану құрылымы әр кезеңде елеулі құрылымдық өзгеріске ұшырап отырғандағын атап өтуге болады (кесте) [101].

Ең маңызды өзгерістер соңғы 10 жылдағы кезеңде болды. Гатев интегралдық индексі, Рябцев және Салаи индекстері 1999-2009 жылдар аралығында аймақтар бөлінісіндегі халық санындағы құрылымдық айырмашылықтар төмен болғанын, бірақ 2009-2020 жылдар аралығында және тұтастай алғанда 1999-2020 жылдар аралығында өте маңызды өзгерістер болғанын көрсетеді. Жалпы республика бойынша халық өсімі серпінінің айтарлықтай елеусіздігіне қарамастан, бұл келесідей себептерге байланысты болады:

- қарастырылған кезеңдерде Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында халық санының азаюымен;
- Маңғыстау облысы, Алматы және Нұрсұлтан қалаларында халық санының ұлғаюымен;

- 2018 жылдан бастап Шымкент қаласына Республикалық маңызы бар қала мәртебесі беріліп, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы болып өзгертілді.

Құрылымдық айырмашылықтардың индекстері халықтың жас құрылымы айырмашылықтарының өзгеруі төмен деңгеймен сипатталатынын көрсетеді (сурет 11). Ең елеулі өзгерістер 2009 жылдан бастап 1999 жылға дейінгі кезеңде байқалады. Бұл халық санының өсуімен байланысты (2009 жылғы ҚР Халық санағының деректері бойынша). Осы кезде Еуропалық этностардың көшіп кетуі төмендеп, қазақтардың өсуі, сондай-ақ оралмандар мен репатрианттарды тарихи отанына қайтару жөніндегі қолданыстағы бағдарламалар қолданысқа ене бастады. Бұл шаралар 2009 жылы еңбекке қабілетті халық үлесінің артуына әсер етті.

Мұндай өзгерістер 2009 жылмен салыстырғанда 2020 жылы да елеулі болаған (еңбекке қабілетті халық саны жалпы 7,9%-ға азайған, репродуктивті жастағы халық саны 6,7%-ға азайған). Осы кезеңде ерлердің де, әйелдердің де экономикалық белсенді өмірінің орташа ұзақтығының өсуін байқауға болады. Ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылықтардың көп өзгермегені, олардың өлім көрсеткіші мен жұмыспен қамтылуының деңгейінінің әртүрлілігіне байланысты [102].




Сурет 11 – 1989-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасындағы халықтың жас құрылымының динамикасы, (%)

Ескерту – [52] мәліметтері бойынша автормен құрастырылған

Жас топтары бойынша халық құрылымының өзгеруі демографиялық өзгерістерге байланысты, ең алдымен бұл туу көрсеткішінің қысқаруына және орташа өмір сүру ұзақтығының ұлғаюына байланысты. Қазақстанда 1989-2020

жылдар аралығында (0-14 жас) жастағы балалардың үлесі -3,1%-ға азайған; еңбекке қабілетті жастағы (15-64 жас) адамдардың үлесі 1,7%-ға және зейнеткерлік жастағы (65 жас және одан жоғары) адамдардың үлесі 2,1%-ға ұлғайған.

Соңғы 31 жыл ішінде экономикалық белсенді халықтың үлесі ең көп төмендеген аймақтарға Жамбыл (-9,7%), Маңғыстау (-0,5%) облыстары және Нұр-Сұлтан қаласы (-2,7%) жатады. 2020 жылдың соңында алынған кезеңнің ішінде халықтың жалпы санынан экономикалық белсенді халықтың ең аз үлесі (ел бойынша жалпы көрсеткіш 48,4%-ды құрады) Түркістан (59,4%), Жамбыл (60,5%) және Маңғыстау (61,1%) облыстарында, ал ең жоғарысы (65%-дан астам) Алматы қаласы (69,9%), Нұр-Сұлтан қаласы (68,1%) және Қостанай облысында (69%) тіркелді. Халықтың тез қартаюы Солтүстік Қазақстан (5,5%), Қостанай (5,5%) және Павлодар (5,0%) облыстарында байқалады, бірақ зейнеткерлік жастағы адамдардың ең көп үлесі Солтүстік Қазақстан (11,8%), Қостанай және Шығыс Қазақстан (10,8%) облыстарында тіркелді [52].

Тек соңғы жылдың өзінде Қазақстаннан көшіп кетушілердің барлығының 85%-ға жуығы Ресейге қоныс аударған, яғни сыртқы көші-қонның оң айырымы 28,4 мың адамды құрады. Халық, негізінен, солтүстік және шығыс облыстардан кетіп жатыр: Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары, Алматы және Нұр-Сұлтан қаласы. Басқа елге тұрақты түрде қоныстануға аудару мақсатында көбінесе орыс, неміс және украиндар елден кетіп жатыр. Негізінен, олар көбінесе, Ресей, Германия, АҚШ, Беларусия және Канадаға кетеді екен.

2018 жылы елге келгендер саны 6,3 мың адамды құрады, оның 62%-ы оңтүстік және батыс облыстарға жұмысқа орналасу, сондай-ақ білім алу мақсатында 33%-ы Өзбекстаннан, 28%-ы Ресейден, 13%-ы Қытайдан келген. Сыртқы иммиграция елеусіз екенін атап өткен жөн, бірақ ол негізінен, көбінесе, қазақтардың тарихи отанына келуі есебінен болып отыр. Осыған дейін Қазақстанға көшіп келушілердің шамамен 80-85%-ы ТМД елдерінен көшіп келіп отырса, соңғы жылы бұл ағым 55%-ды ғана құраған, ал қалғандар басқа елдерден көшіп келген [103]. Алайда, 2020 жылдың мәліметтері бойынша миграциялық қарқындылық тым төмендеген. Бұл жағдай covid-19 вирусына әсерінен туындаған әлемдік пандемиямен байланысты болып отыр.

Республикада халықтың жалпы өсімінің үлесі, негізі, халықтың табиғи өсімі есебінен қамтамасыз етіледі. Ең көп көші-қон ағыны 1999 жылы болды, ондағы негізгі себеп, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар болды (7-кесте). Соңғы 21 жыл ішінде табиғи өсім деңгейі Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында, сондай-ақ, Маңғыстау, Түркістан, Атырау және Қызылорда облыстарында өскен. Нұр-Сұлтан қаласында да оң көші-қонның жоғары деңгейін байқауға болады, бұл жас қаланың дамуы мен кеңеюіне байланысты. Бірақ аймақішілік көші-қон өте белсенді жүріп жатыр. Мысалы, оңтүстік аймақтардан халық ірі қалаларға көшуде. Бұған келесідей факторлар әсер етеді: қалаларда инфрақұрылым дамыған, жоғары жалақысы бар жұмыс табу мүмкіндігі, бизнесті ашу мүмкіндігі, ірі және беделді жоғары оқу орындарының болуы,

ауылдық жерлерде экологиялық жағдай нашар және Түркістан облысында су ресурстарының жетіспеушілігіне байланысты проблемалар бар.

Маңғыстау облысында 2009 жылы көші-қон деңгейі 1000 адамға шаққанда 22-ге жуық мигрантты құрады, мұндай көрсеткіш ішкі көші-қонмен түсіндіріледі, көптеген адамдар мұнай өнеркәсіп саласында жұмыс іздеу барысында көше бастаған, бірақ барлығы осы салада жұмыс таба алмады. 2014 жылы деңгей 5 адамға дейін күрт төмендеді. Ал ол 2020 жылы 0,3 мың адамға дейін төмендеген, ол covid-19 вирусының әсерінен туындаған пандемиямен байланысты. [104].

Кесте 7 – Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша табиғи және миграциялық өсімінің/кемуінің серпіні, 1000 адам

| Аймақтар | 1999ж | | 2009ж | | 2014ж | | 2020ж | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ТӨ(К)* | МӨ(К)* | ТӨ(К)* | МӨ(К)* | ТӨ(К)* | МӨ(К)* | ТӨ(К)* | МӨ(К)* |
| ҚР | 4,4 | -8,58 | 13,42 | 0,48 | 15,45 | -0,70 | 14,2 | -1,5 |
| Ақмола | 0,3 | -21,28 | 5,70 | -10,86 | 7,2 | -5,91 | 5,4 | -0,4 |
| Ақтөбе | 4,1 | -10,77 | 13,78 | -5,23 | 17,24 | -0,60 | 16,1 | -0,1 |
| Алматы | 5,5 | -3,47 | 12,31 | 2,15 | 18,39 | -2,56 | 18,5 | -1,3 |
| Атырау | 9,4 | -1,36 | 19,90 | 3,16 | 22,33 | 1,26 | 20,4 | -0,1 |
| БҚО | 0,9 | -13,64 | 9,60 | -0,41 | 11,94 | -2,42 | 10,7 | -0,2 |
| Жамбыл | 7,3 | -6,43 | 8,02 | -6,03 | 20,22 | -7,29 | 17,7 | -0,9 |
| Қарағанды | 0,3 | -11,41 | 6,09 | -1,86 | 8,24 | -2,08 | 5,8 | -0,7 |
| Қостанай | -0,7 | -26,60 | 2,39 | -5,83 | 3,81 | -3,13 | 1,2 | -0,4 |
| Қызылорда | 13,9 | -4,44 | 20,32 | -4,58 | 21,19 | -3,40 | 19,5 | -0,4 |
| Маңғыстау | 11,4 | -5,28 | 23,71 | 21,78 | 27,3 | 5,21 | 25,7 | 0,3 |
| ОҚО | 15,8 | -3,06 | 23,26 | -4,18 | 24,29 | -4,42 | | |
| Павлодар | 0,4 | -19,28 | 6,15 | -3,39 | 7,31 | -3,49 | 4,1 | -0,4 |
| СҚО | -1,2 | -14,55 | 1,25 | -8,72 | 2,21 | -9,38 | -1,2 | -0,4 |
| Түркістан | | | | | | | 23,8 | -1,6 |
| ШҚО | -1,2 | -8,05 | 5,12 | -4,32 | 6,56 | -5,79 | 4,4 | -1,0 |
| Нұр-Сұлтан қ. | 2,4 | 11,07 | 20,93 | 51,33 | 24,6 | 21,48 | 20,2 | 2,1 |
| Алматы қ. | 0,9 | 5,32 | 18,14 | 10,74 | 12,02 | 14,41 | 10,8 | 3,3 |
| Шымкент қ. | | | | | | | 23,6 | 0,9 |

Дереккөз: [52] деректері бойынша автормен құрастырылған

*ТӨ(К) –табиғи өсім/кему, МӨ(К) –көші-қон өсімі/кему

Соңғы 21 жылда Қазақстан тұтастай алғанда, оның көптеген аймақтарында сияқты, оң табиғи өсімі (228,6%) тіркелген. Салыстырмалы түрде табиғи өсімнің ең төменгі деңгейі Қостанай облысында байқалады, онда көрсеткіш -23,1%-ға жеткен, яғни -225 мың адамға азайған келесі орында Павлодар (-14,1%) облысы тұр. Бұл аймақтарда туудың төмен көрсеткіші орын алғандықтан халықтың жалпы санындағы жастардың үлесі төмендеп, соның салдарынан жас құрылымының нашарлауына орын алған және бұл қазіргі уақытта аймақтық экономика мен еңбек нарығы үшін оның барлық теріс салдарларына алып келетін халықтың қартаюына алып келеді.

Табиғи өсімнің теріс көрсеткіштері бір мезгілде дүниеге тірі баланың келу санының төмендеуі мен өлім-жітім көрсеткішінің артуының нәтижесі болып табылады.

Егер оң көрсеткіштерді қарайтын болсақ, онда жақсы жағдай жеті облыста және Республикалық маңызы бар екі қалада байқалды. Ең үлкен өсім Нұр-Сұлтан қаласында, 32,5% (яғни 5977 мың адам) және Алматы қаласында – 24,2% (яғни 3996 мың адам) болды.

Табиғи өсім қарқыны туу көрсеткішіне тікелей байланысты. Ұрпақтардың ауысуы үшін туудың жиынтық коэффициенті кемінде (ТЖК) 2,1-ге тең болуы тиіс, мысалы, 15-49 жастағы 100 әйелге орта есеппен 210 бала келуі тиіс. 2020 жылдағы Қазақстан аймақтарында туудың жиынтық коэффициенті 1,9-дан 4,7-ге дейін ауытқиды. Егер жалпы Қазақстан бойынша орташа көрсеткіш 3,1-ді құраса, туудың салыстырмалы жоғары көрсеткіштері Түркістан (4,8), Маңғыстау (4,3) және Жамбыл, Алматы (4,0) облыстарына тиесілі, салыстырмалы түрде төменгі көрсеткіш Алматы қаласы мен Қостанай облысында (1,9) байқалады. Туудың жоғары коэффициенті оңтүстік және батыс аймақтарда байқалады. Бұл негізінен қазақ және түркі тілдес этностардың салыстырмалы түрде жоғары үлесіне байланысты. Себебі, оларда туу көрсеткіштері еуропалық этностардан қарағанда әлдеқайда жоғары. Еуропалық этнос әйелдеріне қарағанда, тұрғылықты халық, яғни қазақ ұлты мен түркітілдес этностар көбінесе, екі немесе одан да көп бала тууды таңдайды [52]. ТЖК салыстырмалы түрде төмен көрсеткіші Нұр-Сұлтан қаласын қоспағанда, солтүстік, шығыс және орталық Қазақстанда байқалады.




Сурет 12 – 1999-2020 жылдардағы туудың жалпы коэффициенті (1000 адамға шаққанда)

Ескерту – [52] мәліметтері бойынша автормен құрастырылған

Егер туу көрсеткішін этникалық тұрғыда қарастыратын болсақ, соңғы жылдары барлық этникалық топтар бойынша бұл көрсеткіштің төмендеу үрдісі

байқалады, туу көрсеткішінің жоғарылауы тек өзбек (2%) пен татар (1,5%) этнотары арасында көрініс тапқан.

Халықтың қартаю индексі жалпы аймақтың демографиялық әлеуетінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Қартаю индексі халықтың жас құрылымындағы оң немесе теріс өзгерістерді мен елдегі қарт адамдарының саны мен үлесінің артыруын өлшеу үшін қолданылады. Бұл индекс 65 және одан үлкен жастағы адамдар мен 14 жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдер арасындағы арақатынасты сипаттайды. Индекстің мәні 100-ден жоғары болуы балалармен және экономикалық белсенді халықпен салыстырғанда қарт адамдардың неғұрлым жоғары үлесін көрсетеді. 1989 және 2020 жылдары демографиялық қартаю индексінің көрсеткіштерін салыстыру барысында Қазақстан мен оның аймақтарында бірқатар өзгерістер орын алғанын көрсетеді. Қазақстанда 1989 жылы әрбір 100 балаға шаққандағы зейнеткерлік жастағы адам саны 17,4 болған, 31 жылдан кейін бұл көрсеткіш 1,5-ге өсіп, 26,7-ға жетті. 2020 жылдағы халықтың қартаюының салыстырмалы түрде үлкен көрсеткіштері Қазақстанның солтүстік және шығыс аймақтарында байқалады. Ең нашар демографиялық жағдай СҚО (61,3) және Қостанай (57,4) облыстарында байқалады (14 жасқа дейінгі әрбір 100 адамға 65 жастан кем емес 60-қа жуық адам келеді). Сонымен қатар, жастармен салыстырғанда қарт адамдардың салыстырмалы түрде жоғары үлесі Шығыс Қазақстан (50,6), Павлодар (46,2) және Қарағанды (43,5) облыстарында көрініс тапқан. Халықтың қартаюының төмен көрсеткіштері Түркістан (12,7), Маңғыстау (12,9) облыстарында және Шымкент (14,5) қаласында тіркелген. Солтүстік Қазақстан облысында қартаю индексінің өзгеру қарқыны Қазақстан бойынша орташа көрсеткіштен үш есе асып түсетінін атап өткен жөн. Халықтың қартаюы еңбек нарығы үшін көптеген зардаптарға алып келеді [99]. Біріншіден, еңбекке қабілетті жастағы адамдардың саны азаяды, бұл «жұмыс күшінің» азаюын білдіреді. Екіншіден, қызметкерлердің жасы артады, бұл олардың физикалық дайындықтың жоғары деңгейін талап ететін жұмысты жиі орындай алмайтынын білдіреді. Үшіншіден, белгілі бір мамандықтарға қажеттілік өзгереді. Егде жастағы адамдарды күту және физиотерапиялық қызметтермен тікелей байланысты жұмыс орындары неғұрлым танымал болады. Балалардың қамқорлығы мен тәрбиесіне, білім алуына байланысты мамандыққа сұраныс біршама азаяды.




Сурет 13 – 1989-2020 жылдар арасындағы қартаю индексі көрсеткішінің өзгеруі (100 балаға шаққандағы)

Ескерту – [52] мәліметтері бойынша автормен құрастырылған

Демографиялық болжамға сәйкес Қазақстанда ағымдағы демографиялық үрдістер сақталады, елдің батыс және оңтүстік аймақтарында халық санының өсу үрдісі одан әрі сақталады, ал солтүстік аймақтардың халқы тез азая бастайды. Бұл аймақтарда 35 жасқа дейінгі жастар саны бойынша қарқынды төмендеу үрдісі ерекше алаңдатады.

Осы зерттеулерді нақтылау және демографиялық әлеуеті төмен аймақтарды анықтау үшін маңызды көрсеткіштерді жіктеу қажет. Бұл кластерлік әдіс арқылы мүмкін болады.

Кластерлік талдау барысында аймақтардың демографиялық әлеуетіне әсер ететін бірнеше факторлар жинақталды. Оларға: 0-24 жас аралығындағы халықтың үлесі, 25-64 жас аралығындағы халықтың үлесі, 20 жасқа дейін, 20-29 жас, 30-39 жас, 40 жастан асқанда ана атанғандар саны, бірінші, екінші, үшінші, төртінші және бесінші және одан жоғары балалы болғандар саны, некеде тұрмаған әйелдерден туғандар саны, аналар өлімі (100000 туғандарға), туудың жиынтық коэффициенті, нәресте өлімі (1000 туғандарға), туғандағы өмірінің күтілетін ұзақтығы (жас саны), неке (1000 адамға) коэффициенті, ажырасу (1000 адамға) коэффициенті, табиғи өсім (1000 адамға), қартаю индексі (100 балаға шаққандағы), халықтың орташа жасы, сыртқы көші қон айырымы, түсік тастаудың жалпы коэффициенті (15-49 жас аралығындағы 100 әйелге шаққандағы) жатады. Сонымен R бағдарламасында кластерлік талдау әдісін жасау үшін жоғарыда алынған көрсеткіштердің арасында өзара жоғары тәуелділік жағдайын болдырмау үшін корреляциялық талдау жүргізу қажет.

Корреляциялық матрицаны құру кезінде арасында мультиколлениарлық байланыс бар факторлық көрсеткіштер алынып тасталды.

Кластерлік талдау жүргізу үшін Қазақстан аймақтарындағы демографиялық әлеуеттің жағдайын қандай да бір жолмен бағалауға мүмкіндік беретін R бағдарламасы арқылы корреляциялық талдау нәтижесінде шыққан келесі он бір айнымалыдан тұратын мәліметтер базасы іріктелді, оларға: 20 жасқа дейін, 20-29 жас, 30-39 жас, 40 жастан асқанда ана атанғандар саны, үшінші, төртінші және бесінші және одан жоғары балалы болғандар саны, туудың жиынтық коэффициенті, 1000 адамға шаққандағы некелер саны, 1000 адамға шаққандағы табиғи өсім және ішкі көші-қон айырымы жатады.

Кесте 8 – Кластерлік талдау факторлары

| № | Факторлар | Белгілеу |
|---|---|---|
| 1 | 20 жастан жас ана болғандар саны; | X1 |
| 2 | 20-29 жас аралығында бала туған әйелдер саны; | X2 |
| 3 | 30-39 жас аралығында бала туған әйелдер саны; | X3 |
| 4 | 40 жастан жоғары жастағы бала туған әйелдер саны; | X4 |
| 5 | үшінші баласын туған аналар саны; | X5 |
| 6 | төртінші баласын туған аналар саны; | X6 |
| 7 | бес және одан көп бала туған аналар саны; | X7 |
| 8 | туудың жиынтық коэффициенті | X8 |
| 9 | 1000 адамға шаққандағы некелер саны | X9 |
| 10 | 1000 адамға шаққандағы табиғи өсім | X10 |
| 11 | ішкі көші-қон айырымы | X11 |
| Ескерту – [105] негізінде автормен құрастырылған | | |

Талдау үшін ақпараттық ресурс ретінде Қазақстан Республикасының статистика комитетінің ресми деректері пайдаланылды. Кластерлік талдау R бағдарламасы арқылы жасалынды. Демография саласында ұқсас проблемалары бар Қазақстан аймақтарының топтарын анықтау үшін Вард әдісі мен Евклид қашықтығына негізделген иерархиялық кластерлік талдау қолданылды. Мұндай таңдау көрсетілген шаралардың дискриминанттық қабілеттерімен, олардың тиімділігімен түсіндіріледі (көптеген зерттеулердің нәтижелері бойынша) [105]. Сонымен қатар, дәл осы шаралар зерттелетін проблеманы біртекті сегменттерге нақты бөліп көрсетуге мүмкіндік берді.




Сурет 14 – Қазақстан аймақтарының демографиялық көрсеткіштері бойынша кластерлерге бөлінуі

Ескерту – R бағдарламасы негізінде автормен құрастырылған

Дайын мәліметтерді бағдарламаға салу барысында бағдарлама Қазақстан аймақтарының демографиялық көрсеткіштері бойынша 4 кластерге бөліп көрсетті. Кластерлерді профильдеу кластерлік центроидтарды зерттеу арқылы жүзеге асырылды — кластерлеу айнымалыларының орташа және медианалық мәндері аймақтардың әр тобында есептелді, осы шамалардағы айырмашылықтардың маңыздылығына тесттер жүргізілді.

Кесте 9 – Кластерлік талдау нәтижесінің көрсеткіштері

| Variable | Mean Значение | Standard Deviation | Skewness | Kurtosis | Bimodality |
|---|---|---|---|---|---|
| 20 жасқа дейін ана атанғандар | 773,0 | 576,7 | 2,0056 | 3,7316 | 0,6797 |
| 20>29 жас аналар | 13548,0 | 8002,5 | 1,5135 | 2,4033 | 0,5430 |
| 30>39 жас аналар | 8395,4 | 4330,4 | 1,0931 | 0,7060 | 0,5030 |
| <40 жас аналар | 683,2 | 352,1 | 1,0474 | 0,8935 | 0,4608 |
| 3-ші балалы болғандар | 5358,6 | 2937,1 | 1,2728 | 1,7134 | 0,4879 |
| 4-ші балалы болғандар | 2792,2 | 2045,5 | 1,6192 | 2,8839 | 0,5537 |
| 5-ші және одан жоғары балалы болған | 1820,4 | 1850,7 | 2,5398 | 7,6930 | 0,6564 |
| Туудың жиынтық коэффициенті | 2,8412 | 0,7520 | 0,0927 | -1,3342 | 0,4342 |
| Некелер саны (1000 адамға шаққанда) | 7,5035 | 1,1282 | 1,8632 | 3,8691 | 0,5941 |
| Табиғи өсім (1000 адамға шаққанда) | 14,1124 | 7,9698 | -0,1845 | -1,4879 | 0,4767 |
| Ішкі көші-қон айырымы | -1713,0 | 2172,3 | -0,5993 | -0,9487 | 0,5018 |
| Ескерту – R бағдарламасы негізінде автормен құрастырылған | | | | | |

1 кластер – Демографиялық әлеуеті жоғары аймақтар. Нәтижесінде, 1 кластерге демографиялық әлеуеті жоғары аймақтарға Алматы мен Түркістан облыстары кірді. Бұл аймақтарда туу көрсеткіштері жоғары, соның ішінде, үшінші, төртінші және бесінші балалардың дүниеге келу саны жоғары деңгейде болып табылады. Сонымен қатар, туудың жиынтық коэффициентінің орташа мәні 4,0. Бұл жалпы Республика бойынша жоғары көрсеткішке жатады. 1000 адамға шаққандағы некелер саны шамамен 6,8 болып табылады. Орташа көрсеткіші 7,5 болған жағдайда, салыстырмалы түрде төменіректер қатарына жатқызамыз. 1000 адамға шаққандағы табиғи өсімнің екі облысқа тиесілі жалпы көрсеткіші 20,0 болса, орташа шама 14,1, яғни табиғи өсім бұл облыстарда жоғары болып келеді. Мәліметтерге сәйкес, еліміздің көптеген аймақтарында ішкі көші-қон айырымы теріс санды көрсетіп отыр. Ал кластерлік талдауға сәйкес, демографиялық әлеуеті жоғары аймақтар қатарына жататын, Алматы мен Түркістан облыстарында оң нәтижені байқауға болады. Бұл кластерге кіретін аймақтарда 20 жасқа дейін ана атанғандар саны салыстырмалы түрде жоғары көрсеткішке ие. Орташа көрсеткіш 773 болса, Алматы облысында 1765, Түркістан облысында 2438 болған. Қазақстан бойынша әйел адамдардың басым бөлігі 20-29 жас аралығында бірінші рет ана атанады екен.

2 кластер – Демографиялық әлеуеті салыстырмалы түрде жоғары аймақтар. Талдау нәтижесі бойынша, 2 кластерге Жамбыл облысы, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары жатады. Бұл кластерде орналасқан аймақтардағы туу көрсеткіші салыстырмалы тұрде жоғары. Осы аймақтарға тиесілі туудың жиынтық коэффициентінің лорташа шамасы 2,8 құрады. Аталған төрт аймақтың ішінде ең жоғарғысы Жамбыл облысында, керісінше, Алматы қаласындағы бұл көрсеткіш салыстырмалы түрде төмен, яғни 1,76. Аналардың жасы бойынша туу көрсеткіштері, Жамбыл облысы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары бойынша жоғарғы көрсеткіштерге ие. Әрине, туудың ең жоғары көрсеткіштері 20-29 жас аралығына тиесілі. Алайда, Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында 30-39 жас аралығында бала босанушылар саны басқа аймақтармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болып отыр. Осы кластерге кіретін барлық аймақтар үшін үшінші және одан жоғары баланы босанушылар саны еліміз бойынша ең жоғарғы көрсеткіштерге ие екенін атап өткен жөн.

3 кластер – Демографиялық әлеуеті орташа аймақтар. Бұл кластер 6 аймақты біріктірді. Оларға: Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Маңыстау және Шығыс Қазақстан жатады. Бұл кластердегі Атырау, Маңыстау облыстарында ішкі көші-қон айырымы оң нәтижені көрсетіп отыр. 1000 адамға шаққандағы некелер саны республика бойынша орташа көрсеткіштерге ие. Жалпы барлық алынған аймалылар арасында айтарлықтай ерекшеліктер жоқ, тек туудың жиынтық коэффициенті салыстырмалы түрде жоғары болып келеді. Жалпылай айтқанда, осы кластердегі демографиялық әлеуеттің жағдайын «ең жаман емес, бірақ ең жақсы емес» деп сипаттауға болады.

4 кластер – Демографиялық депрессивті аймақтар. Бұл Қазақстанның бес аймағынан (Ақмола, БҚО, Қостанай, Павлодар, СҚО) тұратын ең проблемалы кластер. Ол демографиялық әлеуеттің жағдайын төмен деп бағалауға мүмкіндік беретін келесі белгілермен сипатталады: туу көрсеткіштері барлық аймақтармен салыстырғанда төмен болып келеді, соның ішінде, үшінші және одан жоғары баланы босанушылар саны аз, 30 жастан асқан әйелдердің бала туу көрсеткіші төмен деңгейде, республика бойынша туудың жиынтық коэффициенті ең төменгі көрсеткіштерге ие, 1000 адамға шаққандағы некелер саны аз, 1000 адамға шаққандағы табиғи өсім төмен деңгейде болып отыр.

Қорыта келе, аймақтардағы демографиялық әлеуетті бағалау барысында, негізінен, оңтүстік, батыс аймақтардағы жағдайға көңіл толарлықтай, ал солтүстік, шығыс, орталық аймақтардағы жағдай алаңдатарлық туындатып отыр. Келесі кезекте 4 кластерге жататын аймақтар, яғни демографиялық депрессивті аймақтардың әлеуметтік, экономикалық, демографиялық, экологиялық т.б. жағдайларын талдау мәселесіне тоқталып өткен жөн.

### 2.3 Қазақстанның депрессивті аймақтарының әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштерін талдау

Қазақстан Республикасының аймақтарының демографиялық әлеуетін талдау барысында, кейбір аймақтарда айтарлықтар проблемалар бар екеніне көз жеткіздік. Кластерлік талдау барысында бұл аймақтарға 5 өңір жататыны анықталды. Оларға: Ақмола, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары кіреді. Бұл аймақтардағы халықтың орташа жылдық саны тұрақты деңгейде немесе, көбінесе, төмендеу үстінде. Ең қиын жағдай Солтүстік Қазақстан облысында болып отыр. Себебі, соңғы 20 жыл ішінде бұл облыста халықтың орташа жылдық саны 22%-ға төмендеген. Басқа өңірлермен салыстырғанда, бұл облыс бойынша жылдан жылға халық саны тұрақты түрде азаюмен сипатталады. Әсіресе, салыстырмалы түрде ең үлкен өзгеріс 2008 жылдан басталып кеткен. Солтүстік Қазақстан облысындағы жағдай, соңғы жылдарда енгізілген мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың өзінде оң нәтиже бере алмай отыр. Келесі кезекте, Қостанай облысының халқы 10% азайған.

Қостанай облысы бойынша халықтың орташа жылдық саны 2012 жылға дейін тұрақты түрде азайып отырған, алайда, жағдай 2013 жылдан бастап салыстырмалы түрде тұрақталған. Атап өту керек, бұл кластерге кіретін барлық аймақтардың ішінде Қостанай облысы бойынша халық саны ең жоғарысы болып табылады. Ал, Ақмола (6,2%) мен Павлодар (3,5%) облыстарындағы өзгеріс айтарлықтай бола қойған жоқ. Ақмола облысы бойынша 2007 жылға дейін жағдай тұрақты болған, бірақ, 2008 жылдан бастап халық санының төмендеу үдерісі тоқтамай тұр. Бұл кластер бойынша тек, Батыс Қазақстан облысында ғана оң өзгеріс бар, яғни соңғы 20 жылдағы халықтың орташа жылдық саны 8%-ға өскен болатын.




Сурет 15 – Қазақстанның демографиялық депрессивті аймақтарындағы халық саны (2000-2020 жылдар) (адам)

Ескерту – [52] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Қазақстанда қалалы жерде және ауылды елді-мекенде тұратын халықтың мінез-құлқы, өмірге деген көз қарасы, отбасына, туған-туысқандарына қарым-қатынасы, балаға деген қажеттілік, әртүрлі қызметтерге қолжетімділік әркелкі болып келеді. Жалпы демографиялық әлеуетке қала мен ауыл халқының үлесі де әсер етеді. 4 кластерге кіретін аймақтардағы қала мен ауыл бөлінісіндегі халық санына келетін болсақ, соңғы 20 жылдың ішінде барлық өңірлер бойынша ауыл халқының саны төмендеген. Ал, Павлодар мен Батыс Қазақстан облысында қала халқының саны біршама көбейген.

Бұл аймақтарда тұратын адамдардың қала мен ауылды елді-мекендердегі үлесін қарастыратын болсақ, Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарында ауыл халқы үлесі жоғары, ал қалған аймақтарда қала халқының үлесі басым болып отыр. Ақмола облысы бойынша ауылды елді-мекендерде тұратындардың үлесі қалалықтарға қарағанда 5,3%-ға жоғары, Солтүстік Қазақстан облысыда бұл көрсеткіш 7,4%-ды құрайды. Павлодар облысының қала тұрғындары ауыл халқына қарағанда аз болып, ауыл тұрғындары 41,1%-ға жоғары екен, ал Қостанайдағы ауыл тұрғындары үлесі 16,4%-ға және БҚО-да 5,1%-ға жоғары болған.




Сурет 16 – 4-ші кластерге кіретін аймақтардағы қала мен ауылдарғы халық саны (2000-2020 жылдар) (адам)

Ескерту – [52] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, жалпы соңғы жылдары туу деңгейі төмендеп бара жатыр. Мұның негізгі себептеріне, отбасылардың материалдық жағдайларының нашарларуы мен белсенді репродуктивті жастағы әйелдер санының азаюы жатады. Ал, өз кезегінде, белсенді репродуктивті жастағы әйелдер санының азаюының негізгі себебі, 1990 жылдары дүниеге келген аз контингенттің осы жасқа толуымен байланысты.

Аймақтардың демографиялық әлеуетін зерттеу барысында туудың жиынтық коэффициентін қарастыру маңызды іс-шара болып табылады. Себебі, ол туу деңгейінің неғұрлым нақты көрсеткішіне жатады. Туудың жиынтық коэффициенті дегеніміз әр әйел өзінің бала тууға қабілетті жасының соңына дейін өмір сүріп, қолданыстағы туудың жастық коэффициентіне сәйкес тууы мүмкін бала саны. Ұрпақтардың ұдайы өсіп-өну деңгейі сақталып қалуы үшін бір әйелге шаққандағы туудың жиынтық коэффициенті 2,15-тен жоғары болуы тиіс. Алынған кезеңде бұл көрсеткішке жетпеген аймақтар қатарына Қостанай, Павлодар және СҚО болса, соңғы жылдары Ақмола облысының көрсеткіші оң нәтижеге ие болған. Соңғы 21 жылда туудың жиынтық коэффиенті еліміз бойынша 1,33-ке көтерілген. Ең көп өзгеріс Батыс Қазақстан (1,34), Ақмола (0,94) және СҚО-да (0,94) болған. Бұл көрсеткіш жалпы Қазақстан бойынша ауылды елді-мекендерде (3,53) қалалық жерлерге (2,89) қарағанда жоғары болып келеді. 4 кластерге кіретін аймақтардың ішінде СҚО мен Павлодар облыстарында ауылды жерлердің көрсеткіші қалалардан жоғары болса, Ақмола, БҚО, Қостанай облыстарында туудың жиынтық көрсеткіші керісінше, қалаларда жоғары.




Сурет 17 – ҚР мен 4-ші кластерге кіретін аймақтардағы туудың жиынтық коэффициенті (1999-2020 жылдар)

Ескерту – [52] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Нәресте өлімі көрсеткіші демографиялық әлеуетті анықтаушы факторлардың негізгісінің біріне жатады. Нәресте өлімі көрсеткіші халықтың әлеуметтік жағдайы мен ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің ахуалын анықтаушы маңызды көрсеткіш болып табылады.

Нәресте өлімі туралы 2018 жылғы ЮНИСЕФ баяндамасында осы көрсеткіш бойынша 184 елдің ішінде Қазақстан 122 орында тұрған екен. Бұл өте алаңдатарлық жағдайды туғызып отыр. Жоғарыдағы баяндамада көрсетілгендей, бұл жалпы әлемдік мәселе, әсіресе, әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен мемлекеттерде, елді-мекендерде бұл проблема өткір көрінеді [106].

Қазақстан бойынша жыл сайын 3 мыңнан астам нәресте бір айға дейін өмір сүрмей қайтыс болып кетеді. Олардың мыңнан астамы өзінің туған күнінде алғашқы және соңғы дем алады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан бойынша нәресте өлімі жыл сайын азайып келе жатқанын байқауға болады. Соңғы 20 жылдың ішінде нәресте өлімі көрсеткіші 2,4 есеге азайған. Нәресте өлімі көрсеткіші бойынша Солтүстік және Батыс Қазақстан облыстарында 2015 жылмен салыстырғанда 2020 жылғы көрсеткіш жоғарылаған. Басқа аймақтардың барлығында өлім көрсеткіші жыл сайын төмендеп келеді. 2020 жылы 5 аймақ ішінде, жоғарғы көрсеткіштер Қостанай мен Батыс Қазақстан облыстарында байқалады, оның себебі, бұл өңірлерде адам саны салыстырмалы түрде жоғары болғандықтан.

Нәресте өлімінің негізгі себептеріне келетін болсақ, шамамен оның жартысы перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайларға байланысты. Бұл көрсеткішті қала мен ауылға бөліп қарастыратын болсақ, қарастырып отырған 5 аймақтың ішінде Павлодар облысы бойынша қаладағы нәресте өлімі көрсеткіші жоғары болып отыр. Қалған облыстарда қала мен ауыл көрсеткіші біркелкі. 2000-2020 жылдар аралығындағы өлімдердің 6/1 туа біткен ауытқулардан болып отырған. Туа біткен ауытқулар бойынша Ақмола облысында 9, Батыс Қазақстанда 21, Қостанайда 26, Павлодарда 14, Солтүстік Қазақстанда 22 нәресте қайтыс болған. Еліміз бойынша жыл сайын шамамен 200-ден астам нәресте тыныс органдары ауруларынан қайтыс болады. Демографиялық депрессивті аймақтардың ішінде тыныс органдары ауларынан қайтыс болған нәрестелердің салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіші Ақмола облысына (10 жағдай) тиесілі, басқа аймақтарда бұл көрсеткіштің орташа шамасы 5 жағдайға тең. Қазақстанда инфекциялық және паразитарлық аурулардан нәрестелердің қайтыс болу жағдайы шамамен 145 болып келеді. Алынған 5 аймақтың ішінде ең жоғарғы көрсеткіш Қостанай облысына тиесілі болып отыр, ал басқа облыстарда тек 1 жағдайдан ғана. Нәрестелер өлімінің тағы бір себебі, жазатайым жағдайлар, улану және жарақаттардан болуы мүмкін. Еліміздегі бұл көрсеткіш шамамен 150 жағдайды құрайды. 4 кластерге кіретін аймақтардың орташа мәні 4 болса, ең жоғарғысы Қостанай мен Павлодар облыстарында (6 жағдай) және салыстырмалы түрде төменгісі Солтүстік Қазақстанда (3 жағдай) болып отыр.

Алайда, әрбір ана мен бала қолжетімді және сапалы медициналық көмекке қол жеткізе алса, жыл сайын мыңдаған балалар өмірін сақтап қалуға болар еді. Демографиялық депрессивті аймақтардағы нәресте өлімін азайту үшін нақты осы өңірлердегі перинаталдық медицина саласын дамтыу қажет. Әсіресе, бұл ауылды елді-мекендерде қолға алынуы тиіс. Перзентханалар мен реанимациялық бөлімшелердің материалдық базасын жақсарту, заманауи медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету – нәресте өлімі көрсеткішін төмендентудің негізгі факторы болып келеді.

Кесте 10 – 2000-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан және оның депрессивті аймақтарындағы нәресте өлімінің коэффициенті, 1000 туғандарға

| № | Аймақтар | 2000 жыл | 2005 жыл | 2010 жыл | 2015 жыл | 2020 жыл | 2000 / 2020 есе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ҚР | 18,8 | 15,2 | 16,6 | 9,4 | 7,8 | 2,4 |
| 2 | Ақмола | 16,5 | 13,1 | 13,8 | 8,1 | 6,5 | 2,5 |
| 3 | БҚО | 16,1 | 15,0 | 13,9 | 8,3 | 9,2 | 1,7 |
| 4 | Қостанай | 21,8 | 16,6 | 14,1 | 10,6 | 10,4 | 2,1 |
| 5 | Павлодар | 26,2 | 13,0 | 12,8 | 7,0 | 5,7 | 4,6 |
| 6 | СҚО | 15,7 | 15,1 | 13,8 | 7,9 | 8,7 | 1,8 |
| Ескерту – [52] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған | | | | | | | |

Қазіргі кездегі отбасы проблемалары демографиялық әлеуетке тікелей әсер етуші фактор. Бүгінгі таңда, Қазақстан бірте-бірте отбасы құрылымының патриархалды моделінен теңдік және өзара серіктестік қағидаттарына бағытталған заманауи зайырлы отбасына көшіп жатыр. Бұл дәстүрлі отбасылық құндылықтардың жойылуына алып келеді. Отбасы құндылықтарына әсер етуші демографиялық көрсеткіштерге некелесу коэффициенті мен ажырасудың жалпы коэффициенттері жатады.

Отбасы-бұл ұрпақтарды жалғастырушы және индивидттің әлеуметтенуіне тікелей әсер етуші институт. Бұл әлеуметтік институтттың қоғамдағы орнының өзгеруі мен оның ыдырауы қоғамның болашағына, демографиялық әлеуетке әсер қауіп қатер туындатады [107].

4 кластерге жататын аймақтардағы некелесу коэффициентіне келетін болсақ, жалпы некеге тұрушылардың арасындағы ерлердің көпшілігі (40%) 25-29 жас арасында отбасын құрса, әйел адамдардың 50%-ы 20-24 аралығында келін атанады екен. 18 және одан төмен жаста ерлер арасында некеге тұрушылар жалпы көрсеткіштің 0,05% құраса, әйел адамдар арасындағы бұл үлес 0,85% болған. Әйел адамдар (12,13%) арасында 18-19 жас аралығында отбасын құрушылардың үлесі ерлерге (1,82%) қарағанда жоғары екен. Жоғарыдағы мәліметтерге сәйкес, ер адамдардың басым бөлігі 25-29 жас аралығында отбасын құрса, олардың арасындағы екінші көрсеткіш 20-24 жас (34,9%) аралығында екен. Ерлер арасындағы 30-34 жас аралығында некеге тұрушылардың жалпы көрсеткіштегі үлесі 13,95% болса, 35-44 жас аралығындағы үлес 7,29%, ал 45 жастан үлкен ерлер арасында отбасын құрушылардың үлесі 1,85%. Әйел адамдар арасындағы 25-29 жаста некеге тұрушылар үлесі 22,17% болса, 30-34 жастағылардың үлесі (8,04%) ерлерден екі есе аз екен. Ал 35-44 жас аралығындағыладың үлесі 5,27% болса, 45 жастан жоғарылардың үлесі 1,18% болған.

Соңғы 20 жылда некеге тұру жасы ұлғайған, оның ішінде, ерлер арасында 26 жастан 27,6 жасқа өсіп, өзгеріс 1,6 жасты құраса, әйел адамдар арасында 23,2 жастан 25 жасқа ұлғайып, айырмашылық 1,8 жасты құраған. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, қаладағы некеге тұру жасы ауылдықтарға қарағанда жоғары болып келеді. Демографиялық депрессивті аймақтарда ерлер арасындағы отбасын құрудың ең жоғары жасы СҚО бойынша, яғни 28,6 жас, бұл орташа шамандан 1 жасқа жоғары. Ал әйел адамдар арасындағы мұндай көрсеткіш СҚО мен Қостанай облыстарына тиесілі, яғни республика бойынша 25 жас болса, бұл аймақтарда 26 жас болып отыр. Некеге тұру жасы бойынша әйел адамдар арасында қарастырылып отырған барлық аймақтарда жалпы республика бойынша көрсеткіштен жоғары, бұл алаңдатарлық жағдай. Ал, ерлер арасында тек БҚО (27,3 жас) бойынша ғана төмен.

Некелесу коэффициенті көрсеткіші соңғы 20 жылдың ішінде 13,1%-ға жоғарылаған. Ал, демографиялық депрессивті аймақтардың көпшілігінде төмендеп бара жатқанын байқауға болады. Соның ішінде, Ақмола облысы (-7,9%) бойынша көрсеткіш төмендеген. Басқа аймақтардың көпшілігінде

шамамен 4,5%-ға азайған болатын. Салыстырмалы түрде позитивті көрсеткіш БҚО (19,3%) мен Павлодар облыстарына (4,8%) тиесілі болып отыр.

Кесте 11 – 2000-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан және оның депрессивті аймақтарындағы некелесу коэффициенті, 1000 адамға

| № | Аймақтар | 2000 жыл | 2005 жыл | 2010 жыл | 2015 жыл | 2020 жыл | 2000 / 2020, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ҚР | 6,1 | 8,1 | 9,0 | 8,5 | 6,9 | 13,1% |
| 2 | Ақмола | 6,3 | 7,6 | 8,0 | 7,4 | 5,8 | -7,9% |
| 3 | БҚО | 5,7 | 7,7 | 9,1 | 8,3 | 6,8 | 19,3% |
| 4 | Қостанай | 5,8 | 6,6 | 7,6 | 7,3 | 5,5 | -5,1% |
| 5 | Павлодар | 6,2 | 7,9 | 8,7 | 8,1 | 6,5 | 4,8% |
| 6 | СҚО | 5,6 | 7,6 | 7,6 | 7,3 | 5,4 | -3,6% |
| Ескерту – [52] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған | | | | | | | |

Жоғарыда айтылғандай, көптеген ғалымдардың пікірінше, соңғы жылдары отбасы институты айтарлықтай өзгеріске ұшыраған. Мысалы, ресейлік ғалым В.К.Шабельниковтің пікірінше, қоғамды ұйымдастырудың жаңа формалары отбасылық жүйенің объективті түрде өзгеруіне алып келді. Оның нәтижесінде, адамдардың отбасымен байланысының сипаты түбегейлі өзгеріске ұшыраған. Патриархалды отбасы құндылықтарының жойылуы, оларды «қалалық отбасы құндылықтарымен» алмастыру отбасы институтының терең революциялық өзгерістеріне және оның семантикалық, функционалдық мазмұнының өзгеруіне алып келді [108]. Отбасы трансформациясының бұл өзгерістерінің ең негативті салдарларының біріне қазіргі қоғамдағы ажырасу көрсеткіштерінің жоғарылауын жатқызамыз.

«Қазақстандық отбасылар – 2019» Ұлттық баяндаманың деректеріне сәйкес, солтүстік аймақтардағы әрбір екінші неке ажырасумен аяқталады. Айта кететін жағдай, бұл баяндама «Қазақстандағы тең құқық және тең мүмкіндіктер институты» мен «Азаматтық бастаманы қолдау орталығы» дайындаған болатын. Зерттеу Қазақстанның 14 облысы мен 3 республикалық маңызды қалаларында жүргізілген. Сауалнама Қазақстандағы отбасы институты жағдайының әртүрлі саласын қамтитын 100-ден артық сұрақтардан тұрып, 3 мың респонденттер арасында жүргізілген. Бұл зерттеудің нәтижесінде, ажырасудың негізгі себебіне (61%) «отбасылық өмірге туысқандардың араласуы» жатады екен. Екінші орында «бір-біріне бағынбау» (41%), үшінші орында «отбасылық құндылықтардың дағдарысы» (36%), келесіде «эгоизм» (28%), «әлеуметтік желілердің әсері» (28%), «ажырасуды рәсімдеудің жеңілдігі» (25%) болған. Тек, респонденттердің 1% ғана материалдық жағдайдың төмендігіне байланысты ажырасу мүмкін деген пікір айтқан. Сонымен қатар, респонденттердің жартысына жуығы өзара түсініспеушілік, көзге шөп салу, ішімдікке салынуды ажырасудың негіздемесіне жатқызған. Келесі негіздемелер баланың болмауы (20%) мен жұбайлардың әртүрлі

этностан болуы (3%) аталды. 4% респондент қандай жағдай болмасын некені бұзуға жол жоқ деген тұжырымдаманы ұстанады.

Нәтижесінде, қазіргі Қазақстандағы отбасы құрылымы мен функцияларының бірталай өзгеріске ұшырағанына байланысты демографиялық өткелдің екінші кезеңінің басталып жатқанын байқауға болады. Бұл ажырасу мен заңды некесіз бірге тұру көрсеткіштерінің жоғарылауымен, отбасы құрылымының бірегей түрі болып табылатын некенің құлдырауы, «дәстүрлі отбасы» ұғымынан алыстап отбасылардың әртүрлі формаларының пайда болуы, некеге тұру мен алғаш ана атану жасының ұлғаюы байланысты. Біракта дәстүрлі отбасылық құндылықтар (некені тіркеу, туыстарының мақұлдауы, міндетті түрде балалы болу т.б.) бәрібір де сақталып қалған [109].

Ал, объективті статистикалық мәліметтерге жүгінсек, Қазақстан ажырасу көрсеткіштері бойынша алдыңғы қатарлы 10 елдің ішіне кіріп, неке санының ажырасу санына қатынасы коэффициенті 3-ті құрап, әлем бойынша жетінші орынға жайғасты [110].

Соңғы жылдары ажырасу коэффициенті жоғарылап келе жатыр. Мысалы 2000 жылмен салыстырғанда 2019 жылы ажырасу коэффициенті 75%-ға өскен, ал 2020 жылы 44,4% болған бұл жоғарыда айтылғандай, отбасы құндылықтарының өзгеруінің бірден-бір дәлелдемесі. 2020 жылы 2019 жылға қарағанда ажырасу коэффициенті төмендеген. Бұл covid-19 вирусының кесірінен туындаған пандемиямен байланысты.

Қазақстанда жұбайлардың ажырасуының жоғарғы көрсеткіші 30-34 жас аралығы мен 5-9 жыл бірге өмір сүргеннен кейінгі кезеңге келеді екен. Еуропалық этностар арасында ажырасу коэффициенті түркі тілдес этностар мен қазақтарға қарағанда жоғары. Ажырасудың салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіші баласыз отбасылар (39,9%) арасында болса, ары қарай бала саны аз болған сайын (бір баламен – 32,1%, екі баламен – 27,5%) ажырасу көрсеткіші жоғары болып отыр. Соның ішінде, 4 кластерге кіретін аймақтарға тоқталатын болсақ, ажырасудың жалпы республикалық көрсеткішінің үлесінде Қостанай, Павлодар облыстары 5,8%-ды алса, Ақмола облысы 4,6%-ды, СҚО 3,8%, БҚО 3,6% алып отыр. Жоғарыда көрсеткендей, бала саны аз болған сайын ажырасу көрсеткіші де азаяды деген тұжырымға Ақмола, Павлодар, Қостанай облыстары сәйкес келеді. Ал, СҚО мен БҚО-да ажырасу көрсеткіші салыстырмалы түрде екі балалы жұбайлар арасында жоғары болып отыр.

Қазақстандағы ажырасулардың 75%-ы қалалы жерлерге келеді екен. Себебі, қалада ажырасу жеңілірек және көрші-қоландардың, туыс-туғандардың өсегіне қалу қауіп-қатері де аз болып келеді. Алынған 5 аймақтың барлығында қалалы жерлерде ажырасу деңгейі ауылды елді мекендерге қарағанда жоғары. Ең жоғары көрсеткіш Павлодар облысы (83,7%) бойынша болса, салыстырмалы түрде қаладағы ажырасу деңгейі СҚО (58,4%) төмен екен. Ал, бірінші некені бұзған жұбайлардың орташа жасы ерлер арасында 37,6 жасты болса, әйел адамдар арасында 34,2 жасты құрап отыр. Соңғы 20 жыл ішінде 1000 адамға шаққандағы ажырасу коэффициентінің негативті көрсеткіші СҚО (157,1%) тиесілі, келесіде БҚО (107,1%), Ақмола облысы (63,1%) болып отыр. 4

кластерге кіретін басқа екі аймақтың ажырасу коэффициенті (Павлодар -38,5%, Қостанай -34,8%) салыстырмалы түрде төменірек болып отыр.

Кесте 12 – 2000-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан және оның депрессивті аймақтарындағы ажырасудың жалпы коэффициенті, 1000 адамға

| № | Аймақтар | 2000 жыл | 2005 жыл | 2010 жыл | 2015 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | 2000 / 2020, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ҚР | 1,8 | 2,1 | 2,6 | 3,0 | 3,2 | 2,6 | 44,4 |
| 2 | Ақмола | 1,9 | 2,4 | 2,8 | 3,5 | 1,9 | 3,1 | 63,1 |
| 3 | БҚО | 1,4 | 2,0 | 2,5 | 2,9 | 1,7 | 2,9 | 107,1 |
| 4 | Қостанай | 2,3 | 2,5 | 3,4 | 3,7 | 2,0 | 3,1 | 34,8 |
| 5 | Павлодар | 2,6 | 3,1 | 3,7 | 4,3 | 2,1 | 3,6 | 38,5 |
| 6 | СҚО | 1,4 | 2,4 | 3,2 | 3,6 | 1,8 | 3,6 | 157,1 |
| Ескерту – [52] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған | | | | | | | | |

Демографиялық көрсеткіштермен қатар, аймақтардың демографиялық әлеуетін анықтау және диагностикалау барысында адам өміріне әсер ететін басқа да факторлар ескерілуі қажет. Аймақтың демографиялық әлеуетін диагностикалау неғұрлым жоғары таксономиялық дәрежедегі аумақтардың демографиялық дамуының неғұрлым жалпы үрдістерін, сондай-ақ өңір халқының сапалық және сандық айырмашылықтарын, оның даму ерекшеліктерін анықтайтын факторларды анықтауды көздейді.

Аймақтың дамуының демографиялық ерекшеліктерін анықтайтын басқа да әлеуметтік-экономикалық факторларды да анықтау оның демографиялық әлеуетінің қандай да бір деңгейде болу себептерін түсінуге мүмкіндік береді. Оларға келесілер жатады:

1. Табиғи-географиялық және экологиялық жағдай факторы
2. Экономикалық фактор
3. Орналасу факторы
4. Этникалық факторы

Бастапқыда облыс аумағын игеруде және оның демографиялық әлеуетін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратындарына табиғи-географиялық және экологиялық жағдай факторлары мен экономикалық факторларды әр аймақ бойынша жеке-жеке қарастырады. Келесіде, орналасу факторы мен негізгі демографиялық факторларға жалпы бес облыс бойынша салыстырмалы талдау жасалынады. Ал, этникалық фактор алдыңғы бөлімде қарастырылған.

Табиғи-географиялық факторлар бойынша демографиялық тұрғыда депрессивті аймақтардың көрсеткіштеріне келетін болсақ, Ақмола облысы ҚР аграрлық секторларының біріне жатады. Ақмола облысы 146 мың шаршы километрге созылған жерде ауыл шаруашылығы, құрамында алтыны бар кендерді, уранды өндіру, машинажасау, химия өнеркәсібіне мамандандырылған. Жер көлемі бойынша Ақмола облысы елімізде 9-шы орынға ие бола отырып, құрамына облыстық маңызы бар 2 қала (Көкшетау мен Степногорск), аудандық маңызы бар 8 қала және 629 ауылды елді мекендері бар. Бұл облыста еліміз бойынша ең тығыз теміржолдар орналасқан, яғни мың

шаршы метрге 10,6 шаршы метр келеді, сонымен қатар, облыс территориясымен халықаралық маңызы бар Алматы-Екатеринбург автожолы өтеді.

Өңдеу өнеркәсібі еңбек өнімділігі көрсеткіші жалпы республикалық орташа көрсеткіштен 2 есе төмен, Ақмола облысының көрсеткіші шамамен СҚО, БҚО, Қостанай, Қызылорда және Түркістан облыстарының көрсеткіші сияқты төмен деңгейде болып отыр. Себебі, бұл аймақтарда жоғары өнімділіктің кепілі болатын – мұнай өңдеу секторы жоқ. Ақмола облысының жалпы өңірлік өнім көлемі 2307447,4 млн теңге болып, жалпы ел бойынша 13 орынды иеленген (жалпы республика бойынша ЖІӨ-дегі үлесі 3,3% құрады).

БҚО жер көлемі 151 мың шаршы километрге созылып жатыр, бұл еліміздің территориясының 5,6% алады. Облыс бойынша жалпы өңірлік өнім көлемі 2719026,1 млн теңгені құрады. Бұл республика бойынша ЖІӨ 3,8%-ы алып, облыстар арасында 11-шы орынға иеленген. Жалпы өңірлік өнімнің басым бөлігі (49%) өнекәсіпке тиесілі. Жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім көлемі 4295 теңгені құрайды. Өнеркәсіп өнімдерінің негізгі бөлігі (88,3%) тау кен өндіру, яғни мұнай-газ секторы болып келеді.

БҚО табиғи-климаттық жағдайы мал шаруашылығын дамытуға қолайлы болып табылады. Бұл аймақтағы халықтың жартысы ауылды елді мекендерде тұрады. Сондықтан еңбекке жарамды халықтың 23% ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейді. Сондықтан аграрлық секторды тиімді түрде дамыту ауылды елді мекендердегі әлеуметтік тұрақтылықтың кепілділігі. Осы орайда ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шешуші роль атқарады.

Қостанай облысының жалпы жер көлемі 196 мың шаршы километрде негізгі аймақтық өнім өнеркәсіп өндірісі болып табылады. Оған темір кен өнімдері бокситтер, асбест, машина жасау, ұн, кондитерлік өнімдер кіреді. Өнеркәсіп өндірісіндегі республикалық көлемде темір кен өнімдері, бокситтер, асбесттің 100% Қостанай облысында өнідірледі. Сонымен қатар, облыста тау кен өндіру кәсіпорындары, электр энергия, газ, суды тарату және шығаруды өңдеу өнеркәсіптері жұмыс істейді. Бұл облыстағы өңірлік өнім көлемі 2020 жылы 2797198,9 млн теңгені құрап, республика бойынша 10-ші орынды иеленді (ЖІӨ-дегі үлесі 4%). Қостанай облысы жалпы республикалық деңгейде дәнді дақылдарды жинау бойынша 3-ші орын, ал малшаруашылығы және оның негізгі өнімдерімен қамтамасыз ету бойынша алдыңғы орындарды алады.

Павлодар облысының жер көлемі 124 мың шаршы километрді құрайды. Облыс бойынша өңірлік өнім көлемі 2020 жылы 3014088,4 млн теңге болды. Бұл жалпы еліміз бойынша 8 орын болып табылады (ЖІӨ-нің 4,3%). Жалпы өңірлік өнім құрылымындағы үлес салмағы өнеркәсіпке тиесілі. Павлодар облысы республикалық деңгейде көмір (59,5%), ферроқорытпа (73,1%), өңделмеген алюминий (99,8%), алюминий оксиді 99,8%), электр энергия шығару көлемі жағынан айтарлықтай үлес салмағын алады. Ауылшаруашылығында жалпы өнім құрылымының 50% малшаруашылығы құрайды.

СҚО республикамыздың солтүстігінде 98 мың шаршы километрді құрайтын жер көлеміне ие болып отыр. Бұл өңірдің негізгі даму бағытттары ауыл шаруашылығы, тау кен өнімдерін өндіру және қайта өңдеу өнеркәсібі. СҚО аграрлы-индустриялық аймақтар қатарына жатады. Сондықтан, осы облыста ауыл шаруашылығын дамыту маңызды мәселеге айналған. Облыстың жалпы өңірлік өнім көлемі 1556173,6 млн теңгені құрайды, ол республика бойынша 17-ші орынды (ЖІӨ-дегі үлесі 2,2%) алады. Аймақтың өнеркәсіп саласының негізгілерінің бірі ретінде машина жасау болып табылады. Ауыл шаруашылық кешені сала ретінде аймақ экономикасының жалпы өңірлік өнімінің 25,3%-н, ал елдің агроөнеркәсіптік кешені экономикасының 11%-н құрайды. Ауылшаруашылық өндірістің айтарлықтай үлесі (72%) өсімдік шаруашылығы өнімі болса, мал шаруашылығы өнімі тек 27% үлесті алып отыр.




Сурет 18 – ЖІӨ-дегі демографиялық депрессивті аймақтардың үлесі, (%)

Ескерту – [52] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Еліміздің әртүрлі аймақтарында әлеуметтік-экономикалық дамудың дискреттілігінің өсіп кеткені, соның ішінде аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінде туындаған объективті айырмашылықтар көп. Өндіріс саласы төмен немесе мүлдем дамымауы экономикалық тұрғыда дағдарысқа ұшыраған аймақтардағы жан басына шаққандағы ұлттық табысқа қосатын үлесінің төмендеуі еліміздегі экономикалық қауіпсіздік деңгейінің төмендеуіне әкеліп соқты [111]. Халық саны мен ресурстар бір-бірімен тығыз байланыста болатын маңызды айнымалылар. Олардың арасындағы қатынас құбылмалы, икемді болып келеді [112]. Қазақстан Республикасында халықтың ақшалай табыстары мен табиғи өсім арасында тығыз байланыс бар екені анықталған болатын. Осыған байланысты, қарастырылып отырған аймақтардың экономикалық көрсеткішінің бірі халықтың орта есеппен жан басына

шаққандағы атаулы ақшалай табыстары болып табылады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жалпы Қазақстан бойынша атаулы ақшалай табыстың көлемі 114800 теңгені құраған. Демографиялық депрессивті аймақтардың ішінде салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіштер БҚО мен Павлодар облыстарында болса, төменгісі СҚО-да болып отыр. Соңғы 20 жыл ішінде жалпы республикалық көрсеткіш 18,1 есе көбейсе, Ақмола облысы бойынша 21,7 есе өскен. Баяу өсім Павлодар облысына (15,7 есе) тиесілі болған.

Кесте 13 – 2000-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан және оның депрессивті аймақтарындағы халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары, теңге

| № | Аймақтар | 2000 жыл | 2005 жыл | 2010 жыл | 2015 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | 2000 / 2020, есе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ҚР | 6352 | 15787 | 39014 | 67321 | 104282 | 114800 | 18,1 |
| 2 | Ақмола | 4817 | 11443 | 31169 | 56579 | 91933 | 104354 | 21,7 |
| 3 | БҚО | 6555 | 17873 | 43556 | 64317 | 107202 | 109865 | 16,8 |
| 4 | Қостанай | 5472 | 12574 | 30514 | 55399 | 92543 | 104776 | 19,1 |
| 5 | Павлодар | 7481 | 15326 | 38396 | 66488 | 106226 | 117630 | 15,7 |
| 6 | СҚО | 5105 | 11405 | 31478 | 54653 | 88229 | 101301 | 19,8 |
| Ескерту – [52] негізінде автормен құрастырылған | | | | | | | | |

Экологиялық факторлар аймақтың демографиялық әлеуетінің маңыздысы халықтың денсаулық жағдайына тікелей әсер етеді. Тағы бір ескеретін жағдай, халықтың өңірлерден көшіп кету себебінің бір де экологиялық жағдаймен байлынсты. Деморафиялық депрессивті аймақтардың экологиялық жағдайын қарастыратын болсақ, Ақмола облысы бойынша соңғы жылдары экологиялық жағдай нашарлау үстінде. Атмосфераның ластану деңгейі 5-ті құрайды, яғни жалпы республикалық деңгейден екі есе жоғары. Аймақтың ауа алабының ластануына өнеркәсіп, жылуэнергетикалық кәсіпорындары (көбінесе, қыста жылу қазандықтарының қосылуы) мен автокөліктер себепкер болып отыр.

Стационарлық бақылау желісінің мәліметтері бойынша жалпы БҚО атмосфералық ауаның ластану төменгі деңгейде (атмосфераның ластану деңгейі 2-ні құрайды, яғни төмен деңгей). Бұл көрсеткіш соңғы жылдары ешқандай өзгеріске ұшырамаған. Ауа бассейн негізгі ластаушыларға мұна й-газ кешені өндірісі, жылыту қазандықтары, автокөлік, элеваторлар, асфальтбетон зауыттары жатады.

Ауа бассейні жағдайы бойынша Қостанай облысы ең қолайлы аймақтар қатарына кіреді. Атмосфералық ауа жағдайының сапасы соңғы жылдары салыстырмалы түрде тұрақты болып қала беруде. Атмосфералық ауаның ластануы төмен деңгейде бағаланады (атмосфераның ластану деңгейі 3-ті құрайды, яғни төмен деңгей). Ауа бассейнін ластаушылардың негізгілеріне тау кен өндіру кәсіпорындары, жылу энергетикалық өнеркәсіп және автокөліктер жатады [113].

Павлодар облысы бойынша ауа бессейнінің ластану жағдайы салыстрмалы түрде төмен (атмосфераның ластану деңгейі 3-ті құрайды, яғни төмен деңгей). Қоршаған ортаны ластаушы заттар эмиссиясының жалпы салмағының 64% жылу энергетикалық кәсіпорыны, 16% қара металлургия, 7% түсті металлургия және 4% мұнай өңдеу саласына тиесілі болып келеді.

СҚО атмосфералық ауа жағдайының ластануы салыстырмалы түрде төмен деңгейде (атмосфераның ластану деңгейі 4-ті құрайды, яғни төмен деңгей). Облыстағы қоршаған ортаны ластаушылардың ең ірі қайнар көзі «Севказэнерго» АҚ болып табылады. Бұл кәсіпорын облыс ауасының жалпы ластануының 48% құрайды.

Кесте 14 – 2000-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан және оның депрессивті аймақтарындағы тұрақты ластау көздерінің саны, бірлік

| № | Аймақтар | 2005 жыл | 2010 жыл | 2015 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | 2005 / 2020, есе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ҚР | 108576 | 168712 | 235049 | 262716 | 242172 | 2,2 |
| 2 | Ақмола | 3421 | 6033 | 14829 | 17584 | 16138 | 4,7 |
| 3 | БҚО | 4164 | 7145 | 11415 | 11619 | 10214 | 2,5 |
| 4 | Қостанай | 4862 | 10593 | 18366 | 17462 | 17051 | 3,5 |
| 5 | Павлодар | 4093 | 7703 | 11803 | 13472 | 13667 | 3,3 |
| 6 | СҚО | 3080 | 6272 | 9171 | 14922 | 13601 | 4,4 |
| Ескерту – [52] негізінде автормен құрастырылған | | | | | | | |

Орналасу факторына келетін болсақ, қазіргі кезде көші-қон үдерістері Қазақстанның әр аймағының әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуында маңызды роль атқарады. Жалпы еліміздегі жағдайды алып қарастыратын болсақ, Қазақстан табысты, дамып келе жатқан мемлекет ретінде басқа елдерден, әсіресе, Орталық Азия елдерінен еңбек мигранттарын тарту орталығына айналды. Келесіде, Қазақстан әлемдік көші-қон үрдісіне қосылғандықтан, елімізден біржолата көшіп кетушілер саны азаймай тұр. Ал, Қазақстан мен Орталық Азия елдері арасында қалыптасқан көші-қон қарым-қатынастар жүйесі ауқымды көші-қон ағымдарымен және тұрақты географиялық бағытымен сипатталады [114].

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы әркелкілік ішкі көші-қонның өсуіне алып келеді. Біздің елімізде қалалық және ауылдық елді-мекендердегі халықтың кірісі мен даму мүмкіндіктері арасындағы диспропорция барлық аймақтарға тән ерекшелік. Ауылды елді-мекендерде оқып бітірген мектеп түлектерінің сол жерде қалып жұмысқа орналасу мүмкіндігі мүлдем жоқ деп айтсақ та болады. Ауылды елді-мекендер мен шағын қалаларда жұмыстың болмауы және әлеуметтік инфрақұрылымның төмен деңгейде дамуы ішкі көші-қон үдерісі мен урбанизацияның қозғаушы күші болып табылады [115]. Ал, аймақтар арасындағы көші-қон үрдісінің қарқындылығы да осы факторларға байланысты.

Қазақстан бойынша соңғы 19 жыл ішінде сыртқы көші-қон айырымы теріс көрсеткіштерге ие болып отыр. Ал, жалпы көші-қон бойынша елімізге

көшіп келушілердің басым бөлігі (63,5%) қалаға қоныстанады екен, елімізден ауылдан да, қаладан да біржолата көшіп кетушілер үлесі шамамен бірдей. 4 кластерге кіретін аймақтардағы көшіп кетушілердің үлесі әр облыс бойынша шамамен жалпы республикалық көрсеткіштің 2-3%-н құрайды екен. Бұл осы аймақтардағы халық саны көрсеткішімен байланысты. Басқа елге көшіп кетушілердің арасында 80,4% қазақтар болса, 10,4% орыстар, келесі орында 3,2%-ы өзбектер болып шықты. Эмиграниттардың 90,1% ТМД елдеріне көшіп кетіп жатса, қалған 9,9% басқа елдерге қоныс аударады, ал, иммигранттардың 78,9% ТМД елдерінен келсе, 21,1% басқа мемлекеттерден көшіп келеді екен. Қарастырып отырған 5 облыстың ішінде Ресеймен шекаралас аймақтар, яғни Қостанай (14,7%), Павлодар (11%), СҚО (9,4%) облыстарында ТМД елдеріне көшіп кетушілер үлесі жоғары. Сонымен қатар, ТМД елдерінен көшіп келушілердің үлесі Қостанай облысында (11,6%) салыстырмалы түрде жоғары. Басқа елдерден көшіп келушілердің үлесі Ақмола облысында (7,9%) айтарлықтай көрсеткішке ие болса, көшіп кетушілердің үлесі Қостанай (12,3%), Павлодар (10,3%) және Ақмола (8,9%) облыстарында салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіштерге ие болып отыр. Көшіп кетушілердің 97,5% Ресейге қоныс аударса, 43,6%-ы Өзбекстаннан, 38,8%-ы Ресейден, 13,6%-ы Қытайдан көшіп келеді екен. Көші-қон үдерсінің гендерлік аспектісіне келетін болсақ, ер адамдар (90,6%) мен әйелдердің (89,8%) басым бөлігі ТМД елдеріне көшіп кетіп жатыр. Жалпы көрсеткіштер үлесінен ер адамдар арасында Қостанай (14,7%) мен Павлодар (11,2%) облыстарынан ТМД елдеріне көшіп кетушілер үлесі жоғары, ал басқа мемлекеттерге көшіп кетушілер үлесінің салыстырмалы жоғары көрсеткіші де Қостанай (12,2%) облысына тиесілі екен. Әйел адамдар арасында Қостанай (14,2%) мен Павлодар (10,9%) облыстарында ТМД елдеріне көшіп кетушілердің үлесі салыстырмалы түрде жоғары болса, басқа елдерге көшіп кетушілердің де үлесі осы облыстарға (12,8%/10,5%) тиесілі екен.

Жас құрамына қарай сырқы көші-қон көрсеткіштеріне келетін болсақ, ер адамдар арасында көшіп келушілердің (36,9%) басым үлесі 20-34 аралығындағы жастарға тиесілі болса, көшіп кетушілердің (33,6%) көпшілігі 25-39 жас аралығындағылар болып шықты. Әйел адамдар арасында көшіп келушілердің 40,6% 20-34 жас аралығындағылар болса, көшіп кетушілердің 34,4%-ы 25-39 жас аралығындағы азаматтарға тиесілі.

Аймақтар арасындағы миграциялық үдеріс бойынша, жалпы көрсеткіштен Қостанайға көшіп келушілердің үлесі 4% болса, БҚО 3,7%, Ақмола 3,4%, Павлодар 3,2% және СҚО 2,3%. Ал, Ақмола облысынан білім деңгейі бойынша 15 жастан жоғары жастағы көшіп кетуші азаматтардың үлесі 40%болса, керісінше СҚО көшіп келушілер үлесі соңғы 20 жылдың ішінде 101,6%-ға көбейген болып отыр. 2019 жылы әлемді жаулаған covid-19 вирусы пандемиясының әсерінен жоғарыдағы көрсеткіш еліміз бойынша 64,8% төмендеген. Мұндай үдеріс Қазақстанның барлық аймақтарында көрініс тапқан. Миргацияның ең ауқымдысы – экономикалық мотивті көші-қон, яғни еңбек, сауда, бизнес (кәсіпкерлік мақсатында) үшін екен [116]. Демографиялық депрессивті аймақтардан басқа елдерге немесе Қазақстанның басқа аймақтарына көшіп кетуінің басты себептеріне өңірдің әлеуметтік-

экономикалық әркелкілігі, инфрақұрылымының нашар дамуы, жұмыс орындарының аздығы мен білім алу мүмкіндіктерімен байланысты болады.

Кесте 15 – 2000-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан және оның депрессивті аймақтарындағы білім деңгейі бойынша 15 жастан жоғары жастағы халықтың сыртқы көші-қоны – кетуі, адам

| № | Аймақтар | 2000 жыл | 2005 жыл | 2010 жыл | 2015 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | 2000 / 2019, % | 2000 / 2020, % | 2019 / 2020, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ҚР | 17913 | 7810 | 6621 | 8656 | 12629 | 8182 | 70,5 | 45,7 | 64,8 |
| 2 | Ақмола | 1054 | 430 | 382 | 562 | 736 | 422 | 69,8 | 40,0 | 57,3 |
| 3 | БҚО | 767 | 390 | 253 | 313 | 591 | 366 | 77,1 | 47,7 | 61,9 |
| 4 | Қостанай | 1916 | 800 | 532 | 939 | 1511 | 1010 | 78,9 | 52,7 | 66,8 |
| 5 | Павлодар | 1567 | 488 | 536 | 877 | 1141 | 736 | 72,8 | 47,0 | 64,5 |
| 6 | СҚО | 568 | 661 | 552 | 821 | 1145 | 617 | 201,6 | 108,6 | 53,9 |
| Ескерту – [52] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған | | | | | | | | | | |

Этникалық факторға келетін болсақ, жалпы Қазақстан бойынша қазақтардың барлық халықтан үлесі 68,5% құраса, орыстардың үлесі 18,9%, ал басқа этностардың ішінде 3,2%-ды өзбектер құрап отыр. Ақмола облысы халқы республикалық деңгейде жалпы халықтың 4% құраса, алынған аймақтардың ішінде негізгі ең көп шоғарланғаны қазақтар (51,4%) осы аймақта болып, бұл жалпы ел көлеміндегі ұлттың 3%-н алады. Осы облыста жалпы ел бойынша поляктардың 25,4%, белорустардың 18%, немістердің 14,6% және украидер мен башқұраттардың 11%-дан астамы шоғарланған. БҚО-да жалпы халықтың 3,5% тұрады, оның ішінде қазақтардың үлесі жоғары, яғни 76,8% құрайды. Ал басқа халықтындың жалпы ел бойынша үлесіне келсек, қазақтардың 3,5% осы облыста тұратын болса, басқа этностардың шоғырлануы шамамен 3-4%. Бұл облыстың ерекшелігі еуропалық этностар аз жинақталған аймақ болып табылады. Қостанай облысында халықтың 4,7% тұрады, оның ішінде 41,2% қазақтар болса, 40,7% орыстар қоныстанған. Бұл облыста жалпы елдегі қазақтардың 4,7%, орыстардың 10,1% тұрады. Қазақстанда тұратын украиндердің 26,6%, белорустардың 23,5% башқұраттардың 22,6% және немістердің 15,3% Қостанай облысына қоныстанған. Павлодар облысында жалпы халықтың 4% тұрады, соның 53,1% қазақтар және 34,9% орыстар болып табылады. Жалпы республика бойынша қазақтардың 3,1% және орыстардың 7,5% Павлодар облысын мекендейді. Басқа этностардың ішінде жалпы ел бойынша украиндердің 11,9%, немістердің 11,3%, башқұраттар (7,7) мен белорустардың үлесі 7,9%-ы осы облыста тұрады. СҚО-да жалпы халықтың 2,9% шоғырланған, оның 49,3%-н орыстар, 35,3%-н қазақтар құрайды. СҚО-да қазақтардың тек 1,5% ғана қоныстанған. Бұл облыста поляктардың 37,3%-ы тұрғылықты өмір сүреді.

Кесте 16 – Қазақстан Республикасындағы 2019 жылдағы жекеленген этностардың үлесі (%)

| № | Аймақтар | Барлық ұлттар | соның ішінде | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қазақтар | Орыстар | Украиндар | Татарлар | Немістер | Әзербайжандар | Белорустар | Чечендер | Поляктар | Башқұрттар | Басқалар |
| 1 | ҚР | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| 2 | Ақмола | 4,0 | 3,0 | 6,8 | 11,8 | 6,5 | 14,6 | 1,9 | 18,0 | 10,0 | 25,4 | 11,3 | 12,6 |
| 3 | БҚО | 3,5 | 4,0 | 3,5 | 3,4 | 4,2 | 0,7 | 1,5 | 3,3 | 1,9 | 0,4 | 2,5 | 3,0 |
| 4 | Қостанай | 4,7 | 2,8 | 10,1 | 26,6 | 7,9 | 15,3 | 3,6 | 23,5 | 5,9 | 4,6 | 22,6 | 13,0 |
| 5 | Павлодар | 4,0 | 3,1 | 7,5 | 11,9 | 6,9 | 11,3 | 2,0 | 7,9 | 5,4 | 2,9 | 7,7 | 8,2 |
| 6 | СҚО | 2,9 | 1,5 | 7,7 | 8,4 | 5,9 | 11,1 | 1,8 | 9,9 | 1,9 | 37,3 | 4,0 | 8,1 |
| Ескерту – [52] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған | | | | | | | | | | | | | |

Бұл бөлімді қорытындылай келе, деморгафиялық тұрғыдан депрессивті аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және табиғи жағдайларына талдау жасалынды. Талдау барысында демографиялық депрессивті аймақтарға, көбінесе, Ресеймен шекаралас мемлекеттер кіреді екен. Жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайы салыстармалы түрде республикалық деңгейден төменірек болып келеді. Бұл аймақтардан көшіп кету қарқыны жоғары, ал туу көрсеткіштері төмен екенін байқауға болады. Сонымен қатар, қарастырылып отырған аймақтарда (БҚО басқасы) орыс және басқа да еуропалық этностардың шоғарылануы жоғары. Мәселені тығыз және нақты қарастыру үшін, келесі кезекте, аймақтардағы демографиялық әлеуетке әсер етуші негізгі факторларды құрылымдық модельдеу қажеттілігі туындап отыр.

## 2.4 Аймақтардағы демографиялық әлеуетке әсер етуші негізгі факторлардың құрылымдық моделі

Аймақтардағы халық санының өсуі, яғни демографиялық әлеуетті, оған байланысты жүргізіліп отырған саясатты бағалау өте маңызды үрдіс болып отыр. Алдыңғы зерттеулерде, Қазақстандағы демографиялық әлеуетке әсер етуші факторларды қарастыру барысында, туу көрсеткішін, халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысын теңгеде, жұмыскердің жан басына шаққандағы орташа айлық табысын теңгеде, халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысын долларда, жұмыскердің жан басына шаққандағы орташа айлық табысын доллардағы, некелер санын және жұмыссыз халық санын алып қарастырған болатынбыз [117].

Демографиялық әлеуетке әсер етуші факторлардың ішінде ең негізгісі – туу коэффициенті болса, өз кезегінде, туу коэффициентіне әсер етуші факторлардың ішінде (экономикалық көрсеткіштерден басқа) негізгілері –

некеге тұру, балаға деген қажеттілік және жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатқа қанағаттану дәрежесі болып табылады. Негізі, экономикалық және басқа факторларды статистикалық деректерді зерттеу арқылы бағалауға болады, ал некеге тұру сипаты, балаға деген қажеттілік және мемлекеттік саясатқа қанағаттану дәрежесін Қазақстанның барлық аймақтарын қамтитын сауалнама арқылы бағалауға болады.

Сондықтан, келесі кезеңде, экономикалық факторлардан бөлек, некеге тұру сипаты, балалы болу және отбасы саясатын демографиялық әлеуетке әсер етуші факторлар ретінде тереңірек зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Ол зерттеуді құрылымдық теңдеулерді модельдеу әдісімен іске асыру тиімдірек болады.

Құрылымдық теңдеулерді модельдеу (ҚТМ) - бұл зерттеулердің әртүрлі салаларында жиі қолданылатын екінші буынның көп өлшемді деректерін талдау әдісі, өйткені ол теориялық қолдау көрсетілетін сызықтық және аддитивті себеп-салдарлық модельдерді [116-117] тестілей алады. ҚТМ-ді маркетологтар өз клиенттеріне жақсы қызмет көрсету, ресурстарды дұрыс пайдалану үшін қажетті айнымалылардың арасында бар қарым-қатынастарды визуалды зерттей алады. Бақыланбайтын, қиын өлшенетін жасырын айнымалыны ҚТМ-ды пайдалану арқылы зерттеу мүмкін болады. Бұл бизнес-зерттеу міндеттерін шешу үшін өте тиімді әдіс болып табылады.

Құрылымдық теңдеудің моделінде екі субмодель бар: ішкі модель тәуелсіз және тәуелді жасырын айнымалылардың арасындағы қатынастарды анықтайды, ал сыртқы модель жасырын айнымалылар мен олардың бақыланатын көрсеткіштері арасындағы қатынастарды анықтайды.

Бұл зерттеу жұмыстағы мәліметтерді интерпретациялау Smart PLS бағдарламасы арқылы құрылымдық модельдер құрумен және деректерді талдау және басқарудың әмбебап SPSS бағдарламасы арқылы аймақтар мен басқа да демографиялық блоктары талданды.

Халықтың жүргізіліп отырған демографиялық саясатпен қанағаттануы көп өлшемді және тікелей бақылауы қиын жасырын айнымалы болып табылады. Дегенмен, оны бағаланатын көрсеткіштер жиынтығы арқылы жанама түрде өлшеуге болады. Халықтың мемлекеттік саясатқа қанағаттанушылығын сауалнама арқылы анықтауға болады. Тұрғындар арасындағы жүргізілген сауалнама арқылы олардың көңіл-күйін төрт жасырын айнымалыларды білдіретін шкала бойынша бағалауға болады.

ҚТМ-да айнымалылар экзогенді немесе эндогенді болып табылады. Экзогенді айнымалыда сыртқа бағытталған, сонымен қатар, эндогенді айнымалы кем дегенде бір бағыты бар және басқа айнымалыларға әсер етеді. Бұл зерттеуде 4 экзогенді және 1 эндогенді анымалылар қарастырылған, оны келесі суреттен көруге болады.

Оларға: аймақтардағы халық саны (АХС), некеге тұру сипаты (НТС), балалы болу (ББ) және отбасы саясаты (ОС) жатады. Оны 5 баллдық Лайкерт шкаласын (үзілді-кесілді келіспеймін (1), келіспеймін (2), нейтралды қаламын

(3), келісемін (4), және толық келісемін (5)) пайдалана отырып бағалауға болады.




Сурет 19 – Қазақстан Республикасының демографиялық әлеуетін көтерудің мемлекеттік саясатының моделі

Ескерту – Жүргізілген сауалнама нәтижесінде автормен құрастырылған

Зерттеу барысында құрылымдық модель жасау үшін мәліметтер сауалнама арқылы алынды. Суретте көрсетілгендей аймақтардағы халық санына некеге тұру, балаға деген қажеттілік пен мемлекеттік саясаттың әсерін көруге болады. Жасалынған гипотезаларды тексеру үшін корреляциялық-регрессиялық модельдеудің Smart PLS бағдарламасы арқылы құрылымдық модельдер жасалынды.

Жалпы халықтың жүргізіліп отырған мемлекеттік демографиялық саясат пен отбасын қолдау бағдарламаларына деген қанағаттанарлығын зерттеу барысында негізгі гипотезамен қатар, ішкі гипотезалар жасалынған болатын. Олар келесідей болып келеді:

1 гипотеза: Аймақтардағы халық санына некеге тұру сипаты мен оның ерекшеліктері әсер етеді.

2 гипотеза: Балаға деген қажеттілік пен аймақтардың халық саны арасында байланыс бар.

3 гипотеза: Мемлекеттік отбасылық саясат аймақтардағы халық санына әсер етеді.

Кесте 17 – Жүргізіліп отырған мемлекеттік демографиялық саясатты бағалауға арналған индикаторлар бойынша сұрақтар

| Қысқартаулар | Демографиялық әлеуетті арттыруға бағытталған мемлекеттік саясат айнымалылары (өткізілген сауалнама сұрақтары мен оның көрсеткіштері) |
|---|---|
| Аймақтардағы халық саны (АХС) | |
| RNR1 | Халықтың тұрмыс деңгейі (әл-ауқаты) |
| RNR2 | Балалы отбасыларды, оның ішінде көп балалы отбасыларды мемлекеттік қолдау |
| RNR3 | Жүктілік және босану кезінде әйелдерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасы |
| RNR4 | Мәдени факторлар (дәстүрлер, діндер, халықтың көзқарасы) |
| Некеге тұру сипаты (НТС) | |
| SSS1 | Материалдық жағдайлардың болмауы |
| SSS2 | Мінез-құлықтың сәйкес келмеуі |
| SSS3 | Менталитет, мәдени ерекшеліктер |
| SSS4 | Батыс мәдениетінің әсері (фильмдер, сериалдар, бағдарламалар) |
| Балалы болу (ББ) | |
| R1 | Білікті медициналық көмектің қолжетімділігі |
| R2 | Лайықты жалақы және жұмыссыздықты төмендету |
| R3 | Қоғамдағы тұрақтылық (саяси, экономикалық, әлеуметтік) |
| R4 | Бір немесе екі баланы жеткілікті деп есептеу |
| Отбасы саясаты (ОС) | |
| GP1 | Тұрғын үй саясаты |
| GP2 | Баларға арналған жәрдемақы |
| GP3 | Еңбек заңнамасы (1 жасқа толмаған баласы бар аналардың құқықтарын қорғау және т. б.) |
| GP4 | Экономикалық қолдау (көп балалы аналарға жеңілдікті кредит беру) |
| Ескерту – Жүргізілген сауалнама нәтижесінде автормен құрастырылған | |

Зерттеу барысында респонденттерді іріктеу және сауалнама сұрақтарын құрастыру жалпы стандарттарға сәйкес жасалынды. Жоғарыдағы кестеде демографиялық әлеуетке әсер ететін факторлар мен олардың қысқартулары көрсетілген. Аймақтардағы демографиялық әлеуетті бағалау бойынша зерттеудің ақпараттық базасы келесі кестеде көрсетілген.

Кесте 18 – Аймақтардағы демографиялық әлеуетті бағалаудың зерттеудің ақпараттық базасы

| *Data file Settings* | |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Data file | Анкета домохозяйства (Ответы) - копия [301 records] |
| Missing value marker | none |
| *Data Setup Settings* | |
| Algorithm to handle missing data | None |
| Weighting Vector | - |
| *PLS Algorithm Settings* | |

18 кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Data metric | Mean 0, Var 1 |
| Initial Weights | 1.0 |
| Max. number of iterations | 300 |
| Stop criterion | 7 |
| Use Lohmoeller settings? | No |
| Weighting scheme | Path |
| *Consistent PLS Algorithm Settings* | |
| Connect all LVs for Initial Calculation | No |
| *Construct Outer Weighting Mode Settings* | |
| Бала туу | Automatic |
| Некеге тұру | Automatic |
| Отбасы саясаты_ | Automatic |
| Халық саны | Automatic |
| Ескерту – Smart PLS бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған | |

Жоғарғы кестеде көрсетілгендей жалпы 301 отбасы респонденттер санын құрады, олар Қазақстанның демографиялық депрессивті аймақтарының тұрғындары (СҚО 53, Павлодар 59, Қостанай 65, БҚО 57, Ақмола 67 адам). Респонденттерді іріктеу бейықтимал, соның ішінде стихиялық әдіс арқылы жүзеге асырылған. Бейықтимал іріктеуде зерттеу кездейсоқ қағидаттар бойынша емес, субъективті өлшемдер бойынша, яғни қолжетімділік, типтік, біркелкі өкілдік т.б. арқылы жүзеге асырылады. Ең қолжетімді респонденттерден сұралды. Стихиялық іріктемелердің типтік мысалында сауалнаманы респонденттердің өзіндеріне толтыруға беріледі. Аймақтар бойынша ақпараттың көпшілігі интернет-ресурс, яғни google forms арқылы жинақталды. Зерттеу барысында, кестеде көріп отырғанымыздай, барлық модельдер автоматты түрде жасалынды.

Зерттеудің келесі қадамында Smart PLS бағдарламасында корреляциялық-регрессиялық теңдеуді алу үшін факторлардың арасындағы тығыздылықты корреляция индексі бойынша анықтау қажет болады.

Бағдарлама арқылы алынған мәліметтерден факторлар арасында өзара тәуелділіктің бар екенін байқауға болады. Төмендегі суретте көрсетілгендей жасалынған гипотезалар айнымалылары арасында байланыс бар екені анықталды.




Сурет 20 – Демографиялық әлеуетті зерттеудегі айнымалылар арасындағы байланыс көрсеткіштерінің тығыздық моделі ($R^2$)

Ескерту – Smart PLS бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Жоғарыда көрсетілгендей, аймақтағы халық санының детерминация коэффициенті ($R^2$) 0,458-ге тең болды. Smart PLS бағдарламасында жасалынған құрылымдық модель расталуы үшін коэффициент 0,3-тен жоғары болуы керек. Айнымалылар арасында қажетті тығыздық болған жағдайда қарастырып отырған гипотеза расталады. Бұл үш жасырын айнымалылардың (некеге тұру, бала туу, отбасы саясаты) орташа деңгейде аймақтардағы халық санының 45% дисперсиясын түсіндіреді. Ішкі модель бойынша аймақтардағы халық санына (АХС) некеге тұру сипатының (НТС) ең күшті әсері (0,439) бар екенін көруге болады. Келесі әсер етуші фактор бала туу (ББ) (0,366) болып табылады, ал мемлекеттің жүргізіп отырған отбасы (ОС) саясаты, респонденттердің ойынша, кері әсер (-0,192) етіп отыр. Бұл дегеніміз, Қазақстанда жүргізіліп отырған мемлекеттік отбасы саясатының әлсіздігімен түсіндіріледі. Бала туу (ББ) және аймақтың халық саны (АХС) арасындағы байланыстың болжамды қатынасы статистикалық түрде елеулі болып табылады. Некеге тұру сипаты (НТС) мен аймақтың халық саны арасындағы болжамды байланыс та статистикалық түрде елеулі, ал отбасы саясаты (ОС) мен аймақтың халық саны арасында кері байланыстың статистикалық маңызын қарастыру қажет.

Детерминация коэффициенті ($R^2$) — бұл қарастырылып отырған модельмен түсіндірілетін тәуелді айнымалы дисперсияның үлесі. Дәлірек айтсақ, — тәуелді айнымалы дисперсиядағы белгісіз дисперсияның үлесіндегі (модельдің кездейсоқ қатесінің дисперсиясы немесе тәуелді айнымалының дисперсиясы белгілері бойынша шартты) минус бірлігі. $R^2$ сызықтық тәуелділік жағдайында тәуелді айнымалы мен түсіндіруші айнымалылардың арасындағы

корреляцияның көп мүшелі коэффициентінің квадраты болып табылады. Атап айтқанда, Х-тің бір белгісі бар сызықтық регрессия моделі үшін детерминация коэффициенті У және Х арасындағы әдеттегі корреляция коэффициентінің квадратына тең [120]. Зерттеу тақырыбы бойынша детерминация коэффициентін келесі кестеден байқауға болады.

Талдау барысында, аймақтардағы халық санының өзгеруіне некеге тұру сипаты (0,439) мен балалы болу (0,366) орташа әсер етеді. Некеге тұру сипаты басқа көрсеткіштерге қарағанда жоғарырақ болып тұр, себебі еліміздің менталитетіне сәйкес, халықтың көпшілігі бірінші некеге тұрып, содан кейін балалы болуды жоспарлайды дегенді білдіреді. Отбасы саясаты айнымалысының байланысы әлсіз (-0,192), себебі, халықтың жүргізіліп отырған саясатқа көңілі толмайтындығын білдіреді. Бұл тәуелсіздік тығыздылығын төмендегі суреттен толығырақ көруге болады.




Сурет 21 – Аймақтардағы халық санына (тәуелді айнымалы) әсер етуші айнымалылардың тәуелділік тығыздылығы

Ескерту – Smart PLS бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Аймақтардағы халық санына әсер етуші тәуелсіз айнымалылардың тәуелділік тығыздылығын қарастыра отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

- балалы болу мен аймақтардың халық саны өзара байланысында статистикалық мән бар;
- некеге тұру сипаты мен аймақтардағы халық саны арасындағы байланыстың статистикалық мәні бар.

Ал отбасы саясаты мен аймақтардың халық саны арасында байланыс статистикалық мәнсіз болып отыр. Бұдан кейін, тәуелді айнымалының «Халық

саны» детерминация коэффициентін қарастыру қажет. Оны төмендегі кестеден көруге болады.

Тәуелді айнымалының детерминация коэффициенті 0,458-ге тең. Бұл тәуелсіз айнымалылар, яғни бала туу, некеге тұру сипаты, отбасы саясаты мен тәуелді айнымалы, яғни аймақтардағы халық саны арасындағы тығыздықтың орташа деңгейде екенін білдіреді.

Бұл көрсеткіштерді нақтырақ төменгі суреттен көруге болады. Ол Smart PLS бағдарламасы арқылы жасалынған.




Сурет 22 – Аймақтардағы халық санының детерминация коэффициенті

Ескерту – Smart PLS бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Талдаудың нәтижесіне сәйкес, аймақтардағы халық саны, яғни тәуелді айнымалының детерминация коэффициенті 0,458-ді құрады. Келесі кезекте, әрбір айнымалының жеке индикаторларымен сенімділік байланысын қарастыру қажет болып отыр. Соныдықтан, Smart PLS бағдарламасы арқылы аймақтардағы халық саны, балалы болу, некеге тұру сипаты және отбасы саясатының жеке индикаторларын бағалау керек. Оның нәтижесін төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 19 – Барлық айнымалылардың әрбір индикаторларының сенімділігі

| Индикаторлар | Бала туу | Некеге тұру | Отбасы саясаты | Халық саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| GP1 | | | 0,545 | |
| GP2 | | | 0,708 | |
| GP3 | | | -0,221 | |
| GP4 | | | 0,661 | |
| R1 | 0,790 | | | |
| R2 | 0,924 | | | |
| R3 | 0,839 | | | |
| R4 | 0,276 | | | |

19 кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| RNR1 | | | | 0,712 |
| RNR2<br>RNR3 | | | | 0,763<br>0,743 |
| RNR4 | | | | 0,723 |
| SSS1 | | 0,916 | | |
| SSS2 | | 0,536 | | |
| SSS3 | | 0,536 | | |
| SSS4 | | 0,332 | | |
| Ескерту – Smart PLS бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған | | | | |

Жоғарыдағы кестегі мәліметтерді қарастыратын болсақ, алып отырған айнымалылардың индикаторларының көпшілігінің мәні сенімділік көрсеткішінің ең төменгі қолайлы мәні, яғни 0,7 шамасына тең келеді. Осы арада, сенімділік көрсеткішің қолайлы мәнінен төмен болып келетіндерге: мінез-құлықтың сәйкес келмеуі (SSS2 0,536), менталитет, мәдени ерекшеліктер (SSS3 0,536), Батыс мәдениетінің әсері (фильмдер, сериалдар, бағдарламалар) (SSS4 0,332), қазіргі уақытта бір немесе екі бала жеткілікті деген тұжырым (R4 0,276), Тұрғын үй саясаты (GP1 0,545), еңбек заңнамасы (1 жасқа толмаған баласы бар аналардың құқықтарын қорғау және т. б.) (GP3 -0,221), экономикалық қолдау (көп балалы аналарға жеңілдікті кредит беру) (GP4 0,661) жатады.

Белгілі зерттеуші Дж. Хюлэндтің пікірі бойынша жоғарыдағы мәндер 0,4-тен жоғары болуы тиіс. Осы кезекте, модельді сынау үшін алынған айнымалылардың барлығынің индикаторларын қарастыру қажет [121].

Қарастырылып отырған айнымалылардың жеке индикаторларының мәні 0,4-тен жоғары болған жағдайда, бұл мәндерді қабылдауға болады. Жасап отырған құрылымдылық модельді талдаудың шарықтау шегіне жету үшін тәуелсіз айнымалылардың сенімділігі мен жарамдылығын айқындап, оны тексеріп алу өте маңызды үдеріс болып табылады. Сондықтан, төменгі кестеде, қарастырылып отырған факторлардың сенімділігі мен жарамдылығының мәндерін көруге болады.

Кесте 20 – Қарастырылып отырған факторлардың сенімділігі мен жарамдылығының мәндері

| | | Cross Loadings | Indicator Reliability (i.e., loadings2) | Cronbach's Alpha | Average Variance Extracted (AVE) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Отбасы саясаты | GP1 | -0,032 | | 0,914 | 0,321 |
| | GP2 | -0,041 | | | |
| | GP3 | 0,013 | | | |
| | GP4 | -0,039 | | | |

20 кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалы болу | R1 | 0,423 | | 0,795 | 0,564 |
| | R2 | 0,495 | | | |
| | R3 | 0,449 | | | |
| | R4 | 0,148 | | | |
| Аймақтардағы халық саны | RNR1 | 0,712 | | 0,824 | 0,541 |
| | RNR2 | 0,763 | | | |
| | RNR3 | 0,743 | | | |
| | RNR4 | 0,723 | | | |
| Некеге тұру сипаты | SSS1 | 0,523 | | 0,702 | 0,381 |
| | SSS2 | 0,306 | | | |
| | SSS3 | 0,306 | | | |
| | SSS4 | 0,189 | | | |
| Ескерту – Smart PLS бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған | | | | | |

Көрсетілген мәліметтерге сай, Average Variance Extracted (AVE) мәні бойынша сенімділік пен жарамдылықтың ең жоғарғы көрсеткіші балалы болу факторына (0,564) тиесілі болып тұр, яғни бұл фактор бойынша сенімділік пен жарамдылық расталып отыр.

Альфа Кронбаха, α 1951 жылы Кронбахпен әзірленген (немесе альфа коэффициенті) сенімділік, жарамдылық немесе ішкі келісімділікті өлшеу әдісі [122].

Кронбахтың α формуласы келесідей:

$$\alpha = \frac{N*\bar{c}}{\bar{v}+(N-1)*\bar{c}} \quad (1)$$

Бұл жердегі:

N = заттар саны;

$\bar{c}$ = заттардың жұптары арасындағы орташа ковариация;

$\bar{v}$ = орташа дисперсия.

Кесте 21 – Дихотомиялық сұрақтар (яғни екі ықтимал жауабы бар сұрақтар) немесе Лайкерт шкаласы сұрақтары үшін Cronbach's Alpha интерпретациясы:

| Cronbach's Alpha мәні | Ішкі келісім |
|---|---|
| α ≥ 0,9 | Өте жақсы |
| 0,9 > α ≥ 0,8 | Жақсы |
| 0,8 > α ≥ 0,7 | Қанағаттанарлықтай |
| 0,7 > α ≥ 0,6 | Күдікті |
| 0,6 > α ≥ 0,5 | Төмен |
| 0,5 > α | Жеткіліксіз |
| Ескерту –[122] негізінде автормен құрастырылған | |

Cronbach's Alpha мәні бойынша алынған факторлардың барлығының сенімділік пен жарамдылығы расталды. Оны төмендегі суреттен байқауға болады, яғни барлық мәндер көк сызықпен бірдей немесе одан жоғары болуы тиіс. Бұл модель жасау барысында пайдаланылатын көрсеткіштердің мәні бар екенін растайды.




Сурет 23 – Алынған факторлардың сенімділік пен жарамдылықтың тексерудің Cronbach's Alpha мәні

Ескерту – Smart PLS бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Cronbach's Alpha мәнінің сенімділік пен жарамдылығының расталуы модель жасау барысында пайдаланылатын көрсеткіштердің мәні бар екенін растайды.

Кез келген зерттеуде дискриминанттың шынайылығын бағалау міндетті болып табылады, ол жасырын айнымалыларды зерттеу барысында мультиколлинеарлықтың болмауын қарастырады. Осы мақсат үшін ең кең қолданылатын әдістің бірі Форнелл және Ларкер критериі болып табылады.

Индикатордың сенімділігі – бұл жасырын айнымалымен түсіндірілетін индикатор дисперсиясының үлесі. Мәндер 0-ден 1-ге дейінгі диапазонда болады. Сыртқы жүктеменің мәні 0,70-тен жоғары болуы тиіс, алайда шама 0,40-тен 0,70-ке дейін болса, ол көрсеткіштердің сенімділігі мен орташа мәнін арттыруға ықпал ететін болса, оны алып тастауға болады (AVE) [123].

Зерттелініп отырған мәселе бойынша Форнелла-Ларкер критериінің дискриминантының дәлділігін төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 22 – Айнымалылардың Fornell-Larcker критериінің дискриминантының дәлділігі (Fornell-Larcker Criterion)

| Айнымалылар | Бала туу | Некеге тұру | Отбасы саясаты | Халық саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 5 | 6 |
| Бала туу | 0,751 | | | |

22 кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|
| Некеге тұру | 0,453 | 0,617 | | |
| Отбасы саясаты | 0,153 | 0,177 | 0,567 | |
| Халық саны | 0,535 | 0,571 | -0,058 | 0,736 |
| Ескерту – Smart PLS бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған | | | | |

Жоғары кестеде Fornell-Larcker критерилерінің нәтижесін көруге болады. Бұл көрсеткіштер жалпы мультиколлинеарлы емес екенін байқап отырмыз. Қарастырылып отырған құрылымдық модельдің адекваттылығы мен маңыздылығындағы ең негізгі көрсеткіш ол тәуелді айнымалы, яғни аймақтардағы халық саны мен оның тәуелсіз айнымалылары арасындағы өзара қатынасы болып табылады. Осыған дейін талдау мен жарамдылық, сенімділік нәтижелері бойынша талдаулар жүргізілді. Талдау барысында үш гипотезаның екеуінің адекваттылығы мен маңыздылығы мәнді болып отыр, яғни аймақтардағы халық саны мен некеге тұру сипаты және балалы болудың өзара байланысының статистикалық мәні бар екен.

Келесі кезекте, жасалынған құрылымдық модельдің адекваттылығы мен маңыздылығын тексеруге көшеміз.




Сурет 24 – Құрылымдық модельдің адекваттылығы мен маңыздылығы

Ескерту – Smart PLS бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Суретте көріп отырғанымыздай, аймақтардағы халық саны мен некеге тұру сипаты және балалы болу арасындағы байланыс адекватты, маңызды болып келеді. Келесіде, аймақтардағы халық саны мен халықтың тұрмыс деңгейі (әл-

ауқаты), балалы отбасыларды, оның ішінде көп балалы отбасыларды мемлекеттік қолдау, жүктілік және босану кезінде әйелдерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасы және мәдени факторлар (дәстүрлер, діндер, халықтың көзқарасы) арасындағы байланыстар да адекватты және маңызды болып отыр.

Аймақтардағы халық саны мен оның ішкі көрсеткіштеріне келетін болсақ, халықтың тұрмыс деңгейі (әл-ауқаты) (30,278), балалы отбасыларды, оның ішінде көп балалы отбасыларды мемлекеттік қолдау (36,080), жүктілік және босану кезінде әйелдерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасы (35,467), мәдени факторлар (дәстүрлер, діндер, халықтың көзқарасы) (19,338) халық санына қажетті деңгейде әсер ете алады. Некеге тұрудың ішкі көрсеткіштері бойынша неке сипатына материалдық жағдайлардың болмауы (26,018), мінез-құлықтың сәйкес келмеуі (13,026), менталитет, мәдени ерекшеліктер (20,141) қажетті деңгейде әсер етсе, батыс мәдениетінің әсері (фильмдер, сериалдар, бағдарламалар) (7,808) төмен болып шықты. Балаға деген қажеттіліктің ішкі факторларында әсер етушілерге білікті медициналық көмектің қолжетімділігі (32,642), лайықты жалақы және жұмыссыздықты төмендету (75,429), қоғамдағы тұрақтылық (саяси, экономикалық, әлеуметтік) (65,084) жатады, ал респонденттердің көбісі қазіргі уақытта бір немесе екі бала жеткілікті (4,964) деп санамайтын болып шықты. Отбасы саясатының ішкі факторларын қарастыратын болсақ, респонденттердің жүргізіліп отырған барлық мемлекеттік бағдарламаларға көңілі толмайтынын көрсетеді, яғни тұрғын үйге қол жеткізу мүмкіндігін (4,498), баларға арналған жәрдемақы көлемін (3,878), еңбек заңнамасын (1 жасқа толмаған баласы бар аналардың құқықтарын қорғау және т. б.) (3,037), экономикалық қолдауды (көп балалы аналарға жеңілдікті кредит беру) (4,232) төмен бағалап отыр.

Зерттеу барысының келесі сатысы құрылымдық модельдің маңыздылығы мен оның критерийлері деңгейін бағалаудан тұрады. Құрылымдық модельді бағалаудың жоғарыдағы әдістерінен басқа Original Sample (O), Sample Mean (M), Standard Deviation (STDEV), T Statistics (O/STDEV), P Values статистикалық математикалық бағалау әдістері де кеңінен қолданыста болады. Осы әдістер бойынша құрылымдық модельдің шамаларын төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 23 – Құрылымдық модельдің маңыздылығын бағалау критерийлерінің деңгейі

| Айнымалылар арасындағы байланыс | Original Sample (O) | Sample Mean (M) | Standard Deviation (STDEV) | T Statistics (\|O/STDEV\|) | P Values |
|---|---|---|---|---|---|
| Бала туу -> Халық саны | 0,343 | 0,342 | 0,067 | 5,085 | 0,000 |
| Некеге тұру -> Халық саны | 0,346 | 0,348 | 0,066 | 5,228 | 0,000 |
| Отбасы саясаты_ -> Халық саны | -0,130 | -0,112 | 0,079 | 1,632 | 0,103 |
| Ескерту – Smart PLS бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған | | | | | |

Деректердің шашырауын өлшеу тәсілдерінің бірі әрбір бақылаудың орташа арифметикалық мәннен ауытқу дәрежесін анықтау болып табылады. Әлбетте, ауытқу көп болған сайын, өзгергіштік, бақылау вариабельділігі көп болады. Айнымалылардың өзара айырмашылығын білу үшін тәуелсіз іріктемелерге арналған Стьюденттің t-критерийін есептеу қажет. Құрылымдық модель адекватты болу үшін t-статистика коэффициенті 1,96 жоғары болуы маңызды болып табылады. Ал модель құру барысында бұл көрсеткіш одан төмен болған жағдайда модельдің адекваттылығы төмендейді немес жойылуы да мүмкін [124]. Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, қарастырылып отырған үш гипотезаның екеуі расталды, яғни балалы болу және некеге тұру сипаты қажетті мөлшерде аймақтардағы халық санына әсер ете алады, ал отбасы саясаты, керісінше әсер етіп ғана қоймай, гипатеза расталмады. Бұл респонденттердің жүргізіліп отырған отбасы саясатына көңілі толмайтынын көрсетіп отыр. Енді, бұл гипотезаларды жеке диаграмма арқылы қарастырып көрейік.




Сурет 25 – Балалы болу мен аймақтардағы халық санының детерминация коэффициенті

Ескерту – Smart PLS бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Бірінші гипотеза бойынша балалы болу, балаға деген қажеттілік деңгейі t-статистика көрсеткіші 5,085>1,95 құрады, яғни белгіленген критерийден жоғары болғанын көрсетіп отыр. Бұл гипотезаны растап модельдің өажетті деңгейде маңыздылығын айқындайды.




Сурет 26 – Некеге тұру сипаты мен аймақтардағы халық санының детерминация коэффициенті

Ескерту – Smart PLS бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Жоғарыдағы сурет көрсеткендей, екінші гипотеза расталды, яғни некеге тұру сипаты аймақтардағы халық санына қажетті деңгейде әсер ететіндігін байқалады. t-статистика коэффициенті бойынша 5,228>1,95 жоғары, бұл модельдің маңыздылығын сипаттайды. Бұл жаһандану үдерісінің әсеріне қармастан, қазақстандықтардың некеге деген көзқарасының түбейгейлі өзгеріске ұшырай қоймағанын дәлелдейді.




Сурет 27 – Отбасы саясаты мен аймақтардағы халық санының детерминация коэффициенті

Ескерту – Smart PLS бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Үшінші гипотеза расталмады, себебі, отбасы саясаты мен аймақтардағы халық саны арасындағы байланыс стандартты t-статистика коэффициентінен

төмен болып тұр. Отбасы саясаты мен аймақтардағы халық саны арасындағы детерминация коэффициенті 1,632<1,95 құрады.

Жүргізілген сауалнама нәтижелерін Smart PLS бағдарламасы арқылы талдау барысында бастапқыда құрастырылған үш гипотезаның екеуі расталды. Нақтылап айтсақ, олар келесідей:

1 гипотеза: Аймақтардағы халық санына некеге тұру сипаты мен оның ерекшеліктері әсер ететін болып шықты, яғни расталды.

2 гипотеза: Балаға деген қажеттілік пен аймақтардың халық саны арасында байланыс бар болды, яғни бұл гипотеза да расталды.

3 гипотеза: Мемлекеттік отбасылық саясат аймақтардағы халық санына әсер етепейтін болып шықты, яғни бұл гипатеза расталмады, бұл респонденттердің мемлекеттің жүргізіп отырған отбасы саясатына көңілі толмайтындығын білдіреді.

Зерттеудің бұл түрін қорытындылай келе, бастапқыдағы үш гипатезаның екеуі расталып, біреуі расталмады. Бастапқыдағы үш гипотеза бойынша жеке-жеке қорытындайтын болсақ, келесідей болады:

Бірінші гипотеза бойынша аймақтардағы халық санына некеге тұру сипаты орташа (0,439) әсер етті. Бұл қазіргі кездегі некеге тұру мінезінің және некеге деген көзқарастың өзгеруіне байланысты болып отыр. Бұған дәлел ретінде, қазіргі кездегі, статистикалық мәліметтерге сай, некеге тұру жасының ұлғаюы мен ажырасу санының артуынан да көрініп отыр. Кейбір мәліметтерге сай, жаһандану әсерінен, некесіз балалар саны да артып келеді. Бұл үдеріс жалғаса беретін болса, біздің еліміз де батыстың дамыған мемлекеттеріндегідей бала туу көрсеткіштері мен некеге тұру арасындағы байланыс төмендеп кетеді.

Екінші гипотеза бойынша, аймақтардың халық санына балалы болудың әсері де орташа деңгейде (0,366). Бұл қазіргі кездегі балаға деген қажеттіліктің төмендегенін көрсетеді. Заманның дамуына байланысты және ел экономикасының дағдарысқа ұшырауына байланысты, көптеген азаматтар балалы болуды жоспарлау барысында, оны өсіріп-жетілдіруді алдын ала ойластырады. Бұл бала санының шектеуіне алып келеді.

Үшінші гипотеза бойынша, аймақтардың халық санына жүргізіліп отырған мемлекеттік отбасы саясатының төменгі деңгейде кері әсерін (-0,192) байқаймыз. Бұл респонденттердің жалпы жүргізіліп отырған мемлекеттік отбасы саясатын төмен бағалағанын көрсетеді. Яғни халықтың мемлекеттік саясатқа жеткілікті деңгейде қанағаттанбайтыны және оған сенімсіздік танытатыны дегенді білдіреді.

Осыған байланысты қорытындылай келе, мемлекет тарапынан отбасын қолдау саясатын қайта қарастырған жөн. Себебі, халықтың мемлекеттік қолдау саясатына сенімсіздігі байқалады. Қазақстандық менталитетке сай, халықтың біршама бөлігі баланы тек некеде ғана дүниеге алып келеді. Сондықтан, некеге тұруға байланысты жастар арасында оң нәтижеге алып келетін үгіттеу бағдарламасын қарастыру қажет. Халық санының өсуіне алып келуші негізгі фактор, әрине туу көрсеткіші. Сондықтан, бір отбасында үш немесе одан да көп бала дүниеге келу үшін қажетті деңгейде отбасының жағдайын жасау қажет.

Бұл, әрине, бірінші кезекте, отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайдын жақсаруға тіреледі. Осы кезекте, отбасының болашаққа сенімділігін арттыру мәселесі бірінші кезекке шығады.

Аймақтың халық санына әсерін Smart PLS бағдарламасы арқылы жалпы математикалық модельге салып қарастырып, оның нәтижелерін бірнеше әдістер арқылы тексердік, ол бастапқы гипотезалардан біраз өзгеше болып шықты. Келесі кезекте, аймақтардағы демографиялық әлеуетке әсер етуші экономикалық-әлеуметтік факторларды талдап, оларды кластерлерге бөліп, болжау жасау қажеттілігі туындап отыр.

# 3 ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУДІ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

## 3.1 Елдің демографиялық депрессивті аймақтарында мемлекеттік реттеу механизмін іске асыруды жетілдіру

Зерттеу барысында XX-XXI ғасырларда Қазақстан Республикасының кейбір аймақтарында демографиялық әлеует мүдделерінің біршама ерекшеліктері әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қажетті деңгейде дамымағанын байқаймыз.

Сондықтан демографиялық үдерістерді реттеу мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының басым бағыты болып табылады. Осыған байланысты оны дамыту міндеттерінің үш бағыты туындайды. Оларға өлім-жітімді азайту, бала тууды арттыру, тиімді көші-қон саясатын ұстану т.б. жатады.

Бұл міндеттерді шешу үшін тек туу, өлім-жітім, көші-қон үдерістерінің көрсеткіштерін ескеріп ғана қоймай, оларға теріс әсер ететін себептерді анықтау және оларды жою қажет. Мұны аймақтық деңгейде жүргізу өте маңызды. Өйткені әр аймақтың өзіндік ерекшеліктері бар және бір аймақтағы демографиялық үдерістерге қатты әсер ететін факторлар басқа аймақтар үшін маңызды емес болып қалуы мүмкін. Аймақтық демографиялық даму үрдістерінің қалыптасуы өңірішілік қатынастардың сипатын айқындайтын өзіндік ерекшелік пен факторлармен тығыз байланысты.

Қазақстан аймақтарының демографиялық жағдайды жақсарту мақсатында мемлекет белгілі бір қағидаттарға негізделген халықтың көбеюін реттеуді жүзеге асырып отырады.

Демограф В.М.Медковтың пікірінше, демографиялық үдерістерді реттеудің негізгі қағидаларына келесілер жатады: [1, с. 575]

- отбасының егемендік қағидасы: отбасы мемлекеттен тәуелсіз және оның өз өміріне қатысты кез-келген шешім қабылдауға құқығы бар. Атап айтқанда, балалы болу немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдау тек өз мақсаттары мен мүдделеріне сәйкес іске асып отырады. Қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне сәйкес негізделген отбасының егемендігін кез келген шектеу (мысалы, түсік жасату мәселесін реттеу, неке немесе ажырасуды тіркеу рәсімін белгілеу және т.б.) заңнамалық немесе конституциялық түрде іске асып, реттеліп отыруы тиіс;
- таңдау еркіндігі қағидаты: мемлекет және басқа да әлеуметтік институттар атынан қоғам қалыптасқан отбасы түрлері мен ондағы әлеуметтік мінез-құлықты қабылдау және оны қолдауға тиіс. Осы жағдайда отбасының өскелең ұрпақтың тұрақты өсімін қамтамасыз етудегі қызығушылығын барынша қанағаттандырады;
- қоғамдық келісім қағидаты: отбасы мен мемлекет өзара әлеуметтік келісім жасасады. Онда олардың арасындағы барлық саяси, әлеуметтік,

экономикалық және басқа да қатынастар тең жағдайда іске асырылып, тұжырымдалады;

- мемлекеттік және аймақтық демографиялық саясат мақсаттарының бірігу қағидаты оның бүкіл ел үшін бірдей болуы және белгілі бір аумақтағы демографиялық ахуалдың нақты ерекшеліктеріне тәуелді емес екендігін білдіреді;

- әлеуметтік қатысу принципі: әлеуметтік қатысу – азаматтардың өздерінің мүдделерін қозғайтын әлеуметтік саясаттың қандай да бір әлеуметтік маңызы бар шешімдерін әзірлеу және оны іске асыру үдерістеріне тікелей немесе өз бірлестіктері арқылы қатыса алуы.

Белгілі ғалым В.М.Медков аталған қағидаттарда демографиялық саясатты жүзеге асыруда отбасын қорғауға ерекше орын бергенін атап өткен жөн.

Демографиялық үдерістерді реттеу қағидаларына басқаша көзқарасты С.В.Рязанцев және Л.Л.Рыбаковский [2, с. 55] көрсетеді:

- демографиялық динамиканың қандай компонентімен өзара әрекеттесіп отырғанына қарамастан, елдің демографиялық дамуына көп бағытты әсер ету мүмкіндігін болдырмау үшін барлық іс-шаралар бір-бірімен тұжырымдамалық түрде келісіліп жүргізілуі керек;

- жаңа демографиялық проблемалар толқынының пайда болуына жол бермеу немесе оларды тегістеу және бір мезгілде болатын ағымдағы бюджетке қаржылық қысымды төмендету үшін демографиялық саясат шаралары кезең-кезеңімен енгізіліп отыруы тиіс;

- демографиялық саясатты қалыптастыра отырып, барлық ерлі-зайыптылар мен жеке тұлғалардың балалар саны мен олардың дүниеге келу уақытына қатысты шешімдерді тәуелсіз түрде қабылдауға құқығы бар екенін ескеру қажет. Сонымен қатар, мемлекет өзінің ішкі қажеттіліктеріне сәйкес келетін демографиялық саясатты жүргізуге тырысады.

- демографиялық өсу – жалпыұлттық міндет, сондықтан оны іске асыру ауыртпалығын барлығына бірдей бөлінуі қажет: балалары жоқ немесе оларды асырап алғысы келмейтіндер бала асырап алуды қоса алғанда, халықтың (3-4 баласы бар отбасылар) ұдайы өсіп-өнуіндегі негізгі жүктемені көтеретіндерді қаржылық қолдауға (баласы жоқ отбасыларға салынатын салық, зейнеткерлік жасты арттыру және т.б.) қатысуға міндетті;

- өмір сүру ұзақтығын арттыруға бағытталған шаралар қоғамның барлық салаларын қамтуы тиіс.

Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеудің негізгі қағидалары:

- прогрессивтілік қағидасы;
- адекваттылық қағидасы;
- саралау қағидасы;
- интегративтілік қағидасы;
- ұйымдастыру қағидасы;
- коммуникативтілік қағидасы.

Прогрессивтілік қағидасы бойынша демографиялық саясат әдістерін үнемі жетілдіріп отыру керек дегенді білдіреді. Бұл дегеніміз уақыт өте келе

халықтың қолданыстағы іс-шараларға бейімделіп кетуі байланысты олардың тартымдылығының жоғалуына ол, өз кезегінде, тиімділіктің төмендеуіне алып келеді дегенді білдіреді. Сондықтан туу көрсеткіштерін көтеруге, денсаулықты жақсартуға, өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етіп отыратын демографиялық саясат іс-шаралары әр кезеңде жаңарып, тиімді жолдары қарастырылып отыруы қажет. Бұл шаралар, өз кезегінде, елге және аймаққа мигранттардың қарқынды ағынына, яғни азаматтар санының тұрақтануына алып келуі мүмкін.

Адекваттылық қағидасы демографиялық дамудың қазіргі проблемаларын жеңуге тікелей бағытталған халық санын реттеу саясатының қажетті және жеткілікті жиынтығы болып табылады.

Ел халқының ұдайы өсіп-өну үдерістерін мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттеріне келесілер жатады:

- заңнамалық актілерді қабылдау;
- елдің демографиялық жағдайын болжау;
- демографиялық саясат бағыттарын кешенді түрде жүзеге асыру мақсатында қажетті қаржыландыру көлемімен қамтамасыз ету;
- демографиялық жағдайды реттейтін мемлекеттік органдарды үйлестіру.

Мемлекеттік реттеу үдерісі демографиялық жағдайдың күрт нашарлауына әкелуі мүмкін ең қауіпті ауытқуларды анықтау үшін оны бағалаудан басталады. Осы кезеңді ақпараттық қамтамасыз ету мемлекеттік статистика деректерін, халық санағының қорытындыларын және әлеуметтік зерттеулер деректерін пайдалануды көздейді. Алынған мәліметтер негізінде мемлекеттік органдар халықтың ұдайы өсіп-өну үдерістеріне мемлекеттік ықпал ету субъектілерінің белгілі бір іс-шараларды өткізу қажеттілігі туралы шешім қабылдайды. Мақсатты бағдарламаларды экономикалық, нормативтік-құқықтық, психологиялық іс-шаралар кешенін қамтитын күрделі нәтиже ретінде қарастыруға болады.

Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу объектілеріне келесілер жатады:

- өлім деңгейін төмендету (ең алдымен еңбекке қабілетті жастағылардың);
- халықтың денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау;
- әлеуметтік маңызы бар және қоршаған ортасы үшін қауіп төндіретін аурулармен сырқаттанушылық деңгейін төмендету;
- өмір сапасын жақсарту;
- үш және одан көп балалы отбасылар санын көбейту есебінен туу деңгейін арттыру.

Мемлекеттік билік органдары арасында, бірінші кезекте, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін атап өткен жөн. Осы орган әлеуметтік әріптестік мәселелерін қоса алғанда, әлеуметтік даму, еңбек, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қызметтер мен бизнесті мемлекеттік қолдау саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және нормативтік-құқықтық реттеу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын атқарушы билік органы болып табылады.

Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу жүйесінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ҚР-дағы әлеуметтік қызметтер көрсетудің аса ірі объектілерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры демографиялық үдерістерді реттеудегі биліктің тағы бір маңызды атқарушы органы болып табылады. Оның негізгі міндеттеріне мемлекет тарапынан кепілдік берілген жәрдемақылармен қамтамасыз ету, әлеуметтік аударымдарды шоғырландыру, асыраушысынан айырылған жағдайда асырауындағы отбасы мүшелеріне, әлеуметтік қауіп-қатер жағдайы туындаған кездегі міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік төлемдерді тағайындау мен жүзеге асыру жатады.

Қордың туу үдерістеріне әсер етуі жүктілігі және босануына байланысты түрлі құралдардың күшімен жүзеге асырылады. МӘСҚ міндетті әлеуметтік сақтандыру шеңберінде жүктілік және босануына байланысты төлемдерден басқа уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдемақыларды, зардап шеккендерді медициналық, кәсіптік және әлеуметтік оңалтуға қосымша шығындарды төлейді. Бұл белгілі бір дәрежеде азаматтардың денсаулық жағдайына әсер етеді.

ҚР Мемлекеттік міндетті медициналық сақтандыру қоры денсаулық сақтауда халықтың мүдделерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейді.

ҚР Салық қызметі балаларға, білім алуға, емделуге және дәрі-дәрмек сатып алуға, мүлікке және т.б. отбасының материалдық жағдайына әсер ететін түрлі салықтық жеңілдіктер (шегерімдер) беру арқылы демографиялық үдерістерге ықпал етудің экономикалық әдістерін қолданады.

Мәдениет және спорт министрлігі, бірінші кезекте, демографиялық үдерістерге телевизия және дүниежүзілік интернет желісі арқылы (спортшылардың өнер көрсетуі туралы есептер, қазақстандық және халықаралық жарыстардың трансляциясы) салауатты өмір салтын насихаттау арқылы ықпал етеді [126].

ҚР Білім және ғылым министрлігі «Орта білім беруді жаңғырту» жобасы аясында бастауыш және орта білім беруде, атап айтқанда, ауылдық және осал мектептерде білім сапасын арттыру және осы салада теңдікке қол жеткізу бойынша іс-шараларды іске асыруда. Бұл іс-шаралар білім беру материалдарына қолжетімділікті кеңейту, мультимедиялық жабдықпен жарақтандыру және ауыл мұғалімдерінің әлеуетін арттыру арқылы ауылдық жалпы білім беретін және шағын жинақталған мектептерде оқушылардың үлгерімін жақсартуға бағытталған.

ҚР Көші-қон қызметі комитеті этникалық мигранттарды, Қазақстанға жұмысқа орналасу үшін келген бұрынғы ҚазКСР азаматтарын, сонымен қатар, қолайсыз аудандарда тұратын Қазақстан азаматтарын ұтымды қоныстандыру, оларға жәрдемдесу және тиімді жайластыру үшін мемлекеттік бағдарламаны іске асырады. 2017 жылдан бастап Қазақстанда халық тығыз орналасқан оңтүстік аймақтардан жұмыс күші тапшы солтүстік облыстарға ерікті түрде

қоныс аудару бағдарламасы жұмыс істейді. Қоныс аударушылар әлеуметтік пакет алады, атап айтқанда, жұмысқа орналасуға және тұрғын үй алуға көмек көрсетіледі. Бұл жағдай ҚР Үкіметінің мигранттарды тарту саясатын сауатты ұйымдастырып отырғанын айғақтайды. Бұл ел халқы мен оның аймақтарының тұрақтануына әкелуіне әбден мүмкін.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму жүйесіндегі демографиялық саясаттың орнын анықтау үшін демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу әдістерін қалыптастыру тәртібін қолдану зерттеушілер тарапынан ерекше қызығушылық тудырады.

Жалпы алғанда, әдістер демографиялық дамудың мақсаттарына жетудің жолдары болып табылады. Әдістерді қалыптастыру процесі демографиялық үдерістерді реттеу субъектілерінің - мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары тарапынан аймақтағы демографиялық саясаттың негізгі бағыттарын анықтаудан басталады. Олар ұзақ мерзімді сипатта болуы керек және демографиялық проблемалардың теріс әлеуметтік-экономикалық салдарын азайтуды жеңуге бағытталған болады.

Демографиялық дамудың аймақтық сипаттамалары, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы және демографиялық саясаттың әсерінен субъектіде демографиялық саясат тұжырымдамасы қалыптасады. Тұжырымдама демографиялық үдерістерді реттеудің негізгі бағыттарын, демографиялық дамудың нысаналы көрсеткіштерін, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар жиынтығын, осы іс-шараларды қаржыландыру көздерін қамтиды. Олар, ең алдымен, субъектінің демографиялық дамуындағы қойылған мақсаттарына қол жеткізуі үшін аймақты қолдау деңгейін білдіреді.




Сурет 28 – Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу құралдарының кешенін қалыптастыру процесі

Ескерту: [127] негізінде автормен құрастырылған

Халықтың ұдайы өсіп-өнуін мемлекеттік реттеу қағидаттарының бірі жиынтықта демографиялық саясат әдістерін қолдануды көздейтін кешенділік қағидаты болып табылады. Бұл қойылған мақсаттарға қол жеткізу ықтималдығын арттыруға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылғандай, демографиялық үдерістерге әсер ету әдістері, әкімшілік, экономикалық және ақпараттық-насихаттық болып бөлінеді. Осы әдістердің әрқайсысы құралдар жиынтығын қамтиды. Мысалы, бірінші әдіс некені, ажырасуды, балалардың отбасындағы жағдайын, алименттік міндеттемелерді, ана мен баланы қорғауды және т.б. реттейтін актілерді, жарлықтарды, қаулыларды қамтиды.

Ақпараттық-насихаттау әдісі салауатты өмір салтын насихаттауды, 3-4 баладан тұратын отбасын құруға бағытталған қоғамдық пікірді қалыптастыруды көздейді.

Мемлекеттік реттеу деңгейі мемлекеттік органдардың демографиялық даму мәселелерін шешу мүдделілігін сипаттайды. Қазіргі уақытта ол реттеу объектілері қолданатын құралдар жиынтығы мен демографиялық саясат шараларын қаржыландыру дәрежесінде көрініс табады.

Қазіргі жағдайда демографиялық даму бағыттарына туу үдерістерін реттеу, отбасы институтын нығайту, репродуктивті денсаулық жағдайын нығайту, өмір сүру жағдайын жақсарту, ана мен бала денсаулығын жақсарту, өмір сүру деңгейі мен сапасын көтеру, миграциялық үдерістерді тиімді реттеп отыру жатады.




Сурет 29 – Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу механизмі

Ескерту: [127] негізінде автормен құрастырылған

Қорыта келе, демографиялық саясатты тиімді іске асрыу және еліміз бен оның аймақтарындағы халық саны өзгерістерін бақылауда ұстауы халық санының тұрақтануы, өмір сүру сапасының артуы, халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы алып келуі мүмкін. Бұл ел халқы санын реттеуді іске асыратын саясаттың тиімділігін көрсететін болады. Жалпы мемлекеттік демографиялық саясатты талдау барысында соңғы жылдары нақты бағытталған демографиялық жағдайды реттеу органы жоқ екенін байқауға болады. Сондықтан жалпы Қазақстан және оның анықталған демографиялық тұрғыдан депрессивті аймақтарындағы демографиялық жағдайларды мемлекеттік реттеу үшін арнайы органның болғаны жөн.

Аймақтағы демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу механизмін жетілдіру бірыңғай ұйымдастырушылық-экономикалық орган, яғни демографиялық саясатты іске асыру жөніндегі Агенттікті құрудан тұруы тиіс.

Сонымен, демографиялық саясатты іске асыру жөніндегі Агенттіктің құрамына халық санын мемлекеттік реттеу субъектілерінің өкілдері кіретін болады. Оларға Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Мәдениет және спорт министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Қаржы министрлігі, Ұлттық экономика министрлігі, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Көші-қон қызметі комитеті, МӘСҚ, БЖЗҚ, қалалық және ауылдық елді мекендердің басшылары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысуы тиіс.

Демографиялық саясат жөніндегі Агенттіктің төрағасы Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады. Демографиялық саясатты іске асыру жөніндегі Агенттік еліміз бен оның проблемалық аймақтарының демографиялық дамуына ықпал ету іс-шараларын кешенді түрде жүзеге асыруды қамтамасыз етуі тиіс. Жалпы Агенттік өз қызметін іске асыру барысында келесіден іс-шараларды жүзеге асырады:

-мемлекеттік және жергілікті басқару органдары, қайырымдылық және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп қызмет атқару;

- мемлекеттік және жергілікті деңгейлерде басқару шешімдерін қабылдаудың ықтимал демографиялық факторлары мен салдарын анықтау мақсатында нормативтік құжаттарға, әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларға демографиялық сараптама жүргізу. Ол сараптама субъектінің демографиялық дамуына әсер етуі мүмкін немесе елдің даму аспектілеріне және демографиялық үдерістердің әсеріне тәуелді проблемалық аймақтарға қатысты болуы мүмкін;

- демографиялық саясат іс-шараларын іске асыру мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру;

- демографиялық саясатты әзірлеу мен оны іске асыруға байланысты мәселелер бойынша кеңестер, конференциялар, семинарлар өткізу;

- демографиялық үдерістерді реттеу мәселелері бойынша аймақаралық ынтымақтастыққа қол жеткізу.

Сондай-ақ, осы Агенттік аясында өмір сүру сапасы бойынша дамыған елдердің стандарттарына жақындауы үшін халықтың тұрғын үй жағдайын жақсарту, әлеуметтік нысандар салу, заманауи инфрақұрылым, жаңа тиімділігі және жалақысы жоғары жұмыс орындарын құру бойынша нақты ұсыныстар талқылануы мүмкін.

| | |
|---|---|
| Демографиялық саясатты жүзеге асыру Агенттігі | Мақсаты – мемлекеттік саясаттың кешенді іс-шараларын жүзеге асырумен қамтамасыз ету және реттеу субъектілері қызметін үйлестіру |
| | Қызмет қағидалары:<br>- азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыру;<br>- негізділік;<br>- кешенділік;<br>- ашықтылық пен жариялылық |
| | Қаржыландыру көздері: шоғырландырылған бюджет қаражаты мен бюджеттен тыс қаражаттар |
| | Нәтиже: Демографиялық саясатты жетілдіру және аймақтар халқының демографиялық көрсеткіштерін жақсарту |

Сурет 30 – Демографиялық саясатты жүзеге асыру Агенттігінің қызметін ұйымдастыру

Ескерту: автормен құрастырылған

Демографиялық саясатты жүзеге асыру жөніндегі Агенттіктің қызметі келесі қағидаларға негізделуі керек:

- азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыру;
- негізділік;
- кешенділік;
- ашықтық және жариялылық.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыру қағидасы дегеніміз агенттік қызметі шеңберінде адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына қайшы келмеуге тиіс дегенді білдіреді. Мысалы, Агенттік азаматтардың отбасылық мінез-құлық (неке, репродуктивтік және т.б.) түріне қандай да бір шектеулер енгізбеуі тиіс. Оның қызметі еңбек жағдайларын және халықтың денсаулық жағдайын жақсартуға, ананы, әкені, баланы қолдауға және т.б. бағытталуы тиіс.

Негізділік қағидасы демографиялық саясат жөніндегі Агенттік тарапынан еліміз бен демографиялық депрессивті аймақтардағы халық санын реттеу бойынша жүргізіліп отырылған іс-шаралардың тиімділігін есептеудегі нақты әдіснамалық ұсыныстарды ұсынуы қажет.

Кешенділік қағидасы бойынша Агенттік халық санын тұрақтандыру мақсатымен бірге елдің демографиялық дамуының барлық аспектілеріне, яғни тууды ынталандыру, өлім-жітімді азайту, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және көші-қон үдерістерін реттеуге кешенді әсер етуі керек дегенді білдіреді.

Ашықтылық пен жариялылық қағидасы жалпы халық мен демографиялық депрессивті аймақтардағы халық санын реттеудің жүргізіліп жатқан іс-шаралары мен агенттік қызметінің қол жеткізілген нәтижелері туралы халықты хабардар етуге бағытталған. Аталған іс-шаралардың мақсаты азаматтар мен жоғары лауазымды тұлғаларының демографиялық сауаттылығын арттыру және оған қызықтыру. Бұл демографиялық саясаттың тиімділігін арттыруға алып келуі мүмкін. Мұндай мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып отыруы тиіс.

Демографиялық саясатты іске асыру жөніндегі Агенттіктің қызметін қаржыландыру көздері елдің, аймақтардың шоғырландырылған бюджетінің қаражаты және бюджеттен тыс қаражаттар (заңды және жеке тұлғалардың ерікті түрде қаражат аударуы) есебінен болады.




Сурет 31 – Аймақтардағы демографиялық үрдістерді мемлекеттік реттеу механизмі

Ескерту: [127] негізінде автормен құрастырылған

Мемлекеттік реттеу қағидаларын іс-тәжірибе жүзінде сақтау, сондай-ақ халықтың ұдайы өсімі үдерістеріне ықпал ету саясатының іс-шараларын қаржыландырудың жеткілікті деңгейімен қамтамасыз ету өлім-жітім деңгейінің қысқаруы, халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы, туудың жоғарылауы, отбасы институтының нығаюы, өмір сүру сапасының көтерілуі, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының талаптарына сәйкес көші-қонның оң ағымында көрініс табатын жағымды нәтижелерге алып келеді.

Агенттік қызметінің бастапқы кезеңінде демографиялық саясатты жетілдіру бағыттары ретінде төмендегі іс-шараларды ұсынуға болады:

1. Қазақстан қалалары мен демографиялық депрессивті аймақтарында әйелдердің кейбір бөлігі біліктілігі мен қызметінен айрылу қаупіне байланысты балалардың туылуын кейінге қалдыруы немесе бас тартуы әбден мүмкін. Сондықтан үйден тыс жұмыс пен бала күтімін үйлестіру үшін жағдай жасау өте маңызды болып табылады. Сондай-ақ жүктілік бойынша демалысынан жұмысқа шыққан әйелдер үшін біліктілігін арттырудың әртүрлі тегін курстарын ұсынуға болады.

2. Осы тақырып шеңберіндегі автордың жалпы қазақстандық зерттеу нәтижелері бойынша демографиялық саясат шараларына қатысты талдауда респонденттердің басым бөлігі (68,4%) материалдық құралдардың жетіспеушілігі отбасын құруға және сақтауға кедергі келтірудің елеулі факторы деген пікірмен сәйкес келеді. Сондай-ақ, респонденттердің 78,7%-ы лайықты жалақы мен аймақтардағы жұмыссыздықтың төмендеуі туу көрсеткіштерінің өсуіне үлкен ықпал етеді деп санайды. Респонденттердің тек 19%-ы ғана мемлекет отбасылар үшін толыққанды тұрғын үй жағдайын жасайды деген пікірмен келіседі екен. Бұл аймақтарда, әсіресе, қалаларда көптеген отбасылар үшін негізгі проблема тұрғын үй мәселесі болып табылатындығына негіз береді. Респонденттердің 72,4%-ы балалар жәрдемақысының мөлшеріне риза емес екен. Сонымен, тууды арттырудың маңызды факторларының бірі-баланың туылуына байланысты материалдық қолдау көрсету екен. Респонденттердің 69,4%-ы 1 жасқа толмаған баласы бар аналардың құқықтарын қорғау саласындағы еңбек заңнамасы кейбір нюанстарды ескермейді деп санайды, сондықтан бұл фактор да тууды тежейтіндердің бірі болып табылады. Респонденттердің 77,1%-ы мемлекет көп балалы аналарды экономикалық қолдайды деген пікірмен келіспейді екен [МС]. Бұл мемлекет тарапынан отбасыларды қолдау саясатын нығайту үшін негіз береді. Мысалы, «кепілдендірілген жеңілдіктер» ұсынуға болады. Халық санын реттеудің бұл құралының мәні келесіде: егер 18 жасқа толмаған 4-тен артық балалары бар отбасылардың жан басына шаққандағы табысы күнкөріс деңгейінен төмен болған жағдайда, онда оларға осы жәрдемақы беріледі. Бұл жәрдемақының мөлшері отбасының ең төменгі күнкөріс деңгейі мен отбасының табысы арасындағы айырмашылық түрінде айқындалады. «Кепілдендірілген жәрдемақы» алу үшін отбасы демографиялық саясатты жүзеге асыру жөніндегі Агенттікке кіріс мөлшерін растайтын құжаттарды ұсынуы керек.

Осы іс-шараны тәжірибелік тұрғыда іске асыру отбасының материалдық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл балалы болу туралы шешім қабылдауға, денсаулықты жақсартуға және т.б. осы қосымша қаражатты пайдалануға мүмкіндік береді.

3. Жастардың жалпы денсаулығына, оның ішінде репродуктивті денсаулығына деген жауапты көзқарасты қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу қажет. Олардың бедеулікті емдеуге жұмсалатын шығындардың бір бөлігін (ішінара немесе толық) өтеу, отбасылардың балалы болуына көмектесу мақсатында жаңа репродуктивтік технологияларды қолдану мүмкіндігін қарастыру керек. Статистикалық деректерге сәйкес, 2018 жылы

елімізде жүктілікті тоқтатудың 78545 жағдайы тіркелген. 2014 жылмен салыстырғанда 2018 жылғы бұл көрсеткіштің мәні -5164-ке, яғни 6,2% - ке азайған. Егер демографиялық депрессивті аймақтардағы түсік тастау санын қарастыратын болсақ, Ақмола облысы бойынша -37,8%, Қостанай облысы бойынша -22%, Павлодар облысы бойынша -11,9%, СҚО бойынша -14,2%-ға төмендеген. Ал Батыс Қазақстан облысы бойынша түсіктердің тіркелген саны керісінше, 4,8%-ға артқан [52]. Бірақ, бәрібір қазіргі жағдайдағы статистикалық деректер еліміз бен демографиялық депрессивті аймақтардағы түсік тастаудың жоғары көрсеткіштеріне ие болып отыр. Бұл жағдай түсік тастау әйелдердің репродуктивті денсаулығына теріс әсер ететіндігімен байланысты. Бұл мәселені реттеу үшін түсік жасатуға шешім қабылдаған әйелдермен міндетті түрде мамандар (психологтың) жұмыс жасау керек деген ұсыныс беруге болады. Бұл жағдайда маман түсік жасау себептерін анықтап, жүктіліктің кері салдарларын сипаттап, балалы болудың жағымды жақтары және т.б. туралы түсіндіреді.

Демографиялық саясатты іске асыру жөніндегі Агенттік осы проблемаларға ерекше назар аударуға тиіс, өйткені оларды табысты шешу бала тууды арттырудың қосымша резервтерін анықтауға және отбасылық қатынастарды нығайтуға мүмкіндік береді.

4. Демографиялық депрессивті аймақтарда бала тууды арттыру мақсатында жастар арасында отбасылық құндылықтарды қалыптастыру қажет. Соңғы деректерге сай, ажырасу коэффициенті жылдан жылға жоғарылап бара жатыр. Сондықтан отбасын құруды жоспарлаған жастар алдын ала отбасылық қарым-қатынас жөнінде кеңес беру орталықтарына жүгінуі тиіс. Тағы бір айта кететін жағдай, кейбір отбасын құрған жастардың балалы болмауы. Бұл да біздің қоғамда өмір сүріп жатқан тұлғалар үшін үлкен күйзеліс болып табылады. Яғни балалы болуыға физикалық, соматикалық тұрғыда мүмкіндіктің болмауы. Сол себепті, алдын ала тексерістен өту маңызды болып отыр. Келесі этапта ажырасу алдында тұрған отбасы мүшелеріне психологиялық көмек беру, соның ішінде, егер, отбасын бұзу себебі, қаржылық мәселе болса, оны да ескеру қажет. Мемлекет тарапынан қолдау көрсету қажеттілігі туындайды.

5. Қазақстандағы (сондай-ақ барлық демографиялық тұрғыда депрессивті аймақтарда) ерлер арасындағы өлім-жітім көрсеткіші әйелдерге қарағанда жоғары. Бұл өлім-жітім көрсеткіштерін төмендету бойынша неғұрлым пәрменді шаралар енгізу қажеттілігін негіздейді.

6. Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша тыныс алу органдарының аурулары ел халқының сырқаттанушылық, ерте мүгедектік және мерзімінен бұрын өлім-жітім құрылымында негізгі орын алады. Әлеуметтік маңызы бар жұқпалы емес аурулардың қатарына қатерлі ісіктер, қант диабеті, психикалық, мінез-құлық бұзылыстары, миокард инфарктісі (алғашқы 6 ай), ревматизм, дәнекер тінінің жүйелі зақымдануы, жүйке жүйесінің дегенеративті аурулары, орталық жүйке жүйесінің демиелинизациялық аурулары және орфандық аурулар жатады [128]. Аурудың осы түрлерін асқындырудың негізгі қауіпті факторларына темекі шегу, алкогольді мөлшерінен тыс пайдалану, қозғалысы аз өмір салты және дұрыс тамақтанбау жатады. Бұл аурулар

мемлекетке үлкен экономикалық зиян келтіреді. Және де халықтың, ең алдымен, еңбекке қабілетті жастағы адамдарға әсер етеді. Азаматтардың денсаулық жағдайына теріс әсер ететін жұқпалы ауруларға ЖРА, тұмау, туберкулез, вирустық гепатиттер және т.б. жатады.

Қорыта келе, жоғарыда көрсетілген іс-шаралар жалпы еліміз және демографиялық тұрғыда проблемалары бар аймақтар бойынша демографиялық жағдай мен оған әсер ететін факторларды қалып деңгейде ұстап отыруға тиімді әсер етеді. Демографиялық саясатты іске асыру агенттігі тек халық саны мәселесімен ғана емес, сонымен қатар репродуктивті денсаулық, отбасылық құндылықтар, балаға деген қажеттілік, аймақтардағы ішкі және сыртқа миграциялық үдерістерді тиімді реттеу, аймақтардың экономикалық және әлеуметтік тартымдылығын арттыру мәселелерін реттеп отырады. Мәселенің алдын алу үшін мұндай іс-шараны неғұрлым ерте бастаған жөн болады.

### 3.2 Қазақстандағы депрессивті аймақтардағы демографиялық жағдайды болжау

Демографиялық зерттеулердің басты міндеттерінің бірі – халық саны болжамын құру. Халықтың болашақтағы саны, жастық-жыныстық құрамы және демографиялық үдерістердің басқа да параметрлерін бағалау нәтижелері мемлекет, оның аймақтары және экономика салаларының әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау соған сәйкес стратегия әзірлеу үшін негіз болуы тиіс.

Демографиялық болжам – бұл халықтың қозғалысы мен демографияның болашақ жағдайдының негізгі параметрлерінің ғылыми негізделген болжамы болып табылады. Оларға халықтың саны, жастық-жыныстық құрамы, отбасы құрылымы, туу, өлім-жітім және көші-қон үдерістері жатады [7, б. 55]. Болжамдардың мәні экономикалық белсенді халықтың саны мен құрамын, еңбек нарығының даму перспективаларын, жұмыс күшінің тапшылығы немесе артықшылын анықтауға, сонымен қатар, бұл үдерісті көші-қон ағымы арқылы басқаруға мүмкіндік береді. Демографиялық болжамдар бағдарламалар, экономикалық және әлеуметтік даму жобаларын аймақтық бөліністе түзетуге мүмкіндік береді. Болашақта халықтың өмір сүру деңгейінің өзгеруін бағалау көзіне айналады.

Қазақстан Республикасы мен оның демографиялық тұрғыда депрессивті аймақтарының халық санының болашағын болжаудың алгоритміне келетін болсақ, бұл үдеріс GRETL бағдарламасында орындалды. Болжамды жасау барысында жоғарыда көрсетілген аймақтар бойынша 2000-2020 жылдар аралығындағы статистикалық мәліметтер пайдаланылды.

Болжамды құру үшін көрсетілген уақыттық қатарды стационарлыққа тексеру қажет. Стационарлықты уақыттық қатарлардың деңгейлері бір-біріне айтарлықтай тең болғанда, яғни бірінші деңгейдің орташа мәні екінші деңгейдің орташа мәніне тең болған кезде байқауға болады. Сонымен қатар, стационарлық жағдайда дисперсиялар бір-біріне тең болып, алынған уақыттық қатарларда аққұла шуыл (кездейсоқ ауытқу) болуы тиіс.

Аққұла шуыл – стационарлық шу, оның спектрлік компоненттері тартылған жиіліктердің барлық диапазонында біркелкі бөлінеді. Аққұла шуыл осы сигнал қарастырылатын көп өлшемді кеңістіктің барлық өлшемдері үшін Дирак дельта функциясымен математикалық сипатталған автокорреляциялық функциясы бар сигналға қолданылады [130]. Осы қасиетке ие сигналдарды ақ шу деп санауға болады. Демографиялық үдерістерді болжау барысындағы аққұла шуылда математикалық болжам нөлге тең болады. Ол дегеніміз У1 корреляциясы У2 арасында байланыс бар екенін көрсетуі тиіс. Аққұла шуыл жағдайында графикте тренд байқалмайды. Трендті қатарлар стационарлық болмаған жағдайда көре аламыз. Сондықтан болжам жасаудың басында график арқылы тексерілді, ол уақыттық қатардың стационарлық емес екенін көрсетті. Уақыттық қатарды стационарлыққа келтіру үшін бірінші айырмашылық ($D_1$) қосылған Дикки-Фулердің кеңейтілген тесті қолданылды. Нәтижесінде төмендегідей уақыттық графигі жасалынды.




Сурет 32 – Халық саны көрсеткіштерінің уақыттық қатар графигі

Ескерту: GRETL бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

График арқылы уақыттық қатарды стационарлыққа тексеру барысында оның стационарлығы расталды. Яғни жоғарыда айтылғандай Дикки-Фуллердің кеңейтілген тестін қолданылған.

Біз нөлдік гипотезаны ($H_0$) қабылдамағанымызды және балама гипотезаны ($H_1$) қабылдағанымызды растадық, өйткені Р мәні = 0,0007923 тең. Р маңыздылық деңгейі 0,05-тен төмен болған кезде, бұл стационарлық қатар болып есептелінеді.

```
Augmented Dickey-Fuller test for RK
including 2 lags of (1-L)RK
(max was 3, criterion AIC)
sample size 19
unit-root null hypothesis: a = 1

   test without constant
   model: (1-L)y = (a-1)*y(-1) + ... + e
   estimated value of (a - 1): 0.00621117
   test statistic: tau_nc(1) = 2.94473
   asymptotic p-value 0.9993
   1st-order autocorrelation coeff. for e: -0.133
   lagged differences: F(2, 16) = 6.716 [0.0076]

   test with constant
   model: (1-L)y = b0 + (a-1)*y(-1) + ... + e
   estimated value of (a - 1): -0.00197634
   test statistic: tau_c(1) = -0.124986
   asymptotic p-value 0.945
   1st-order autocorrelation coeff. for e: -0.169
   lagged differences: F(2, 15) = 4.825 [0.0241]

   with constant and trend
   model: (1-L)y = b0 + b1*t + (a-1)*y(-1) + e
   estimated value of (a - 1): -0.24286
   test statistic: tau_ct(1) = -5.71342
   p-value 0.0007923
   1st-order autocorrelation coeff. for e: -0.026
```

Сурет 33 – Дикки Фуллердің кеңейтілген тесті

Ескерту: GRETL бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Болжамды жасау үдірісіндегі келесі қадамда қандай модель қолданылатынын анықтау керек (AR-1) моделі немесе MA моделі). Кореллограмманы қолдана отырып, есептеулерде (AR-1) моделі қолданылатыны анықталды. (AR-1) моделі стационарлық қатарлар үшін қолданылады. AR моделі корреляция болса, MA моделі жылжымалы орта болып табылады. Жалпы ARMA бұл – стационарлық қатарларды болжауға арналған модель. Ол үшін коррелограмма жасалынады.




Сурет 34 – Коррелограмма

Ескерту: GRETL бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Болжамды жасау кезінде (AR-1) моделін таңдаудың негізгі себебіне келетін болсақ, бірінші графикте автокорреляцияның (ACF) қарқындылығы біртіндеп төмендейді. Ал екінші графиктегі жеке автокорреляция (PACF) қарқындылығы күрт төмендегенін байқауға болады. Сондықтан осы жағдайға ($AR_1$) моделі жарамды. Сол себепті Кохран-Оркатт (Cochrane-Orcutt) моделін қолдану жөн болып табылады.

Келесі кезекте (AR-1) моделін құрастыруға көшеміз. Кохран-Оркатт моделінде (Cochrane-Orcutt), 2004-2021 (T = 18) бақылаулары қолданылды.

Бұл жерде тәуелді айнымалы: Халық саны

rho = -0,161859

Кесте 24 –Кохран-Оркатт (Cochrane-Orcutt) моделі

| | *Coefficient* | *Std. Error* | *t-ratio* | *p-value* | |
|---|---|---|---|---|---|
| const | 62723.6 | 32247 | 1.9451 | 0.0685 | * |
| d_RK_1 | 0.74804 | 0.100919 | 7.4123 | <0.0001 | *** |

Statistics based on the rho-differenced data:

| | | | |
|---|---|---|---|
| Mean dependent var | 212025.9 | S.D. dependent var | 81913.52 |
| Sum squared resid | 5.36e+10 | S.E. of regression | 56143.42 |
| R-squared | 0.556327 | Adjusted R-squared | 0.530229 |
| F(1, 17) | 64.50637 | P-value(F) | 3.46e-07 |
| Rho | −0.161859 | Durbin's h | −0.785620 |
| Ескерту: GRETL бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған | | | |

Тәуелді айнымалы (халық саны) маңызды екенін көреміз, өйткені модельде ол *** белгіленген. R-квадраты да жоғары 0,556327, яғни күшті байланысы бар екені анық. Детерминация коэффициенті 56% құрайды, бұл барлық факторлар есептелген модельдің факторларын 56%-ға сипаттайтынын көрсетеді, ал 44% - ескерілмеген фактор. Осылайша келесідей теңдеуді алынды:

Модельдің теңдеуі:

Халық саны = 62723,6+0,74804* d_RK_1 (population)

T = 18, R-квадрат = 0,556327

Модель болжам жасауға болатынын көрсетіп отыр, себебі оның маңыздылығы анықталды. Осыған байланысты алдағы 5 жылға (қысқа мерзімді) болжам жасалынған. Қысқа мерзімді болжау жаслудың басты себебі – есептеп шығарылған болжамдар дәлірек болады. Сонымен қатар, болжам жасаудың бұл алгоритмі Қазақстанның депрессивті аймақтары халқының санын болжауда да қолданылды.



gretl: прогнозы

Для 95% доверительных интервалов, t(18, 0,025) = 2,101

| | population | Предсказание | Ст. ошибка | 95% доверительный интервал |
|---|---|---|---|---|
| 2012 | 16673933,00 | 16671176,26 | | |
| 2013 | 16910246,00 | 16904650,27 | | |
| 2014 | 17160855,00 | 17144870,73 | | |
| 2015 | 17415715,00 | 17406250,27 | | |
| 2016 | 17669896,00 | 17666016,44 | | |
| 2017 | 17918214,00 | 17922199,31 | | |
| 2018 | 18157337,00 | 18169416,62 | | |
| 2019 | 18395567,00 | 18405393,49 | | |
| 2020 | 18631779,00 | 18645348,90 | | |
| 2021 | 18879552,00 | 18882605,96 | | |
| 2022 | | 19139515,06 | 62962,150 | 19007236,49 - 19271793,63 |
| 2023 | | 19409099,14 | 118650,101 | 19159824,52 - 19658373,75 |
| 2024 | | 19686885,00 | 199699,435 | 19267332,05 - 20106437,94 |
| 2025 | | 19972115,89 | 325125,197 | 19289053,20 - 20655178,59 |
| 2026 | | 20264417,32 | 523110,038 | 19165403,91 - 21363430,73 |

Сурет 35 – Қазақстан Республикасы бойынша алдыңғы 5 жылға арналған болжам

Ескерту: GRETL бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Жалпы Қазақстан Республикасының халық санына GRETL бағдарламасы арқылы жасалынған болжамның нәтижесінде алдыңғы 5 жыл ішінде халық саны тұрақты түрде өсетінін байқауға болады. Мысалы, 2026 жылғы халық саны шамамен 20,2 млн адамға жетіп, 2021 жылмен салыстырғанда 6,8%-ға өседі. Өткен жылдармен салыстырғандағы жыл сайынғы тұрақты өсім шамамен 1,4% құрайды. Ал, болжамның басында алынған кезеңмен (2021ж.) салыстырғандағы өсімдер 2022 жылы 19,1 млн адамды құрап 1,4%-ға, 2023 жылы 19,4 млн адам, яғни 2,7%-ға, 2024 жылы 19,6 млн адам (4,1%), 2025 жылы 19,9 млн адам (5,5%), 2026 жылы 20,2 млн адамға жетіп 6,8%-ға өседі.




Сурет 36 – Қазақстан Республикасының халық саны болжамының графигі

Ескерту: GRETL бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Ал, демографиялық тұрғыдан депрессивті аймақтардың жағдайына келетін болсақ, егер, қазіргі кездегі тенденция сақтала берсе, Ақмола облысы бойынша халық саны айтарлықтай өзгеріске ұшырай қоймайды екен. Алынған кезеңнің басындағы (2021ж.) сан мен 2026 жылғы көрсеткіштер өзгерісі тек ғана 0,3%-ды құрайды. Бұл осы аймақ үшін жақсы көрсеткіш бола алмайды.




Сурет 37 – Ақмола облысының халық саны болжамы

Ескерту: GRETL бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Батыс Қазақстан облысы бойынша халық саны болжамы позитивті көрсеткіштерге ие болып отыр. Бұл аймақтағы 2021 жылғы халық саны болжамды 2026 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 4,6% өсіп, осы жылғы халық саны 692,9 мың адамды құрайды екен. Өткен жылмен салыстырғандағы жыл сайынғы халық саны өсімі орташа есеппен 0,9%-ға тең болады. 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылғы көрсеткіш 666,9 мың адамды құрап 0,8%-ға көтеріледі. Ал, 2021 жылмен салыстырғандағы 2023 жылғы көрсеткіш 672,8 мың адам (1,7%), 2024 жылы 679,1 мың адам (2,6%), 2025 жылы 685,8 мың адам (3,6%), 2026 жылы 692,9 мың адам (4,6%) болуы мүмкін.




Сурет 38– БҚО бойынша халық саны болжамы

Ескерту: GRETL бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Жасалынған болжамға сәйкес, Қостанай облысының халық саны алдыңғы 5 жылда салыстырмалы түрде тұрақты болып қалып, өзгеріс бола қоймайды. 2022-2026 жылдар арасындағы жалпы өсім -0,1%-ды құрайтын болады, яғни 2026 жылы халық саны 863 мың адамға жетеді. Ал осы облыс бойынша өткен жылмен салыстырғандағы жыл сайынғы өсім көрсеткіші кері санға (-0,1%) тең. Әрине, -0,1% қауіп төндіретіндей көрсеткіш емес, дегенмен 5 жылдағы халық санының бір деңгейде қалғаны да ауыз толтырып айтарлықтай жетістік емес.




Сурет 39 – Қостанай облысы бойынша халық саны болжамы

Ескерту: GRETL бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Павлодар облысы бойынша халық саны болжамы бойынша 2026 жылға қарай тұрақты түрде өзгеріссіз қалып отырады. Яғни алынған кезең басындағы халық саны 751 мың адам болса, ол кезең соңында 754,3 мың адамға жетуі мүмкін. Бұл жағдайда 5 жыл ішінде облыс халқы 3,2 мың адамға көбейіп, оның деңгейі 0,4%-ды құрайды. 2021 жылдан бастап 2026 жылға дейінгі өткен жылмен салыстырғандағы жыл сайынғы өсім көрсеткіші шамамен 0,1%-ға құрайды.




Сурет 40 – Павлодар облысының халық санының болжамы

Ескерту: GRETL бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Солтүстік Қазақстан облысы халық саны болжамы қарастырылған облыстардың арасында ең негативті көрсеткіштерге ие болып отырған аймақ болып табылады. Сонымен, осы облыс бойынша 2021 жылғы халық саны 543,7 мың адам болса, болжам бойынша ол 2026 жылы 526,9 мың адам болуы мүмкін. Бұл жағдайда 5 жылдағы өзгеріс -16,8 мың адам, яғни -3,2%-ды құрайды. Осы кезең аралығындағы өткен жылмен салыстырғандағы жыл сайынғы өзгеріс шамамен -0,6%-ға жетеді. Болжам деректері бойынша 2022 жылы 2021 жылмен салыстарғанда СҚО халық саны -0,7%-ға кемиді екен. Алынған кезеңнің басындағы көрсеткішпен салыстырғанда 2023 жылы халық саны 536,4 мың адам (-1,4%), 2024 жылы 533 мың адам (-2%), 2025 жылы 529,8 мың адам (-2,6%), 2026 жылы 526,9 мың адам (-3,2%) кемитінін болжауға болады.




Сурет 41 – СҚО халық санының болжамы

Ескерту: GRETL бағдарламасы арқылы автормен құрастырылған

Сонымен, Қазақстан Республикасы мен оның демографиялық тұрғыдан депрессивті аймақтары халқынын саны болжамдары бойынша, егер жағдай бүгінгідей болып қала берсе Ақмола мен БҚО облыстарында халық саны орта есеппен алғанда шамамен 2,6%-ға жоғарылайды, бұлар төмен көрсеткіштер қатарына жатады. Қостанай және Павлодар облыстарында халық саны тұрақты деңгейде, өзгеріссіз болып қалады. СҚО облысында, керісінше, қарқынды түрде болмаса да халық санының төмендеуі болжанады.

Жоғарыда жасалынған ҚР мен оның депрессиві аймақтарының халық санының болжамына сәйкес, ҚР демографиялық саясатын іске асырудың алдағы тиімділігін аймақтардың демографиялық даму бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін белгілеу ретінде бағалауға болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қазіргі және болжамды демографиялық проблемалар жағдайында тууды арттыру, өлім-жітімді азайту және көші-қонды реттеуге бағытталған аймақтардағы демографиялық

жағдайларды жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мәселесі өзекті екенін атап өтуге болады. Осы шараларды халықтың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралармен ұштастыра отырып кешенді түрде жүзеге асыруға болады. Бұл іс-шаралар халық санын сақтауға және оны көбейтуге, жас құрамындағы құрылымдық өзгерістердің әсеріне байланысты әлеуметтік және экономикалық шығындарды азайтуға, елдің демографиялық дамуының қойылған мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының демографиялық тұрғыда депрессивті аймақтарындағы әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясатының теориялық, әдістемелік және тәжірибелік ерекшеліктерін зерттеу барысы төмендегідей қорытындыларды негіздеуге, ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік берді:

1. Демографиялық саясат пен аймақтардың демографиялық әлеуетін көтеру бойынша отандық және шетелдік зерттеулер, мақалалар мен ғылыми әдебиеттерге шолу жасау барысында әлем бойынша мальтузиандық теория, неомальтузиандық демографиялық түзету доктринасы, демографиялық өткел теориясы, екінші демографиялық өткел теориясы, институционалдық тәсіл, демографиялық вариативтілік және «пронатализм» теорияларының маңыздылықтары анықталды. Қазақстанның тарихи дамуы мен «балаға деген қажеттілік» менталдық ерекшеліктері және жүргізіп отырған мемлекеттік демографиялық саясатына талдау жасай келе, демографиялық вариативтілік және «пронатализм» теориялары қазақстандық жағдайға сәйкес келеді деген тұжырым жасауға болады. Жалпы теориялық-әдіснамалық талдау жасай келе, «демографиялық әлеуетті көтерудің мемлекеттік саясаты – бұл мемлекеттің халық санының оң бағытта өзгеру қарқынын сақтау, яғни туу көрсеткіштерінің өсуі, өлім-жітімнің азаюы, көші-қон үрдісін тиімді реттеу, елдегі тиімді жастық-жыныстық құрылымды сақтау, қалаулы және болжамды балалар санына әсер ететін факторларға әсер ету, өмірлік құндылықтар жүйесіндегі отбасы маңыздылығын арттыру, өзін-өзі сақтауды насихаттау сияқты іс-шараларды жүзеге асыруы болып табылады» деген анықтама ұсынылды.

2. Талдау Қазақстанның депрессивті аймақтарының демографиялық әлеуетінің төмендуі мәселелерін шешу үшін тек мемлекет ғана барлық құралдар мен мүмкіндіктер әлеуетіне ие екенін көрсетті. Мәселені халықтың табиғи қозғалысы режимін кем дегенде ұрпақтардың жай ұдайы өсіп-өну деңгейіне дейін өзгерту жолымен еңсеруге болады. Бұл деңгейге жетудің басты шарты Қазақстанның депрессивті аймақтарында туудың жиынтық коэффициентін кем дегенде бір отбасына 2,15 балаға дейін арттыру болып табылады. Сыртқы көші-қонды ынталандыру Қазақстанның депрессивті аймақтарының демографиялық әлеуетінің төмендеуін шеше алмай тұр. Осыдан келе, бала тууды арттыру Қазақстанның қазіргі заманғы демографиялық саясатындағы басты міндет болып табылады. Қазақстанның демографиялық саясатындағы маңызды міндеттер еңбекке қабілетті жастағы халықтың өлім-жітімін азайту, қазақстандық азаматтардың өмір сүру ұзақтығын арттыру, халықтың сырқаттанушылығын азайту, салауатты өмір салтын ұстануға ынталадыру және отбасылық қатынастардың рухани-адамгершілік құндылықтарын жаңғырту болып табылады.

3. Қазақстанның депрессивті аймақтарында демографиялық проблеманың шиеленісуі кең көлемде мемлекеттің мүдделерін қозғайды.

Отбасын әлеуметтік-материалдық қолдаудың арнайы шараларын жүзеге асыру, денсаулық сақтауды жаңғырту, салауатты өмір салтын ұстануға

ынталандыру, әлеуметтік ауруларға қарсы тұру бойынша Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы ҚР Үкіметінің осы бағытта жұмыс жасауына қуатты серпін берді.

4. Демографиялық дамудың аймақтық ерекшеліктері анықталды. Ол ерекшеліктер аймақтың этникалық құрамы, балаларға қажеттіліктің ментальдық ерекшеліктері, халықтың өмір сүру деңгейі, балалы отбасыларды қолдау бойынша жүргізіліп отырған мемлекеттік саясаттың тиімділігі және аймақтың әлеуметтік-экономикалық тартымдылығымен айқындалды. 2002 жылдан бастап елдің демографиялық жағдайы жақсы жаққа түзетіле бастады. Негізгі демографиялық көрсеткіштер бойынша оң нәтижелерге қол жеткізілді. Бұған халықтың қолайлы жас құрылымы да ықпал етті (1980 жылдары дүниеге келгендер ұрпақтар репродуктивті жасқа жетуімен байланысты). Жас құрылымындағы одан кейінгі өзгерістер кері әсер етеді, өйткені 1990-шы жылдары депопуляция кезеңінде туылған саны аз ұрпақ репродуктивті жасқа түседі. Сондықтан, Қазақстанның депрессивті аймақтарындағы демографиялық дамуындағы оң ілгерілеулер тұрақты болып табылмайды және таяу жылдары демографиялық құлдырауымен ауыстырылуы мүмкін. Мұның басты себептеріне, туу деңгейінің төмендеуімен қатар, көшіп кетушілер деңгейі де жоғары болып отыр. Соңғы жылдары қабылданып, іске асып жатқан «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» – «Серпін-2050», «Оңтүстіктен солтүстікке көшу» Мемлекеттік бағдарламалары солтүстік аймақтардағы демографиялық жағдайға жеткілікті деңгейде әсер етіп жатқан жоқ.

Мұндай жағдайда егер, бұл ретте демографиялық саясатты оңтайландыру жөнінде қажетті шаралар қабылданбаса, демографиялық даму векторының түбегейлі өзгеруіне қол жеткізу өте қиын болады. Қазақстанның демографиялық дамуындағы қол жеткізілген нәтижелер депрессивті аймақтарда әлі де проблеманы толығымен еңсеруге мүмкіндік бермей отыр. Қазақстанның депрессивті аймақтарында туу деңгейі ұрпақтардың орнын басу мәніне жетпей отыр және ұрпақты болу контингенттері санының сөзсіз төмендеуі, халықтың қартаюы жағдайы ықтималдығы өсуде. Осының бәрі қазіргі кезеңдегі демографиялық проблеманы шешуде мемлекеттің рөлін күшейту қажеттігін білдіреді.

5. Демографиялық әлеует, сыртқы қосалқы жүйелерінің функционалдық байланыстар жүйесі демографиялық әлеуетті іске асыру шарттарын қамтитын аймақтық әлеуметтік-экономикалық әлеуеттің құрамдас бөліктерімен анықталады. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін, демографиялық әлеуетті іске асыруға мүмкіндік беруге бағытталған әлеуеттер арасында өндірістік, әлеуметтік-инфрақұрылымдық, экологиялық, қаржы-бюджеттік әлеуетті атап өту қажет. Аймақ әлеуеттінің құрамдас бөлігі ретіндегі демографиялық әлеуеттің айрықша белгісі – басқа әлеуеттерді іске асыруға (пайдалануға) қажетті шарттарды қамтамасыз етеді. Оның «белсенді» компонентін құрайтын әлеуеттердің барлық қалған түрлерін «қозғалысқа келтіру» қабілеттілігіне негізделеді.

6. Қазақстан Республикасында демографиялық әлеуетті іске асырудағы қабылданған заңнамалық құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларды талдай отырып, осы салада біршама жетістіктерге қол жеткізілгені байқалады. Бірақ, қазіргі таңда, нақты демографиялық саясат қарастырылмаған. Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу жанама түрде іске асады, яғни халықтың денсаулығын жақсарту, балалы отбасыларды қолдау, тұрғын үймен қамтамасыз ету және миграциялық үдерістерді реттеу сияқты шараларды іске асыру арқылы болып табылады. Бірақ, бұл шаралар Қазақстанның депрессивті аймақтарындағы жағдайларды түзетуге қауқарсыз болып отыр. Себебі, бағдарлама мемлекеттік деңгейде қабылданып, оның орындалуы жергілікті атқарушы органдарға табысталады. Сондықтан, Қазақстанның әр аймағының ерекшеліктерін ескеретін жүйелі мемлекеттік бағдарламаны әзіреу қажеттілігі өзекті болып отыр.

7. Зерттеудің нәтижесі ретінде әрбір аймақ үшін тиімді мемлекеттік демографиялық саясатты қолдануға мүмкіндік беретін демографиялық жағдайы бойынша негізгі картаны ұсынатын Қазақстан аймақтарына R бағдарламасы ақылы кластерлік талдау жүргізіліп, оның әдістемесі әзірленді. Нәтижесінде аймақтардағы демографиялық әлеуетті бағалау барысында, негізінен, оңтүстік, батыс аймақтардағы жағдайға көңіл толарлықтай, ал солтүстік, шығыс, орталық аймақтардағы жағдай алаңдатарлық туындатып отыр. Бұл талдау барысында 4 кластерге, яғни, демографиялық депрессивті аймақтарға БҚО, СҚО, Қостанай, Павлодар және Ақмола облыстары кіріп отыр.

8. Деморгафиялық тұрғыдан депрессивті аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және табиғи жағдайларына талдау жасалынды. Талдау барысында демографиялық депрессивті аймақтарға, көбінесе, Ресеймен шекаралас мемлекеттер кіреді екен. Жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайы салыстармалы түрде республикалық деңгейден төменірек болып келеді. Бұл аймақтардан көшіп кету қарқыны жоғары, ал туу көрсеткіштері төмен екенін байқауға болады. Сонымен қатар, қарастырылып отырған аймақтарда (БҚО басқасы) орыс және басқа да еуропалық этностардың шоғарылануы жоғары.

9. Қазақстанның демографиялық саясатының бағдарламалау деңгейінде демографиялық жағдайды түзету бойынша көп жоспарлы басқару қызметінің әлеуеті қаланды. Қазақстанның қазіргі демографиялық саясаты әлеуметтік-материалдық бағытта дамыды. Еліміздің барлық аймақтарында балалы отбасыларды әлеуметтік-материалдық қолдау шаралары, сондай-ақ, әлеуметтік аурулар мен темекі шегу, алкоголизм, нашақорлықпен күрес жөніндегі арнайы шаралар тұрақты түрде іске асып жатыр. Елімізде дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қолдау мақсатында мәдени-ақпараттық сипаттағы іс-шаралар жүргізіле бастады, бірақ олар эпизодтық сипатқа ие және жалпы мемлекеттік болып табылмайды.

Сонымен қатар, Қазақстанның депрессивті аймақтарында демографиялық мәселелерді шешу халықтың демографиялық мінез-құлқының жағдайлары мен уәждемелерін негіздейтін қоғамдық өмірдің түрлі тараптарына әсер ететін қағидатты жаңа шараларды талап етеді.

Қазақстанның депрессивті аймақтарындағы демографиялық проблемаларды шешудегі мемлекеттің демографиялық саясаты әсерінің бағыттарын айқындаған қоғамның демографиялық дамуының объективті факторларының классификациясы нақтыланып, аймақтардағы демографиялық әлеуетке әсер ететін негізгі факторлардың құрылымдық моделі қалыптастырылды. Талдау нәтижесі, мемлекет тарапынан отбасын қолдау саясатын қайта қарастыруды талап етеді. Себебі, халықтың мемлекеттік қолдау саясатына сенімсіздігі байқалады. Қазақстандық менталитетке сай, халықтың біршама бөлігі баланы тек некеде ғана дүниеге алып келеді. Сондықтан, некеге тұруға байланысты жастар арасында оң нәтижеге алып келетін үгіттеу бағдарламасын қарастыру қажет. Халық санының өсуіне алып келуші негізгі фактор – туу көрсеткіші. Сондықтан, бір отбасында үш немесе одан да көп бала дүниеге келу үшін қажетті деңгейде отбасының жағдайын жасау қажет. Бұл, әрине, бірінші кезекте, отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайдын жақсаруға тіреледі. Осы кезекте, отбасының болашаққа сенімділігін арттыру мәселесі бірінші кезекке шығады.

Аймақтың халық санына әсерін Smart PLS бағдарламасы арқылы жалпы математикалық модельге салып қарастырып, оның нәтижелерін бірнеше әдістер арқылы тексерілді, ол бастапқы гипотезалардан біраз өзгеше болып шықты.

10. Зерттеу нәтижесінде Қазақстанның депрессивті аймақтарындағы демографиялық мәселелер ішкі қазақстандық және сыртқы өркениеттік факторлармен байланысты екені анықталды. XX ғасырдағы әлем елдеріне әсер еткен тарихи үдерістер, мысалы, секуляризация, әйелдердің эмансипациясы, мәдени революция, индустрияландыру және урбанизация әртүрлі дәрежеде қоғамның Батыста да, Шығыс блок елдерінде де, Қазақстан Республикасында да демографиялық мінез-құлықтарының өзгеруіне алып келді. Тұтыну саласының сапалық және сандық ұлғаюы, әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктер мен пайда табу тәсілдерін кеңейту заңды түрде әлеуметтік мінез-құлықтың жаңа стандарттары мен стереотиптеріне әкелді. Қоғамның әл-ауқатының өсуі, Батыс елдері халқының өмір сүру деңгейі мен сапасының артуы демографиялық мінез-құлық саласындағы әлеуметтік қажеттіліктердің түбегейлі өзгеруіне алып келді. Индивидуализм, материалдық әл-ауқат, жеке жайлылық пен бедел қағидалары қоғамдық өмірдің құндылықтары мен нормалары ретінде кеңінен таралды. Оларды іске асыруға әрқашан өзгеріп отыратын жаңа әлеуметтік жағдайлар ықпал ете бастады. Сонымен қатар, бұл жағдайда отбасы, ата-ана болу және балаға деген әлеуметтік қажеттіліктер экономикалық және рухани мағынада қақтығысқа түсіп, ығыстырылды. Бұл кейіннен Қазақстанның депрессивті аймақтарында отбасы институтының дағдарысына және бала туудың төмендеуіне алып келді. Демек, әлеуметтік-экономикалық факторлардан басқа, туудың төмендеуіне, отбасы институтының дағдарысы мен қоғам өміріндегі рухани-мәдени өзгерістер де жоғары дәрежеде ықпал ететіндігі нақтыланды. Әлеуметтік-дүниетанымдық плюрализм, жеке саладағы қоғамдық қатынастардың либерализациясы, отбасының дәстүрлі құндылықтарының трансформациясы нарықты кеңейту үшін маңызды шарт

болды. Ол демографиялық қажеттіліктерді әлсіретудің қуатты импульсі болып табылады. Неке, отбасы және бала туу саласындағы тұрақты құндылықты бағдарлардың және әлеуметтік мінез-құлық нормаларының болмауы отбасылық және репродуктивтік уәждеменің төмендеуінің ментальдық себептерін қалыптастыра отырып, демографиялық мінез-құлыққа ерекше әсер ететіндігі дәлелденді.

11. Қазақстан аймақтарының демографиялық әлеуетін көтеру бойынша мемлекеттік реттеу тетігі ұсынылды, ол реттеу әдістері, құралдары, субъектілері және объектілерінен тұратын күрделі жүйе болып табылады, сонымен қатар, аймақтарда қазақстандық мемлекеттік демографиялық саясатты жетілдірудің басым стратегиялық бағыттары ұсынылды. Демографиялық саясаттың тиісті қағидаттарын және қаржыландырудың жеткілікті деңгейін сақтай отырып, мемлекеттік билік органдарының реттеу субъектілеріне кешенді әсер етуінің нәтижесі халық санының тұрақтануы, өмір сүру сапасының артуы, халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығының ұлғаюына алып келуі мүмкін. Бұл ел халқы санын реттеуді іске асыратын саясаттың тиімділігін көрсететін болады. Зерттеу нәтижесінде, ұсынылған демографиялық саясатты жүзеге асыру бойынша Агенттіктің жұмысы демографиялық тұрғыдан депрессивті аймақтардағы халық санының төмендеуін тоқтатуға, «Оңтүстіктен солтүстікке көшу» Мемлекеттік бағдарламасын тиімді іске асыру және оны бақылауда ұстауға, халықтың репродуктивті денсаулығын нығайтуға, балаға деген қажеттілікке байланысты мінез-құлыққа әсер етуге, депрессивті аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға арналған іс-шараларды жүзеге асыруға арналған. Қазіргі кезде демографиялық депрессивті аймақтарда орын алған келеңсіз жағдайларды ары қарай өршітіп алмас үшін бұл жағдайды реттеу шараларын тезірек қолға алу керек. Ал, егер, бұл проблеманың алдын алмаса, оның арты бүкіл мемлекеттік деңгейде орын алуы мүмкін.

12. Зерттеу барысында Қазақстан мен оның депрессивті аймақтарындағы халық санына Gretl бағдарламасы арқылы қысқаша мерзімді болжам жасалынды. Қазақстан Республикасы мен оның демографиялық тұрғыдан депрессивті аймақтары халқының саны болжамдары бойынша, егер жағдай бүгінгідей болып қала берсе Ақмола мен БҚО облыстарында халық саны орта есеппен алғанда шамамен 2,6%-ға жоғарылайды, бұлар төмен көрсеткіштер қатарына жатады. Қостанай және Павлодар облыстарында халық саны тұрақты деңгейде, өзгеріссіз болып қалады. СҚО облысында, керісінше, қарқынды түрде болмаса да халық санының төмендеуі болжанады.

Жасалынған ҚР мен оның депрессиві аймақтарының халық санының болжамына сәйкес, ҚР демографиялық саясатын іске асырудың алдағы тиімділігін аймақтардың демографиялық даму бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін белгілеу ретінде бағалауға болады.

Қазіргі және болжамды демографиялық проблемалар жағдайында тууды арттыру, өлім-жітімді азайту және көші-қонды реттеуге бағытталған аймақтардағы демографиялық жағдайларды жақсарту жөніндегі іс-шараларды

жүзеге асыру мәселесі өзекті екенін атап өтуге болады. Осы шараларды халықтың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралармен ұштастыра отырып кешенді түрде жүзеге асыруға болады. Бұл іс-шаралар халық санын сақтауға және оны көбейтуге, жас құрамындағы құрылымдық өзгерістердің әсеріне байланысты әлеуметтік және экономикалық шығындарды азайтуға, елдің демографиялық дамуының қойылған мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді.

Елдің демографиялық әлеуетінің төмендеуі жағдайында Қазақстандағы қазіргі демографиялық саясатты жетілдірудің басым бағыты оның мемлекеттік стратегиясын әзірлеу болып табылады. Қазақстанның мемлекеттік демографиялық саясатының стратегиясын әзірлеудің базалық қағидаты оған кешенді басқарушылық ықпал етуді қалыптастыру мақсатында мемлекеттік демографиялық саясат объектісінің негізгі ерекшеліктерін толық ашуға мүмкіндік беретін демографиялық мәселені талдауға жүйелі көзқарас болуға тиіс.

Осылайша, Қазақстан аймақтарының демографиялық мәселелерінің күрделілігі мен жүйелілігін, елдің қауіпсіздігі мен прогрессивті дамуын қамтамасыз ету үшін демографиялық фактордың айқындаушы, тағдыршешті мәнін ескере отырып, мемлекеттік саясаттың жеке дербес түрі ретінде Қазақстанның мемлекеттік демографиялық саясатын қалыптастыру қажеттілігі айқындалды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасы Президенті – елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

2 Сагидолда Н. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарына дейінгі халық саны мен құрамының өзгеру ерекшелігі // Материалы международной научно-практической конференции «Повышение эффективности социально-экономической деятельности государства и международных отношений в условиях обеспечения конкурентоспособности Казахстана». - Алматы: «Print master», 2019. - С.263-269.

3 Галецкий В. Демографическое развитие и его социально-экономические последствия [Electronic resource]. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/demograficheskoe-razvitie-i-ego-sotsialno-ekonomicheskie-posledstviya/viewer (05.04.2019).

4 Медков В.М. Демография: Учебник. 2-е изд. – М.: ИНФРА-М, 2007. – 683 б.

5 Слепцова Е.В. Разработка методического обеспечения формирования региональной демографической политики: Автореф. дис. ... канд. экон. наук. Кубан.гос.университет. Краснадар. – 1995.

6 Сукнёва С.А., Мостахова Т.С. Демографическое развитие региона: оценка, прогноз, политика / С. А. Сукнева, Т. С. Мостахова. – Новосибирск. Издательство Сибирского отделения РАН, 2002. – 192 с.

7 Niemets L., Guseva N., Segida K. Demographic potential as the basis for social and economic development // Економічний Часопис - XXI. Інститут трансформації суспільства, 2015. – № 3-4(1). – С. 93-96.

8 Сагидолда Н. Қазақстан Республикасы және әлем елдері бойынша демографиялық саясатты салыстырмалы түрде талдау // Central Asian Economic Review. - АО Университет Нархоз. - Алматы: ТОО «Фартуна Полиграф», 2018. - №5-6.-С.210-220.

9 Мальтус Т. Опыт о законе народонаселения // Антология экономической классики. – М.: Эконов. 1993. – т. 2. – С.486.

10 Демографический энциклопедический словарь / Глав.ред. Д.И. Валентей. – М. «Советская энциклопедия». 1985. – С. 237.

11 Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. 2-е издание. – Москва, 1960. – т. 23. 646 с.

12 Бертильон Ж. Статистика движения населения во Франции // СПб НП Карабасников. 1889.

13 Landry A. La révolution démographique: études et essais sur les problèmes de la population. INED, 1982. – 270 p.

14 Капица С. Парадоксы роста: Законы глобального развития человечества / Сергей Капица. – 2-е изд., доп. и перераб. – М.: Альпина Паблишер, 2012. – 208 с.

15 Белобородов И.И. Перенаселение или грядущее вымирание? Мировые демографические тенденции // Институт Демографических Исследований. 2011. № 12. [Electronic resource] - URL:http://demographia.ru/articles_N/index.htiril?idR=23&idArt=l 973

16 Lesthaeghe R., Van de Kaa D.J. Twee demografische transities // Bevolk. Groei En Krimp. Van Loghum Slaterus Deventer, 1986. – P. 9-24.

17 Lesthaeghe R. The Unfolding Story of the Second Demographic Transition // Popul. Dev. Rev. 2010. – Vol. 36, № 2. – P. 211-251.

18 Клупт М.А. Демография регионов земли. – СПб.: Питер. 2008. – Б. 311.

19 Демография и статистика населения: Учебник / ИИ Елисеева. Э.К. Васильева, М.А. Клупт и др.: Под ред. ИИ.Елисеевой. – Москва. Финансы и статистика. 2006. – С. 489.

20 Качалкин В.М. Институциональный подход к формированию государственной демографической политики // Государственное регулирование общественных отношений. - 2013. - №3. [Electronic resource]. - URL: http://gosreg.amclis.ru/index.php/2012-10-14-12-16-58/142-2013-l 1-11-07-34-14 (16.02.2019).

21 Багдасарян В. Э. и др. Государственная политика вывода России из демографического кризиса //СС Сулакшина. М.: Экономика, Научный эксперт. – 2007.

22 Helgeson A. Demographic Policy // Soviet Policy for the 1980s / ed. Brown A., Kaser M. London: Palgrave Macmillan UK, 1982. – P.118–145.

23 Filipov D., Dorbritz J. Demographic Consequences of Economic Transition in Countries of Central and Eastern Europe. Council of Europe, 2003. – 208 p.

24 Бондаренко Н. Борьба за права женщин в России зачастую являлась прикрытием преступной деятельности по снижению рождаемости в стране // Экспертная сеть по вопросам государственного управления. 2012. [Electronic resource]. - URL: http://www.gosbook.rn/node/58692 (22.01.2019).

25 Zimmerman S. Understanding Family Policy: Theories and Applications. SAGE, 1995. – 297 p.

26 Архангельский В. Репродуктивные ориентации и демографическая политика // Федерализм. – 2006. – № 4(44). – С. 47-59.

27 Антонов А.И. Демографический кризис России и безотлагательность пронатализма // Фонд исторической перспективы. - 2007. [Electronic resource] - Сайт Фонда Исторической Перспективы ФИП–Режим Доступа Httpwww Perspekt. Inforusdemodemograficheskijkrizisrossiiibezotlagatelnost Pronatalizma2007-03-16 Htm. 2007. (09.02.2019).

28 Пирожков С.И., Лукінов И.И. Трудовой потенциал в демографическом измерении. – Наукова думка, 1992.

29 Эдиев Д.М. Демографические потенциалы: Теория и приложения. – М.: МАКС Пресс, 2007. – 348 с.

30 Ягельский А. География населения. – М.: Прогресс, 1980. – С.106-112.

31 Стешенко В.С. Потенциальная демография // Народонаселение. Энциклопедический словарь / Гл. ред. Г.Г. Меликьян. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1994. – С.341-342.

32 Фильрозе Э. Очерк потенциальной демографии. – М.: Статистика, 1975. – 216 с.

33 Воевода И.Н., Терещенко О.В. Потенциал городов (методы статистического изучения) / И.Н.Воевода, О.В.Терещенко. – Новосибирск. "Издательство Новосибирского университета". – 1991. – 175 с.

34 Большой энциклопедический словарь / А.М.Прохоров. – Москва. "Советские энциклопедии". 1991. – т. 1. – 862 с.

35 Сапарбек Н.К. Демографический потенциал региона [Electronic resource]. 2013. URL: https://be5.biz/ekonomika1/r2013/4152.htm (05.04.2019).

36 Римашевская Н.М. О методологии определения качественного состояния населения // Качество населения. Демография и социология. Москва. – 1993. – №6.– С. 7-21.

37 Fehr H., Jokisch S., Kotlikoff L. The Developed World's Demographic Transition - The Roles of Capital Flows, Immigration, and Policy: w10096. National Bureau of Economic Research, – 2003.

38 Качалкин В.М. Приоритетные направления совершенствования демографической политики в России [Electronic resource]. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/prioritetnye-napravleniya-sovershenstvovaniya-demograficheskoy-politiki-v-rossii/viewer (05.04.2019).

39 Рахметова Р.У. Қазақстан демографиясы. Астана: Тұран-Астана, 2019. 140 б.

40 Абенова К.А. Қазақстанның демографиялық дамуының экономикалық механизмдері / Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. : 6D050600- Экономика. –Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті. – Алматы: 2014. –133 б.

41 Алексеенко А.Н. Этнизация и традиционализация социально-политического пространства Казахстана [Electronic resource]. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/etnizatsiya-i-traditsionalizatsiya-sotsialno-politicheskogo-prostranstva-kazahstana/viewer (15.04.2019).

42 Зозуля Т.Н. Демографическая политика как важнейший фактор обеспечения стабильности и безопасности государства // Вестник ПГУ. – Павлодар: "Павлодарский государственний университет", 2010. – №1. – С.26-32.

43 Асылбеков М.К., Козина В.В. Демографические процессы современного Казахстана. – Алматы: Ата-Мура, – 1995. – 136 с.

44 Асылбеков М.Х., Козина В.В. Народонаселение Республики Казахстан в условиях суверенитета. – Алматы. – 2009. – с. 114.

45 Татимов М.Б. Демография и суверенитет. – Алматы: Жеты жаргы, – 1999.

46 Сдыков, М.Н. История населения Западного Казахстана / М.Н. Сдыков. – Алматы " Западно-Казахстанский обл. центр истории и археологии", – 2004. – 405 с.

47 Алексеенко А. Н. Народы Восточного Казахстана. Усть-Каменогорск: ТОО «Офест», – 1994. – 52 с.

48 Козина В.В. Население Центрального Казахстана (конец XIX в. - 30 - годы XX в.). – Алматы, 2000. – 144 с.

49 Жумасултанов Т. Народ Казахстана: современное состояние демографического и социального развития (сбор, анализ, комментарии). г.Алматы: ТОО “Казстатинформ,” 2012. 230 р.

50 ЗвереваН.В. Демографический переход: спор о теориях разного уровня [Electronic resource]. 2015. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/demograficheskiy-perehod-spor-o-teoriyah-raznogo-urovnya/viewer (25.04.2019).

